

Республикалық оқу-әдістемелік журнал  
Республиканский учебно-методический журнал

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40,  
«7 континент» БО, 15-қабат.  
Тел.: 8 (7172) 65-75-87

Журнал ҚР Мәдениет және спорт  
министрлігінің есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы  
№ 9909-Жеке есепке қою туралы куәлік.  
Жазылу индексі – 75289.



# Қосымша білім және тәрбие

№ 7 шығарлым 2023 жыл



e-mail: [kosymsha20@bk.ru](mailto:kosymsha20@bk.ru)



8(7172) 64-75-87

E-mail: [kosymsha20@bk.ru](mailto:kosymsha20@bk.ru)

Өзін-өзі басқару – саналы азамат қалыптастыру негізі <b>Ақмырзаева Г.Е.</b> .....	2	Отбасындағы тәрбиенің бала өміріндегі рөлі <b>Өтеуов Н.Ғ.</b> .....	66
Өзін-өзі басқару – өзін-өзі даярлау <b>Арапбайұлы А.</b> .....	6	Шиелі ауданы топонимдерін өлкетану бағытында оқытудың мәні <b>Рүстембек Ғ.А.</b> .....	68
Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік <b>Бусариева А.Ө.</b> .....	6	Мектеп парламенті көшбасшыларды тәрбиелеуде <b>Сағымбаева Д.Ш.</b> .....	73
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң! <b>Әбілханова А.Ә.</b> .....	7	Бабаларды толғантқан бала қамы <b>Сарымсақова К.Ұ.</b> .....	75
Мектеп оқушыларының мектеп парламенті – өзін-өзі басқару ұйымының негізі <b>Жанқушева Р.С.</b> .....	13	Мектеп парламенті мүшелері-кемел келешектің көшбасшылары <b>Саттарбек А.С.</b> .....	76
Бар арманым-халқыма қызмет ету <b>Кәрібоз Д.</b> .....	16	Мектеп парламенті – мектептің жаршысы <b>Сейдахметова Е.Қ.</b> .....	81
«Мектеп парламенті» жобасының нәтижелі жұмыстары <b>Тоқтықбаева Ғ.</b> .....	17	Мектеп парламенті болашаққа бастайды <b>Сейітгова Н.С.</b> .....	83
Мектеп тынысындағы мектеп парламентінің рөлі <b>Тұрғанова Ж.Ж.</b> .....	19	Парламент тынысы... <b>Сыздықов А.Б.</b> .....	84
Шын жүректен, мың алғыс! <b>Кенжалиева К.К.</b> .....	20	<b>Құндылыққа тәрбиелеу - басты мақсат</b> <b>Тоқшылықова А.К.</b> .....	85
<b>Мектеп парламенті ерекше балалармен</b> <b>Шахаева Ж.І.</b> .....	23	Парламент тынысы <b>Төлепбергенова А.</b> .....	88
Мектеп тынысы – жан-жақты істер ұйытқысы <b>Аймағанбетова Ж.</b> .....	24	Біздің студия <b>Турегелдиев А.А.</b> .....	89
Ақылды бейсенбі <b>Айтмағанбетова А.Ж.</b> .....	26	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы <b>Ұзақова Г.С.</b> .....	93
Мектеп парламенті-жарқын болашақ көшбасшылары <b>Аманбаева А.А.</b> .....	28	Балалар шығармашылық үйі негізінде жазғы демалыстың тәрбие кеңістігін жобалау стратегиясы <b>Әділбаева С.Қ.</b> .....	95
Мектебіміздегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс шеңбері <b>Бақыт Ғ.Қ.</b> .....	30	Тарих пәндерінде АКТ-ны қолданудың тиімділігі <b>Егембердиев К.А.</b> .....	97
Мектеп Парламенті мүшелері-кемел келешектің көшбасшылары <b>Батимова Г.К.</b> .....	32	Ортекемен күй орындау өнерін үйрену <b>Көшербаева Г.О.</b> .....	100
Мектеп Парламенті мүшелері-кемел келешектің көшбасшылары <b>Бейісова Г.С.</b> .....	35	Формирование и организация начального этапа обучения игры на аккордеоне <b>Мазманова Д.В.</b> .....	103
Мектеп парламенті-оқушылардың өзін-өзі басқаруы және өзара әрекеттер үйлесімділігі <b>Бекетова Д.</b> .....	39	Пластикалық қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу проблемасы <b>Махмұт А.Ж.</b> .....	106
Қызылорда медициналық жоғарғы колледжі <b>Бериков Е.Б.</b> .....	40	Қобыз аспабының даму жолдары <b>Танжарикова У.К.</b> .....	108
Өзін-өзі басқару әлемді басқаруға апарар жол <b>Бүршікова А.Б.</b> .....	42		
Мектеп ісін жандандырушы ұйым <b>Ержанова Б.А.</b> .....	43		
Кемел келешектің көшбасшылары - мектеп парламентінде <b>Еришова Ж.</b> .....	44		
Шарықта атамекен қырандары <b>Жүсіпбекова А.</b> .....	45		
Өзін-өзі басқару: Саналы азамат қалыптастырудың негізі <b>Жүсіпова С.М.</b> .....	49		
Мектеп парламенті – тәрбиенің ажырамас бөлігі <b>Жұмабекова Б.М.</b> .....	51		
Жүрегі жырдан жаралған <b>Ибрагимова Д.Д.</b> .....	53		
Өзін-өзі басқару – адамның қоғамдық өмірінің негізі! <b>Қалданова М.Р.</b> .....	59		
Мектеп парламенті- белсенді оқушылар келбеті <b>Құдымбетова Қ.А.</b> .....	61		
Мектеп парламенті жобасының білім алушылардың ішкі әлеуетін дамытуға ықпалы <b>Меңдібаева А.М.</b> .....	65		



## «ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУ – САНАЛЫ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ»

**Ақмырзаева Гүлайым Ермекбайқызы**  
**Қызылорда облыстық оқу орталығының бөлім меңгерушісі**



Мектептегі «Өзін-өзі басқару» жобасының миссиясы, оқушылар арасында мәдениетаралық түсіністік, үздіксіз білім мен тәрбие алуға және жоғары адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған зияткерлік қоғам құруға үлесін қосу. Мектеп парламентінің миссиясын түсінген оқушылар толерантты әлем құруға бағыттайтын және үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін адами капиталы мол жаһандық азамат болуға талпынады. Осы мақсатты іске асыру барысында Қызылорда облысы бойынша білім беру ұйымдарында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар оқушы қажеттілігіне қарай іске асырылып, облыс бойынша 300-ге білім беру ұйымында мектеп парламенті жұмыс жасайды. Мектеп парламентінің жобаларына қатысу арқылы оқушылар қамқор болу, танымдық іс-шаралар жүргізу, жұмыстарды үйлестіру, оқушылар

қауымдастығымен жұмыс жасау, толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білуге бағытталған шараларды жоспарлап ұйымдастырды.

Өңірімізде мектеп парламенті жобасын іске асыру тәрбие мамандары мен білім беру ұйымдары директорының тәрбие орынбасарларына арналған облыстық онлайн семинар ұйымдастырудан басталды. Облыстық шараға ат салысқан белгілі тәрбие мамандары «Балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру жолдары», «Парламент – оқу тәрбие процесінің кешенді көмекшісі», «Өзін өзі басқару – саналы азамат қалыптастыру негізі», «Мектеп парламенті. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстарын дамыту» тақырыптарында оқушыларға кеңінен таныстыру жұмыстарын жүргізуде.

Оқушылардың тең құқығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделіп құрылған мектеп парламентінің алғашқы шаралары облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде мектеп парламенті сайлауын өткізу комиссиясының төрағасы, № 261 мектеп оқушысы Нұрсұлтан Мейрамбекұлы тікелей эфирде есеп беруімен жалғасты. Білім беру ұйымдарында «Мектеп Парламенті» жобасы парламентке фракция мүшелерін сайлау үшін арнайы ереже бекітіп, кандидаттар өтініш беру кезеңінен өтті. Одан кейін үміткерлерге үгіт-насихат жұмыстары үшін уақыт берілді. Сайлауды өткізу комиссиясы құрылып, ұйымдастыру жұмыстарында оқушылар алдағы сайлау науқанына дайындық жұмыстарын жүргізіп, депутаттыққа үміткерлер сайлау алды бағдарламаларын ұсынды. Мектептерде ұстаздармен оқушылардың арасында кеңінен түсінік жұмыстары жүргізілді, одан кейін арнайы іс-шара жоспары жасалып, мектептегі түрлі қоғамдық ұйымдардан осы мектеп парламентінің президентігіне үміткерлер ұсынылды.

Оқушыларға осындай жауапкершілікті жүктеген мектеп парламентінің алғашқы отырыстары өткізіліп, депутаттар мектеп президентінің алдында ант беру рәсімінен өтті.

Өз мектебінің гүлденуіне үлес қосуға ниеттенген парламент мүшелері: «Өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерді адал атқаруға, мектебіміздің бірлігі мен ынтымақтастығын сақтауға, ішкі ережелер мен тәртіптерді берік ұстанамын» – деп ант берді. Бұл рәсім өз кезегінде оқушыларға үлкен жобаларды іске асыруға жол ашты.

Мектептегі парламент жұмысы, мектеп оқушылары арасынан оқушылар Президентін сайлау, жобаларды жоспарлау, іске асыру шараларымен жалғасты. Содан бері облыс бойынша мектептерде «Мейірімге толы жүрек» «Қайырымдылықпен қадам басамыз» акциялары, «Отбасы – мейірім ұясы» «Жақсылық жасауға ұмтыл», «Біз және болашақ», «Оқуға құштар Ұлан», «Бабалар Үні» тақырыбында челленджер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылардың өлкетанулық білімін және тарихи-археологиялық танымын арттыру мақсатында «Ата қоныс - алтын мекен» тақырыбында онлайн форматта музей сағаттары ұйымдастырылып, онлайн саяхаттар өткізілді. Мектептердегі өзін-өзі басқару ұйымдары алғыс айту, отбасы күндеріне орай түрлі акциялар аясында мектеп ұстаздарына, қарттарға, түрлі мамандық иелеріне ашық хаттар жолдау апталығын өткізді. «Жүгір және тазала» плоггингі мен «Өз ағашыңды отырғыз» акциясы оқушылардың сүйікті істеріне айналды. «Ақылды бейсенбі» жобасында парламент мүшелерінің жұмыс жоспарлары таныстырылып, оқушылар үні тыңдалады. Осы орайда мектептерде «Парламент тынысы» жобасы іске асып келеді. Жоба аясында «Еңбек», «Эрудит», «Ақпарат» кеңестері жұмыс жасайды. Жобаларды жан-жақты дамыту мақсатында онлайн форматта мәдени шаралар, ZOOM платформасы арқылы жиналыстар, онлайн ақпараттық сабақтар, танымдық сабақтар өткізіліп, мектеп парламенттерінің атқарып жатқан шаралары инстаграм, фейсбук желілерінде насихатталып отыр. Мектеп парламентінің мүшелері халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бақытты бала-бақытты ел» шарасын өткізуді дәстүрге айналдырған.

Сонымен қатар, мектеп парламентінің мүшелері білім беру ұйымдарындағы «Жасыл мектеп», «Отбасылық тәрбие», «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры» жобаларында белсенділік танытып, іске асыруға үлес қосып жүр.


Мектеп парламенті – білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны екендігін ескерсек.... Жаңа оқу жылында Сыр ұландарының алдында:

- Интернет-тәуелділіктің, кибербуллингтің және құмар ойындардың алдын алу шараларын ұйымдастыру;
- Оқушылар арасында экологиялық мәдениетін қалыптастыру;
- Интеллектуалдық даму, зерделі түрде алдына нақты мақсат қоя білу дағдыларын қалыптастыру;
- Волонтерлік қызметті дамыту;
- Денешынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру;
- Мектеп қабырғасынан кәсіби мамандыққа бағдар беру, еңбекке деген құрметті сіңіру;
- Құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағыттарында тың жобалар іске асыру міндеттері тұр.

Ендеше қоғамның алға басуы - жастарды білім мен тәрбие арқылы дамытуға, жаңаша ойлауға, бәсекеестік жағдайында іскерлікке үйретуге байланысты екені анық. Сондықтан өңіріміздегі мектептерде өзін-өзі басқару мәселесіне ерекше көңіл аударылып, нәтижелі жобалар іске асырылатын болады.



### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗУ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



### МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ӨҢІРЛІК ПРЕЗИДЕНТТЕРІ

Арал ауламы  
Сигитат Оза

Қатана ауламы  
Нұрлынкылы Мәмет

Курманкылы ауламы  
Төлегенов Дай

Жалыган ауламы  
Ершова Назим

Сырдарим ауламы  
Мұхтар Ібр

Ширелі ауламы  
Жамбайева Мәмет

2022-2023 жылы сайланған өңірлік президенттер



Жамбайева ауламы  
Жамбайева Назим

Қатанырза калыевы ауламы  
Ауырбеков Аманжол

Қатанырза калыевы  
Калиева Карина

Қатанырза калыевы  
Жамбайева Эльмира

Қатанырза калыевы  
Ербай Нұрмухаммед



## **«ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ – ӨЗІН-ӨЗІ ДАЯРЛАУ»**

**Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті  
Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейінің ата-аналар төрағасы  
Арапбайұлы Арман**

Мектеп Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде есепке алады. Жалағаш кентінде орналасқан іргелі білім ордасы, әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейінде Оқушылар парламентін құру білім беруді дамытудың арнайы 2020-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша жүзеге асты. Бұл жұмыс біздің мектебімізде 2021 жылдың ақпан айында басталды. Оқушылар Парламенті біздің мектепте 6 министрлік бойынша жұмыс жасап жатыр. «Құндылыққа негізделген мектеп» білім беру жоба аясында әр айды құндылыққа негіздеп, түрлі шаралар жүргізілуде. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көптеген көркем шығарманы оқып, насихаттауға бағытталған әр түрлі әлеуметтік жобалар қолға алынды. Аз уақыттың ішінде біздер де біршама жұмыстар жүргізіп, «Әлеуметтік желілерде» парақшалар ашып, жасаған жұмыстарымызды жариялап отырмыз. Атап айтсам, көктемгі көгалдандыру тұсында Мектеп парламенті аллеясына ағаш отырғызудан бастап, сол жерді өз қамқорлығына алды. «Ақылды бейсенбі», «Кедергісіз кеңістік», «Сұрағым бар», түрлі сұхбаттар, кездесулер, спорттық ойындар жүргізілді.

Бұл өзін-өзі басқару ұйымының жұмысының маңыздылығы оқушылар парламенті мен мектеп әкімшілігі арасындағы алтын көпір іспеттес. Білім алушыларға осы жұмыс арқылы өз бастамаларын жүзеге асыруға, идеяларымен бөлісуге, көшбасшылықты дамытуда және ұстаздарының қолғанаты болуға мол мүмкіндік бар. Бұл оқушыларға берілген зор жауапкершілік, құрмет пен сенім деп білемін. Парламент мүшелері – ұстаздарын қадірлейтін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін, ұлттық құндылықты дәріптейтін, ұлттық қадір – қасиетімізді арттыруға үлес қосатын саналы тұлға және өз мектебі үшін үнемі тер төге қызмет ететін оқушы. Сондықтанда оқушыларымыз жан-жақты болуы үшін, мектеп парламентінің рөлі жоғары, балалар өз-өздерін басқару арқылы үлкен өмірге қадам басады.

## **«БУЛЛИНГ, КИБЕРБУЛЛИНГ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСЕЙІК»**

**Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылы  
№ 188 орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі  
Бусариева Аида Өмірбекқызы**

«Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқыны ұрпақтың санасын улап жатыр. Бір сәттік танымалдылықты көксейтін тамырсыз идеялар жапшай белең алуда. Бұл – аса қатерлі үрдіс». Кибербуллинг құрбандары Қазақстанда күннен-күнге көбейіп барады. Еліміздегі 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жеткіншек кибербуллингтің құрбанына айналады екен. Ғаламторда отырған баланың жеке басына тиісу, түр-тұлғасын кемсітіп, ар-намысын қорлау, аяққа таптау, одан қалды қарғап-сілеудің салдары одан да қорқынышты. № 188 орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі А.Бусариеваның ұйымдастыруымен «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында мектеп парламенті оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

«Буллинг мектеп оқушылары арасында ғана болады» деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, кез келген жастағы адам үйде, көшеде, жұмыста, оқу орнында, қысқасы, барлық жерде буллингпен ұшырасуы мүмкін. Буллингтің негізгі төрт түрі бар. Олар: сөзбен қорқыту, күшпен қорқыту, реляцион түрі және кибернетикалық буллинг.

Кездесу барысында қорқытудың кибербуллинг деп аталатын түрі адамдардың жиі ұшырасатындығын және одан қорғану шараларын түсіндірді.

Кибербуллинг – бұл саңдық технологияны қолдану арқылы қорқыту және қудалау. Ол әлеуметтік желілерде, хабар алмасу қосымшаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Оның мақсаты қудаланғандарды қорқыту, ашуландыру немесе масқаралау.

Мысалы:

- жалған ақпарат тарату немесе әлеуметтік желілерде біреудің әдепсіз фотосуреттерін орналастыру;

- хабар алмасу платформалары арқылы хабарламалар жіберу;

- басқа адамның атынан әдепсіз хабарламалар жіберу.

Шын өмірде қудалау мен кибербуллинг көбіне бір уақытта болуы мүмкін.

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есіңде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.

Буллингтің күш көрсету арқылы жүретін түрі адамның тәніне зиянын тигізеді, оның дүние-мүлкіне зардап әкеледі. Мәселен, иықпен қағып өту, ұру, төбелесу осы қатарда. Әдетте буллинг басқалай басталып, ақыр соңында күш көрсетуге алып келеді. Күш көрсету – өлімге апаруы мүмкін өте қауіпті буллинг түрі.

## ӨЗІҢ, БАРДА ӨЗЕГІМДЕ ЖОҚ ШЕР МҰҢ!

Ұ.Қараманов атындағы № 262 мектеп-гимназиясы,  
5 ә сыныбының жетекшісі  
Әбілханова Ақжайнақ Әбілханқызы



**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға Қазақстан Республикасы туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру. Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету, оқушыларды өз елін сүйуге, қастерлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге бауду, өз ана тілін сүйуге, әдемі сөйлеуге үйрету. Оқушыларға тәуелсіздіктің ұғымы түсіндіру. Еліміздің егемендік алғанынан бері жеткен жетістіктерін жеткізу.

**Тәрбиелік:** Өз елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, қорғауға бауду.

**Көрнекіліктер:** желтоқсан қаһармандарының суреттері, ҚР рәміздері, бейнебаян, слайд.

1-Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі қуанышы мен қайғысы бір тарихта қалған, бар қазақтың қабырғасын қайыстырған үлкен оқиғалардың бірі – Желтоқсан

оқиғасымен байланысты тәуелсіздікке арналған «Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!» атты ашық тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз!

2-Жүргізуші:

Тұрса да биік өр басың,

Қазаққа бақыт орнасын.

Сексен алтыншы жылғыдай,

Желтоқсан желі болмасын!

1-Жүргізуші:



Күн кешіп лапылдаған жастарым,  
Дүрліктіңді желтоқсанның аспанын.  
Жерді, дінді, тілді, баба дәстүрін  
Қорғау үшін көтерді олар бастарын.  
2-Жүргізуші:

Шайқалмасын ешкімнің шаңырағы,  
Бақыт көрсін Отанның сан ұланы.  
Енді ағайын, көгіңде қалықтасын,  
Қазағымның қастерлі – Әнұраны!  
(ҚР әнұраны орындалады)

1-Жүргізуші: Бүгінгі мерекелік іс-шара тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ жастарының өшпес ерлігіне арналады. Алматыда 1986 жылғы желтоқсан айында болған оқиға Қазақ халқын ғана емес, сол кездегі бүкіл Кеңес елінің санасын ұйқыдан оятқан еді. Осы қанды оқиғаға қатысқан 16 мен 20 жас аралығындағы жас студенттер еді. Бұл қасіретті күнді, оқиғаны ешбір қазақ азаматы ұмыту мүмкін емес! Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова, С.Мұхамеджанқызы, Е.Сыпатаев сынды жүздеген, мыңдаған жастардың қанатын қиып түскен озбырлық күн еді. Желтоқсан құрбандарына тағзым етіп, еске алу – біздің парызымыз. ( Бір минут үнсіздік)

2-Жүргізуші: Енді сол 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына көз жүгіртіп көрелік. (Сахнаға атасы мен немересі келіп отырады. Атасы құран бағыштайды.)

Немересі: Ата, кімдерге құран бағыштап жатырсыз? Қыршыннан қиылған боздақтар дегеніңіз кімдер?

Атасы: Ееее балам, осы тәуелсіз, бейбіт күнге жетуіңе себепкер болған боздақтарға бағыштадым. 16 желтоқсан қуанышы мен қайғысы қатар келген ұлы күндердің бірі жақындап қалды.

Немересі: Ата, желтоқсан оқиғасы деген не? Толығырақ айтып бересіз бе?

Атасы: Ендеше мұқият тыңда балам!

**ЖЕЛТОҚСАН** (оқушылар мәнерлеп оқып шығады, жарық өшіріледі)

1-оқушы

Алтыныңды айырбастап қолаға,  
Отаныңды айналдырса молаға.  
Өз тіліңді босағаға лақтырып,  
Өз еліңде күн кешуге бола ма?!

2-оқушы

Сол кешегі желтоқсанның аспанын,  
Дүр сілкінтті жалын жұтқан жастарым.  
Үнсіз қалса намыс өлер еді ғой,  
Намыс өлсе керегі не басқаның.

3-оқушы

Сен қазағым шыныменен ұлысың,  
Ертең жайнап шығатұғын күн үшін.  
Ұл – қызыңның қаны судай шашылды,  
Бас алаңда басын тігіп тіл үшін.

4-оқушы

Ереуілде ит пен құсқа таланған,  
Шырқыраған шындық іздеп ғаламнан.  
Қазағымның қызыл қанын мәңгілік,  
Жуғанымен кетіре алмас алаңнан.

5-оқушы

Соның бәрін еске алатын шақ бүгін,  
Құрбан қылды қарындастар пәктігін.  
Құрбан қылды ғұмырларын боздақтар,  
Тағамыз деп ақиқатын ақ туын.

1-Жүргізуші: 20 градус аязда бозбалаларымыз бен қарындастарымызды мұздай жерге бірнеше сағатқа отырғызып, үстеріне су шашып, қыздарымыздың шаштарынан

сүйреген, итше ұрып-соққан. Осы қанды оқиғаның нәтижесінде 8000 адам заңсыз ұсталып, 1722 адам жеңіл және ауыр жарақат алды, 103 адам жауапқа тартылды. 99-ы сотталды. Алматы қаласы бойынша 2401 адам қамауға алынып оқудан 309 студент шығарылған, 99-ның ішінде 2 адам өлім жазасына кесілген. Жазаға тартылған 99-дың 76-сы ерлер де, ал қалған 23-і қыз-келіншектер болған. Желтоқсанның құрбандарына айналған біздің аға-апаларымыз бар. Олар: Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Спатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова. Олардың жасаған ерліктері ешуақытта ұмытылмасы анық. (фон музыка мен слайд жүріп жатады)

5-оқушы(Фариза)

Жас арудың жанарында - Желтоқсан,

Қанды ғасыр табаныңда - Желтоқсан.

Қаралы өмір қайыстырған халқымның,

Қара тұман қабағында - Желтоқсан.

Жауыздықты жасқаған да - Желтоқсан,

Жаңа ғұмыр бастаған да - Желтоқсан.

Жазықсыздың көз жасына жуынып,

Абақтыға тастаған да - Желтоқсан.

Намысымның шырағы да - Желтоқсан,

Сұрқай өмір сынағы да - Желтоқсан.

Жігіттердің ұраны да - Желтоқсан,

Жаңа күннің шуағы да - Желтоқсан.

Көрініс: Желтоқсан оқиғасының басталуы

2-Жүргізуші: Осыдан 31 жыл бұрынғы Алматы оқу орындарының бірінің жатақханасының алдындағы оқиға.

Оқушылар

- Қыздар, мен газет әкелдім.

- Не жаңалық шығыпты?

- КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Д.Қонаевты алып, орнына

В.Колбинді тағайындапты.

- Колбин деген кім екен?

- Қайдан келіпті?

- Колбин Ульяновтан келіпті.

- Қазақстанды өзіміздің қазақстандық азамат басқарсын!

- Бізде мократияны талап етеміз.

- Қане жүріңдер, қыздар, жігіттер алаңға кетейік!

2-Жүргізуші: Қанға бөккен қала көшелері бос қалды. Қазақтың әр үйіне үрей кірді, әр қазаққа «нашақор», «ұлтшыл», «маскүнем» деген айып тағылды. Алаңға жиналған қазақтың, әрбір жас өркенінің артына шам алып түскен қуғындау, қудалау басталды. Оның ішінде ату жазасынан бастап жиырмадан бір жылға бас бостандығынан айырған жазаларды қаһармандарымыз арқалап кете берді... Соның бірі Қайрат Ноғайбайұлы еді.

1-Жүргізуші: Қ.Рысқұлбеков Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында, Бірлік ауылында дүниеге келген. 1982 жылы ол Алматы Сәулет құрылыс интитутына түседі. Сол Желтоқсан оқиғасынан кейін оны «Савицкийді өлтірген қылмыскер» деп жала жауып «Аса қауіпті қылмыскерлер изоляторында» ұстады.

Көрініс «Қайраттың тұтқындалуы».

(Үй іші қалаша жиналған. Дастархан басында Қайрат, нағашысы, жеңгесі отырды.)

Нағашысы: Қайрат-ау тамақ алсаңшы. Студент болам деп бір ішек болып қалыпсың-ау өзің.

Қайрат: Жә, бұйырғанын жеп отырмын ғой нағашы.

Нағашысы: Астан алыңқыра. Қайрат, өзіңнің ептеп өлең жазатының бар еді ғой. Жаңа жылға арналған, мына маған арналған өлеңің бар шығар, жаман жиен. Айта отыр көңілдене түсейік.

Қайрат: Иә, нағашы, бар ғой бар. (Осы кезде есік қағылып, үш төрт милиция үйге кіріп келеді)

Милиция: Біз органнан келдік. Қайрат Рысқұлбеков деген азаматты тұтқындаймыз.

Прокурордың саяси саясаты бар, міне.

Екі жігіт Қайратқа: Тез жинал, бізбен бірге кетесің.

Жеңгесі: Ойбау-ау, бұларың не? Жұдырықтай баланың не жазығы бар еді? Әке-шешесіне не бетімізді айтамыз?

Милиция: Жеңеше сабыр етіңіз. Бұл жігіт бір төбелеске қатысыпты. Анық-қанығын тексерген соң, қайтарып жібереміз. (екі жеңдет Қайратты алып кетеді)

Темір тордың ішінде Қайрат өлең жазып отыр. Өлеңін оқиды.

Қайрат: Ух, әбден шаршадым ау, жүйке тамырым жұқарды ғой! Қайран бостандық!!!

Жалалы боп, қатты батты жаныма,  
Жазалаушы қағаз алдым қолыма  
Жігіттер-ай, айтып-айтпай не керек,  
Жазған екен маңдайыма сорыма.

Біріншіден, мен анамды сағындым  
Екіншіден, бұл құдайға не қылдым?  
Бостандықта еркін жүрген жан едім  
Енді, міне, абақтыға жабылдым.

Осы кезде екі жеңдет Қайратты сот залына әкеледі.

Кезекші: Заключение Рысқұлбеков на допрос.

Тергеуші: Айыпкер Рысқұлбеков, сен Мир мен Сәтбаев көшелерінде жасақшыларды көрдің бе?

Қайрат: Егер ол көшелерге бармасам оларды қайдан көремін?

Тергеуші: Савицкийді сен өлтірдің бе?

Қайрат: Жоқ, мен өлтірмедім!

Тергеуші: Сенің ұрып жатқаныңды біреу көріпті ғой?

Қайрат: Олай болса мені сол адаммен беттестір, бұл өтірік жала.

Тергеуші: Ах, ты, декабрист несчастный. Я тебе покажу өтірікті! Жала дейді еше! Ей, Рысқұлбеков, сен, Савицкийді өлтірдім деп мойныңа ала сал, сонда жазаң жеңілдейді. Егер, сен, «Савицкийді өлтірдім» деп мойындасаң әкеңе тиіспейміз. Әйтпесе әкеңді де...

Қайрат: Жолдас тергеуші, бұл жала ғой! Өлтірмеген адамды қалай мойныма аламын? Адам түгіл тышқан өлтіріп көрмегем.

Тергеуші: Заключение Рысқұлбеков, сен ақымақ болма! «Савицкийді өлтірдім» деп мойында. Бұл-бір. Сен әкеңнен 4 сом алып, мына менің алақанымға сал, бұл-екі. Түсіндің бе, мақұлық?!

Қайрат: Жолдас тергеуші! Алайда әзер күнін көріп отырған ата-анамды ақша деп қинағым келмейді және не үшін ақша төлеуім керек? Не үшін? Ешқандай қылмысым жоқ!

Тергеуші: Әкетіңдер, құртыңдар, атыңдар!

Қайрат: Тоқта! Айтар сөзім бар!

Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Алам десең, алыңдар!  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
«Еркек тоқты — құрбандық»,  
Атам десең атыңдар!  
Хош аман бол артымда,  
Ағайын, туған-азамат.  
Артымда қалған ата-анам,  
Ел-жұртым саған аманат!  
Екі жеңдет Қайратты залдан жетеледі.

2-жүргізуші: Алматы сәулет құрылыс институтының студенті Қайрат қазақ елінің

21-ші басшысы зобалаңына ұшырып, 21 жасқа келгенде, түрменің 21-ші камерасында,  
21-ші мамыр күні қапаста дүниеден өтті.

«Желтоқсан желі» бейнебаян.

Атасы: Еее, балам, бұл тәуелсіздік осылайша қаншама боздақтардың қанымен,  
қаншама аналардың көз-жасы зарымен келген ұлы күн!

Немересі: Желтоқсан оқиғасы біткен соң әділдік орнады ма?

Атасы: Қыршын кеткен жастардың күткені – әділдік еді. Ол үміттері ақталмады.  
Бірақ сондай жаза қолданатындай олардың бұзықтық жасамағандығы бірнеше жылдардан  
кейін анықталды. Тәуелсіздіктің ақ таңы атты!

2-Жүргізуші: Қазақ биі.

1-оқушы:

Желтоқсан – тарихымда әйгілі күн,

Ерттеп мініп ар-ождан сәйгүлігін

Ерлерім ерлік үшін атой салып

Еншілер қайтарған бәйгелі күн.

2-оқушы:

Қайғыға халық батқан күн

Әділдік пен шындықты

Өтірік жала жапқан күн.

Надан жасаған сұмдықтан

Адамдар азап шеккен күн

Қасқалдақ ұшып көлінен

Шүрегей келіп қонған күн

Қыраңдар қуып көгінен

Қарғалар билік алған күн

3-оқушы:

Шектеліп ана тіліміз,

Оқылмай өлең-жырымыз

Жабылып жатса мектептер

Жадырар қалай күніміз?

Тарылып жатса даламыз

Қайтіп біз тыныс аламыз?

Қақымыз да жоқ айтуға

Әділет қайдан табамыз?

4-оқушы:

Желтоқсан – қайсар ерлік, қуатты күн,

Жігер оты маздаған тұрақты ұғым

Тәуелсіздік билігі қолға қонған

Тәңіріме желтоқсан шуақты күн

5-оқушы:

Желтоқсан – жадымызда жаралы күн

Жастарым жапа шеккен жары мұң

Еркіндік, егемендік, елдігімді

Емірене аңсады саналы ұғым

6-оқушы:

Желтоқсан тағдырларға азалы күн,

Қайраған намыстарын мазалы мұң

Қыршыннан қиылған боздақтары

Қалар мәңгі есінде қазағымның

2-Жүргізуші: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығымен құттықтай  
отырып, мемлекетімізге жарқын болашақ, елімізге тынштық тілейміз!


Осымен бүгінгі «Өзің барда жүрегімде жоқ шер мұң» атты тәрбие сағатымызды  
«Көк тудың желбірегені» әнімен аяқтаймыз.





## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ, МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ – ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ, НЕГІЗІ

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Бала би ауылы  
«№ 50 Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанкушева Райхан  
Серікбайқызы



Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы.

Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру – заманауи мемлекеттің стратегиясы.

Соңғы онжылдықта республиканың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер балалар мен жастар ортасындағы адамгершілік-рухани бағдарлар мен мұраттардың өзгеруіне алып келді. Тәжірибе көрсетіп

отырғандай, өскелең ұрпақ (балалар, жасөспірімдер, жастар) тәрбиелеудің қолданыстағы моделі трансформацияны және жаңа идеологиялық негізді талап етеді.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы қызметінің қазіргі жағдайында білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға байланысты мәселелер туындайды, онда тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар, студенттер мен ата-аналар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады.

Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселелерін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық білім беру ұйымдарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндеті тұрды.

Республикада балалар мен жастардың өз құқықтарын іс жүзінде қолдануға және қорғауға оқытатын оңтайлы тетік жоқ, бұл оқушылардың әлеуметтік маңызы бар қызметке уәждемелік дайындығын төмендетуге әкеп соғады. Білім беру ұйымының қабырғасынан шыққан білім алушылар нақты өмірде көбіне мүлдем дәрменсіз болып қалады.

Қазақстан Республикасының балалар-жасөспірімдер және жастар қоғамдық қозғалысы шеңберіндегі мектеп кеңестерінің, старостаттардың, жоғары сынып оқушылары кеңестерінің, мектеп әкімдіктерінің және т.б. орнына мектеп Парламенті (бұдан әрі – Парламент) түріндегі бірыңғай құрылымдық моделі бола алады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең – 2016-2020 жылдар), Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектептерде бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

1. Жалпы ережелері.

Мектеп парламенті бұл-оқушылардың өз еріктерімен біріккен ұйымы, мектеп өміріндегі мәдени іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсенді түрде атсалысып, мектепті жарқыратып көрсетеді.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, мектеп өміріне жәйдан-жәй қарамайтын, өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асыратын, өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру шеберліктерін шыңдайды.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымындағы істерге бей-жәй қарамайды. Бұндай істерге шығармашыл көзбен қарайды. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады. Парламент шығармашылығы өзінің бекітілген ережесі негізінде мектеп әкішілігі мен тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2. Жұмыстың түрі мен мазмұны.

- мектеп тәрбие жоспарына оқушылардың қызығушылығымен өзгерістер енгізу;  
- мектепте кездесетін талас тудыратын сауалдарға мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып дұрыс шешім қабылдауға атсалысу;

- байқаулар, викториналық ойындар, көрмелер, спорттық жарыстар, ұжымдық шығармашыл істер ұйымдастыру.

- мектеп басқару ұйымы жұмысына қатысу.

3. Парламент мүшелері.

Парламентке 9-11 сынып арасындағы белсенділер мүше бола алады. Сонымен қатар сынып ұжымы ұсынған беделді оқушы жіне өз еркімен парламент жұмысына қызығушылық танытқан оқушы Парламент жиналысында қабылданады.

Парламент мүшелері ұжымдық түрде жұмыс атқарады. Ұжымдық топ парламенттің шығармашылық тобы деп аталады. Олар парламентте ұжымдық шығармашылық істерді жүргізеді.

Парламентте жұмыс жүргізіп мектеп бітіріп кеткен мүшелері құрметті мүше деп аталады. Оларға мектеп парламентінің жұмысына қосқан үлестері мен дауына атсалысқандары үшін оларға ерекше құрметпен қарайды.

4. Мектеп парламентінің құрылымы мен ұйымдастыруы.

Мектеп парламентінің жоғары ұйымы болып ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс жылына екі рет қыркүйек жіне мамыр айында өткізіледі. Қыркүйек айының екінші жартысында Парламент Кеңесін, Парламент Президентін басқарып жүргізеді. Президент болмаған жағдайда бұл жұмысты Спикер басқарады. Ол Парламент Кеңесінің ұжымдық интеллектуалдық және шығармашылық істерін ұйымдастырады.

Мектеп парламенті негізгі 8 Парламент фракциядан және мектеп президенті, Президент орынбасры және білім министрі тұрады.

1. Құқық және тәртіп фракциясы:



- Мектеп оқушылар арасында болған, талас тудыратын сауалдарға және кеңес мүшелері арасындағы дауды шешуге көмектеседі;

- Парламенттегі талас тудыратын сауалдарға нақты дәл шешім табады.

## 2. Білім министрі:

- Мектепте сабақ үлгерімі төмен оқушыларды басшылыққа алып оларға кеңестер беріп, үлгерімі жақсы, алғыр оқушылардың оларға қосымша сабақ беруін қадағалайды.

- Мектептегі тоқсандық қорытынды шығаратын жиындарға қатысады;

- Мектеп оқушыларының үлгерімі жөніндегі әкішіліктің жиындарына қатыса отырып, өз пікірін білдіруге құқылы;

- Оқушылар арасында әлеуметтік мәселелерді қолдауға атсалысады.

## 3. Ақпарат фракциясы:

- Мектептегі анықтама қызметінің жұмысын және мектептің оперативті ақпарын даярлайды;

- Мектеп парламентінің Интернетте сайты құруға, қалалық «Радио баршаға» хабарына шығуға, ұйым шығармашылығы жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары беттеріне жарық көрсетуіне;

- «Мектеп жаңалықтары» мектеп газетіне ұйым жаңалықтарын, қызметін, іс-шарасын насихаттайды.

## 4. Эрудиттер кеңесі:

- мектепте пән апталықтарының өтуіне;

- интеллектуалы іс-шараларды оқу жылы басында мектеп жұмыс жоспарына енгізуге;

- интеллектуалды ойындар, олимпиадалар байқаулар, жарыстар өткізуге көмек көрсетеді.

## 5. Экология және еңбек фракциясы:

- оқушылардың тәртібі мен мектептегі жүрісін қадағалау;

- мектептегі қабырға сендтерін безендіруге;

- мектептегі оқушылар кезекшілігін үнемі қадағалау, кезекші постарын тексеру жұмыстары жүктелінеді.

## 6. Мәдениет және өнер фракциясы:

- Мектептегі ұжымдық шығармашылық істердің нәтижелі жүргізілуіне көмек көрсету;

- Жаңа оқу жылына ұжымдық шығармашылық істерді жоспарлау;

- Оқушылардың эстетикалық тәрбие үлгілерін сақтауына ықпал етеді.

## 7. Спорт және салауатты өмір фракциясы:

- спорттық іс-шаралардың жүргізілуін;

- оқушылардың салауатты өмір ұстанымын жақтау негізінде акциялар, дөңгелек үтелдер, ток-шоулар ұйымдастыруын басқарады.

## 8. Қамқорлық фракциясы:

- мектепте қайырымдылық акциясын ұйымдастырады;

- жан-жануарларды қорғауға, қамқорлық жасауға мектеп оқушыларын ұйымдастырады.

## 9. Мектеп президенті:

- Парламент фракцияларының дұрыс жұмыс жасалуын қадағалайды;

- Мектептегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалайды.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді. Мектеп оқушыларының мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының негізі ретінде президенттік басқару жүйесі құрылды. Оқушыларымыздың бойында отансүйіштікті қалыптастыру, ғылым негіздерін терең меңгертіп, керекті еңбек дағдыларын сіңдіру, идеяларын еркін ұстап, өзіндік жеке пікірін ашық білдіре алатын оқушыларға жәрдем беру мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастырылады.



Спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени бағыттар бойынша жауапкершілікті арттыру, ұйым құрамындағы әрбір оқушының мүдделерін қорғап, ойларын ескере отырып, өз бағытының үздігі атандыруда жұмыстар жүргізіледі.

Мектептегі оқушылар өмірінің қызықты әрі әсерлі өтуі үшін мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауын жаңашылдықпен ұйымдастыруда атқан ұйымның маңызы зор болып табылады. Мектеп белсенділері арасында «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Оқушылар үшін әр түрлі шаралар өткізіліп, мектепте отырыстар өтті.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту.

Еңдеше қоғамның алға басуы – жастарды білім мен тәрбие арқылы дамытуға, жаңаша ойлауға, бәсекелестік жағдайында іскерлікке үйретуге байланысты екені анық.

Сондықтан мектепте мектеп парламенті жұмысының мәселесіне ерекше көңіл аударылып, нәтижелі жобалар іске асырылуда.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы.
2. Мектеп парламентінің қызметі туралы ережесі.

## **БАР АРМАНЫМ-ХАЛҚЫМА ҚЫЗМЕТ ЕТУ**

**Қызылорда облысы Жалағаш кенті  
Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейінің  
мектеп парламентінің мүшесі  
Кәрібоз Данияр**

Шал ақын:

Білімнің болса дағы ұшан-теңіз,

Пайдасы жоқ халқыңа қызмет етпей,-деп кейінгі ұрпаққа керемет ұлағатты ақыл тастапты. Расымен де, қаншалықты білімді бола тұра, ол білімнің тек сенің өзіңе ғана қызмет етсе, басқаға шапағатын тигізбесе, одан еш жақсылық болмасы хақ. Сондықтан да менің ұстанымым- пайдалы қызмет ету, білім алу.

Осы мақсат бала кеудемде бүр жарып, білім нұрымен сусындап өсіп келемін. Кеше ғана «Мектеп» атты білім –кеменің есігін 6 жасар балапан боп ашып едік, бүгін, міне, «алып» кеменің білім теңізінің гауһар-маржандарын тергенімізге де 10 жылдың шамасы болыпты. «Осы уақыт ішінде мен қандай жетістікке жеттім, мақсатымның ең болмаса, тұтқасынан ұстай алдым ба?» деген сауалдар санамда мазалайды.

Иә, мен үшін ең үлкен жетістік- мектеп парламентінің құрамында болып, игі істердің бастаушысы болуым еді. Үздік оқып, мәдени, танымдық шараларға қатысып, белсенділік танытқанымның нәтижесінде 2020 жылы мектеп парламентіне ең жас министр ретінде шақыру алдым. Әрине, басында қобалжу болды, десе де ішімдегі қорқынышты жеңіп, алға қадам бастым. Сол сәттен бастап менің жетістікке толы жолым бастау алды десем артық болмас.

Абай атамыз:

Өзіңе сен,өзіңді алып шығар,

Ақылың мен қайратың екі жақтап,-дегендей, қажырлы еңбегім арқасында жас министрден қазіргі таңда «мәдениет министрі» деңгейіне дейін көтерілдім. Әрбір өткізетін шараларыма мұқият дайындықпен аса талғампаздықпен қараймын. Әр шараның тәрбиелік, білімдік ізінің қалғанын қалаймын. Себебі бүгінгі оқушы - ертеңгі болашақ,

ел тұтқасын ұстар азамат. Сол азаматтардың саналы, білімді болуы жолында парламент министрі ретінде менің үлесім тиюі шарт.

Мектеп табалдырығынан басталған түрлі бастамалар, игі шаралар оқушылардың жауапкершілігін арттырып, өздерінің үлкен өмірге қадамын нықтайтыны хақ. Осы жолда өткізген «60 секунд» интеллектуалды сайыс, «Ақылды бейсенбі» жобасы арқылы елге белгілі азаматтармен түрлі форматта кездесу, «Бақытты балалық шақ» үйден оқитын, мүмкіндігі шектеулі достарымызға арналған қайырымдылық акциясы, әсіресе кент мектептеріндегі мектеп парламентінің көшбасшыларымен өткізген президенттер лигасы, «Таза табиғат» атты ұлттық жобаларым әр саналы жастың жадында сақталып, қабілетінің ашылып, жұлдызды жарқырауына жолдама болды деп ойлаймын.

«Мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын» деп ұлттың ұстазы Ыбырай атамыз айтқан екен. Алты министрліктен құралған мектеп парламентінің құрамы бүгінде жиырманьң үстіне шықты. Кәмшат апаймен ақылдасып, достарымызбен ұйымдасып жүргізген әр шарада бір тағылым болғаны сөзсіз.

Бойымдағы бар күш-жігерімді, білім-білігімді әлімнің жеткенінше ел болашағы болар бүгінгі бала, мектеп оқушыларының көкірек көзін ашып, сәулелі, нұрлы, жігерлі жас болуы жолына арнаймын деп сенім білдіремін.

## **«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» ЖОБАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАРЫ**

### **«Қосымша білім беру» бөлімінің әдіскері Тоқтықбаева Ғазиза**

Бүгінгі мектеп оқушысы – ертеңгі азамат. Ұлт болашағы, елдің тұтқасы. Оқушыларымыз мектеп қабырғасынан бастап бойларына жауапкершілік пен адалдықты, белсенділік пен бастамашылдық қасиеттерді жинақтай беруі керек.

Тәрбие үрдісі жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі болғандықтан, мәдениеттану тұрғыдан оқып үйренуге тура келеді. Олай болса, бұл үрдіс балаға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заманғы мәдениетке енуіне мүмкіндік береді. Тәрбие бір ұрпақтың озық тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс, осы арқылы адамның дамуына басшылық жасалады. Нәтижелі жүйелі тәрбие жеке тұлғаны дамытады, адамның қоғамдағы орнын анықтайды.

Баланың оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуы тиіс, сондықтан тәрбие ісі жалпы адамзаттық гуманистік бағытта жүргізіліп, жеке бастық рухани дамуына бағытталу керек.

Ұлт болашағы отбасыдан басталады, еліміздің керегесінің берік болуы, тұтастай бір үйдің баласындай бірлікте жүруі жастардың қолында! Иә, ол тек кітап бетіне сиямен түскен сиқырлы жалған сөздердей шаң басып жатпауы тиіс. Әрекетке-берекет. Көзі ашық, көкірегі ояу жеке тұлға қашан да сұранысқа ие. Патриоттық тәрбиенің жоғары деңгейде жүргізілуі мектеп парламенті жұмысының дәлелдемесі.

«Мектеп Парламенті» жобасы жұмыс жүйесіндегі бағыттар:

- Қоғамдық іс -шараларға белсене қатысқан оқушыларға ерекше көңіл аудару;
- Пікірсайыс ұйымдарының пән ретінде маңыздылығын арттыру;
- Жекелеген бағытарда оқушылардың мәдени, эстетикалық дамуына көңіл аудару.

«Мектеп Парламенті» жобасының ұзақ мерзімдік мақсаты:

- Мектеп өмірін жандандырып, оқушылардың интеллектуалдық қызығушылықтарын арттыру;

- Мектепшілік топ-сұхбат жобасын қолға алу. Мектепке үлесін қосқан, білікті ұстаздарымызбен оқушылар арасында сұхбат жобасын ұйымдастыру;

- Әлеуметтік желілерде белсенділікті арттырып, жаңа технологиялар арқылы ұйымның жаңа тұстарын көрсету;

- Апта сайын мектеп жаңалықтарымен ұстаздар қауымын, ата-аналарды,

оқушыларды таныстыру мақсатында жаңалықтар стендін ілу;

- Жоғарғы аға буынның өз біліктіліктері боойынша фракцияларға бөлініп, кіші буынға жол көрсетуіне жағдай жасау.

«Мектеп Парламенті» жобасының міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Қазіргі таңда мен қолданатын ресурстар:

- Жаңартылған, заманауи бағдарламалар;

- Интерактивтік тақталар, Led;

- Әлеуметтік желі;

- Оқушылардың жекелей дарыны мен қасиеті.

Негізгі қолданатын әдіс-тәсілдер:

Алпауыт елдермен тереземіз тең болуы үшін зиялы қауымды дәл осы сәттен тәрбиелеуіміз керек.

- Оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін және қажеттілігін зерделелеп, үнемі байланыста отыру;

- Оқушының талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыру;

- Қосымшалардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, балалар мен ересектердің қызметтерін ұйымдастыру;

- білім саласында, көркемдік-шығармашылық, спорттық-туристік бағыттарда жұмыс атқару;

- Мерекелерді, саяхаттарды, экскурсияларды, каникулдық демалысын ұйымдастыру, білім алушылардың бос уақыт, ойын-сауық саласындағы әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау.

Жұмысты жетілдірудегі ұсыныстар:

- Білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы тәрбие үдерісінің бастаушы ретінде қарастыру;

- Еркін қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, еңбектік, құндылық-бағдарлық жүйелерін жетілдіру;

- Тәрбиенің бағыттары бойынша жекелей қарастырылған іс-шаралардың құндылығын жоғарылату.

Сонымен қатар, мерекелік күндерге арналған іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастыру арқылы оқушылардың ашылмаған қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік беріп жаңа қырларынан көрсете білу қажет.

Мектеп парламенті ұйымының жетекшісі ретінде болашақта мектебіміздің іргетасында айшықты өзгерістер енгізіліп тұрса жан жақтылығы дамиды. Сараптай келе, оқушылардың күнделікті оқу- тәрбиесінде кемшіліктер болмауы үшін әр мұғалім және оқушы өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіну керек.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны дәлелденген. Сенім, ынта, ниет, жігер, қызығушылық және байланыс. Осы тіркестер сөз жүзінде іске асса, талантсыз оқушы деген түсінік жойылады. Оқушының шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады.

## МЕКТЕП ТЫНЫСЫНДАҒЫ МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ РӨЛІ

Әл-Фараби атындағы 201 мектеп-лицей директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тұрғанова Жанбота Жаңайқызы

Жалағаш кентінде орналасқан іргелі білім ордасы Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейінде Оқушылар Парламентін құру білім беруді дамытудың арнайы 2020-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша жүзеге асты. Жалпы, Мектеп Парламенті мектептегі оқу-тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады. Парламент жұмысы оқушылардың қоғамдық пікірлерді, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеп, басшылыққа алды. Бұл жұмыс біздің мектебімізде 2021 жылдың 21 ақпан айынан басталған. Оқушылар Парламенті біздің мектепте 6 министрлік бойынша жұмыс жасап жатыр. Ал, парламент мүшелері – ұстаздарын қадірлейтін, өз тарихын, туған тілін қадірлейтін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін, ұлттық құндылықты дәріптейтін, ұлттық қадір-қасиетімізді арттыруға үлес қосатын саналы тұлғалар.

Осы орайда, Оқушылар Парламенті жұмысын жолға қою мақсатында Оқушылар Парламентінің 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Қыркүйек айының басында «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында Оқушылар Парламенті және мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Көктемді сендермен қарсы аламын» тақырыбында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, мектебіміздің ардақты ұстазы, ақын-сазгер Орынбаева Айкүміс апаймен кездесу өтті. Кездесуде Айкүміс апайдың «Көктемді сендермен қарсы аламын» кітабының тұсауы кесілді. Айкүміс апайдың өмір жолы, еңбек жолы, ақындық жолы сөз болды.

30 қыркүйек - Республикалық «Дублер күні» болып жарияланды. Сондықтан да парламент мүшелері жасаған жұмыстарын әлеуметтік желіге жариялап отырды. Күнделікті мектеп директоры, оқу ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ғылыми ісі жөніндегі орынбасары пән мұғалімдерінің орнына оқушыларды тағайындап, жұмыс барысын ұйымдастырды. Мектебімізде 30 қыркүйектегі «Дублер» күні өз дәрежесінде өтті.

«Эко әлем – Таза әлем» акциясы аясында парламент мүшелері «Парламент аллеясын» тазалап, күл-қоқыстан тазартты. «Есірткісіз болашақ» тақырыбында волейболдан 8-10 сынып оқушылары арасында жарыс өтті. Сонымен қатар «Менің әкем-менің мақтанышым» тақырыбында әкелермен өнеге сағаты өткізілді. 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз ел ұланы -2022» интеллектуалды білім сайысы өтті.

«Парламент тынысы» жобасы аясында «Би де - бір жұмбақ әлем» тақырыбында 5-7 сыныптар аралығында би байқауы ұйымдастырылды.

«Кедергісіз әлем» акциясы бойынша парламент мүшелері арнайы сыныптағы достарымен бірге робот құрастырып, уақытты тиімді өткізді.

«Оқуды қойған- ойлауды да қояды» тақырыбында мектеп кітапханашылары Досанова Феруза мен Искакова Айгүл оқушылардың бойына рухани адамгершілік құндылықтарды сіңіру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеу мақсатында сыр-сұхбат жүргізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көптеген көркем шығарманы оқып, насихаттауға бағытталған әр түрлі әлеуметтік жобалар қолға алынды.

«Кедергісіз кеңістік», «Сұрағым бар» т.б. түрлі сұхбаттар, кездесулер, спорттық ойындар жүргізіліп, әлеуметтік желілерде парақшалар ашып, жасаған жұмыстарын жариялап отырды.

Қараша-мамыр аралығында аудандағы 20 мектеп арасында «60 секунд» интеллектуалды білім сайысы өтті. Сайыс қорытындысы бойынша 4- I орын, 2-Алғыс хатқа ие болып, жыл қорытындысы бойынша Парламент мүшелері (4 оқушы ) ауыспалы кубок жеңіп алды.

Өзін-өзі басқару жүйесі бойынша құрылған мектеп парламенті мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оң ықпалын тигізген, мектеп әкімшілігі мен оқушылар арасында



ынтымақтастық ортасының қалыптасуына ықпал еткен, жаңа үлгідегі трендтік шаралармен оқушыларды қызықтыра білген ұйым ретінде беделі қалыптасты. Өз жұмыстарын «Мектеп парламенті» парақшасына үзбей жариялап, басқа мектептермен тәжірибе алмасуды да алғаш қолға алды. Оқушы үні, оның қызығушылығы мен бастамалары мектепте кең қолдау тауып жатыр. Болашақта өзіндік көзқарасы қалыптасқан, ел мүддесіне қызмет жасайтын жастардың бары көңіл қуантады.

## «ШЫН ЖҮРЕКТЕН, МЫҢ АЛҒЫС!» (1 НАУРЫЗ- АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНЕ ОРАУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШ)

Е.Көшербаев атындағы № 279 мектеп-лицейінің  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кенжалиева Клара Кенжалиевна



Алдарыңызда өнер көрсеткен «АСЫЛ ӘЖЕ» мектебі.  
Қошеметтеп қояйық!

2-жүргізуші. Армысыздар, құрметті қонақтар.

2-жүргізуші. Қайырлы күн қымбатты ұстаздар мен оқушылар!

1-жүргізуші. «Шын жүректен, мың Алғыс!» атты ризашылық кешімізге қош келдіңіздер!

Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні де белгіленді.

2-жүргізуші.

Иә, бұл жаймашуақ мереке елімізде бірнеше жыл қатарынан бері өткізіліп келеді. Ризашылық күні адамдар

бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын айтады.

1-жүргізуші.

Атағым Алатаудай болып биік,

Тұрса да төбем өсіп көкке тиіп.

Алдарыңызда әрқашанда тағзым етіп,

Тұрармын «ҰСТАЗЫМ!» деп басымды иіп.

2-жүргізуші.

Ұжымым деп бәйек болып жүресіз,

Татулыққа, ырзалыққа дәйек болып жүресіз.

Жұмысыңыз оңға басса, көтеріліп көңіліңіз,

Бал-бұл жайнап, шаттанып бір күлесіз! Мектебіміздің бас ұстазы-Фарида апай сізге

мың алғыс!

Сізді, мерекелік кешімізде жылы лебізіңізді білдіру үшін ортаға шақырамыз.

2-жүргізуші: Аслан, менің саған бір сұрақ қойғым келіп тұр. Алғысқа, рахметке тағы да кімдер және нелер лайықты деп ойлайсың?

1 - жүргізуші: Тізімді бірге құрайық!

2 - жүргізуші: Бастысы – алғыс айта білу...

1. Анаға – өмір сыйлағаны үшін,

2. Әкеге – қорған болғаны үшін,

3. Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,

4. Сөзге – жанды жылытатыны үшін,

5. Күнге – шуағы мен назары үшін,

6. Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,

7. Досқа – құшағы мен иығы үшін,

8. Әжеге – ыстық алақаны үшін,

9. Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,  
10. Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,  
11. Отқа – жылулығы үшін...

Бірге: Рахмет айтамыз!

1-жүргізуші. «ШЕКСІЗ АЛҒЫС» әнімен мектеп парламенті оқушыларын ортаға шақырамыз!

2-жүргізуші.

Әкелген жарық дүниеге,  
Рахмет сізге, Анашым!  
Өсірдің бізді әлпештеп,  
Мың алғыс сізге Анашым!

1-жүргізуші:

Ризамын аялы пейіліңе,  
Ризамын тым ыстық мейірімге,  
Ризамын ұлағат, зейініңе,

өнер фракциясы мүшелерін ортаға шақырамыз. Қарсы алыңыздар!

2-жүргізуші:

Өмірде үлгіміз де бір сіз, Әке,  
Перзентке таусылмайтын жырсыз, Әке.  
Сол тұлға, сол мінезден аласармай  
Біздерге тәлім болып жүрсіз, Әке.  
Әлі де биік болсын жұлдызыңыз –  
Арналған перзенттерден жыр-гүліміз.

Жүріңіз аман-есен ортамызда,  
Тілейді соны бүгін ұл-қызыңыз!

Әке туралы өлең шумақтарымен мектеп парламент оқушыларын ортаға шақырамыз!

1-жүргізуші:

Мерекелік құттықтау сөз кезегі «Тағылым» әкелер клубының төрағасы Д.Итигулов.

Алдарыңызда «Әке» әнімен «Тағылым» әкелер клубының мүшелері.

2-жүргізуші:

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!  
Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.  
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,  
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

1-жүргізуші:

Данышпан да, данада оқып сенен,  
Атақ даңқын асырған бар әлемнен.  
Ұстаз деген аяулы, асыл жанды

Жақсы көрем арнаймын жақсы әуен – дей келе мектеп парламент оқушыларының орындауында «Мың алғыс саған, Ұстазым» әнін қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші: Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен абырой тілейміз. Қазақстан Республикасының өркендеуі жолында табысты қызмет ете берулеріңізге тілектеспіз. Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес, еңбектеріңіз әрқашан жемісті де табысты болғай! Сіздерге мың алғыс!

«Қазақ полициясы» әнімен «Жігіттер» тобын шақырамыз!

2-жүргізуші: Адам өмірінің арашасы, олар адам жанын құтқарып, үміт сыйлайтын – «Медицина қызметкерлеріне» ең ізгі тілектер мен шынайы алғыс сөздерге лайық жандар! Ортада «Дәрігерге мың алғыс!» әнімен мектебіміздің мәдениет және өнер фракциясы оқушылары.

2-жүргізуші. Мектебіміздің тазалығы мен күтіміне бар еңбегін аямаған мектеп қызметкерлеріне алғыс айтамыз! Сіздерге үлкен рахмет! Сіздердің құрметтеріңізге мектеп

ұстаздарының орындауында «Жақсы адамдарым» әнін қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші.

Қазаққа дархан рахмет!

Салт-санасын сіңірген.

Жеріме байтақ рахмет!

Таза ауа үшін сімірген.

Барша әлем, саған рахмет!

Әр күнім үшін кешірген.

Рахмет саған, туған жер!

Сахнада «Тағылым» әкелер клубының мүшелері

2-жүргізуші.

Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтайық. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлапа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтайық!

2-жүргізуші.

Осымен «ШЫН ЖҮРЕКТЕҢ, МЫҢ АЛҒЫС» атты кешімізді аяқтаймыз. Келіп, тамашалағандарыңыз үшін мың алғыс! Қош, сау болыңыздар!



## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРМЕН

Сырдария ауданы Іңкәрдария ауылы № 191 орта мектептің  
психологы Шахаева Жанар Ізтілеуқызы



Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қазіргі қоғамның ерекше бір бөлшегі. Ерекше бала-болашақ дана. Осы тұста мектебімізде айрықша күтімге мұқтаж ерекше балаларға қолайлы орта қалыптастыруға көмектесетін, олардың өздерін еркін сезінулеріне жақсы ықпал ете алатын «Мектеп парламенті», яғни өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы айрықша. «Мектеп парламенті» мүшелері ерекше балалармен бірлесіп «Әр бала мектепке баруға лайықты», «Бақытты бала», «Мейірім, қолдау, шыдамдылық», «Ерекше тұлға» тақырыптарында акциялар, жобалар, сонымен қатар оларға арнап концерттік бағдарламалар өткізеді. Бұндай шаралар барысында олардың өздеріне деген сенімділігі артып, өмірге деген көзқарастары өзгереді. Эстетикалық, еңбек тәрбиесіне бейімделіп, сүйікті істерімен айналысуға мүмкіндігі мол.

Әрбір іс-шара өткізілу кезінде міндетті түрде балалардың жасы мен бағытына, психологиялық ерекшелігіне, мүдделеріне және қажеттілігіне мән беріледі. Ата-аналар да бұндай шаралардың балаларға жағымды әсерін атап өтті. Ең алдымен, бұл жанды байланыс және балалар үшін үлкен мотивация болып отыр. Балалар бір-бірімен пікір алмасады, сондай-ақ оқушылардың жекелей дарыны мен қасиеті, ашылмаған қырлары көрінеді.

Парламент мүшелерінің осы оқушылармен қызықты жұмыс жүргізуіндегі тағы бір жеңіс – ерекше балалардың өз қатарластарымен қоғамдық жұмыстарға араласуға белсенділіктері артып келеді. Себебі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді оқушылары ерекше балаларды қолдауды, ол балалардың құқығын әрқашан қорғауды, оларды ортаға кіріктіруді өздерінің мақсат-міндеттерінің қатарына қосып алған деп толыққанды айта аламын.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны дәлелденген. Сенім, ынта, ниет, жігер, қызығушылық және байланыс. Осы тіркестер сөз жүзінде іске асса, талантсыз оқушы деген түсінік жойылады. Оқушының шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады. Мен мектеп оқушыларына, олардың қабілеті мен қасиеттеріне, шығармашылық жолына сенемін!



## «МЕКТЕП ТЫНЫСЫ» – ЖАН-ЖАҚТЫ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ

**Ж.Әбдірашев атындағы № 62 мектеп-лицейі  
директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Жадыра Аймағанбетова**

Мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына барынша мүмкіндік жасау – білім саласының маңызды міндеттерінің бірі. Бұл ретте мектептегі өзін-өзі басқару жүйесінің де ықпалы зор. Бұл жүйе оқушыларға басқарудың не екенін түсінуге мүмкіндік береді және жасөспірімдерге жауапкершілік жүктеп, өз бетінше әрекет етуге жағдай жасайды.

Мұның маңызы неде? Мектептегі «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жобасының миссиясы – оқушылар арасында білім мен тәрбие алуға және жоғары адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған зияткерлік қоғам құруға үлесін қосу. Ең алдымен оқушылар мектептегі барлық білім алушылардың мүддесіне сәйкес бастамалар көтеріп, тиісті шешім қабылдауды және оларды жүзеге асыруды үйренеді. Оқушылардың білімге құштарлығын арттыру, өзін – өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге үйретеді. Оқушының дүниетанымын, жан-жақты ойлау қабілетін, ой-өрісін дамыту, көп ізденуге, бірін-бірі тыңдап, өз ойын еркін айтуға дағдыландырады. Оқушылардың мектепке деген құрмет сезімін оятып, «Өзін-өзі басқару әліпшесін» меңгеру, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде мәні зор.

Мектептегі өзін-өзі басқару білім беру процесін демократияландыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға және бар мәселені бірлесіп шешуге өз ықпалын тигізеді. Оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

«Мектеп парламентінің» сегіз фракциясы қоғамдық әлеуметтік- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, оны қоғам игілігіне пайдалануына жағдай жасау, мектеп оқушыларының әлеуметтік тәжірибелерін байыту және дамыту, әлеуметтік-танымдық бағдарламаларды жүзеге асыру және аудандық, қалалық деңгейде ұйымдастырылған іс-шараларға оқушыларды кеңінен қатыстыру арқылы оқушылардың өз еріктерімен біріккен ұйымы болғандықтан, мектеп өміріндегі мәдени іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсенді түрде атсалысып келеді. Белсенді оқушылар өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру шеберліктерін шыңдап, барлық жұмыстарға шығармашыл көзбен қарайды. Сонымен қатар азаматтық айқын көзқарас танытуға, адамгершілік қасиеті жоғары ұстауға, оқушылардың рухани мәдениетін көтеруге тәрбиелейді.

«Мектеп парламентінің» миссиясын түсінген оқушылар толерантты әлем құруға бағыттайтын және үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін адами капиталы мол жаһандық азамат болуға талпынады. Осы мақсатты іске асыру барысында Ж.Әбдірашев атындағы № 62 мектеп-лицейіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар «Мектеп парламентінің» өзін-өзі басқару ұйымында іске асырылуда. «Мектеп парламентінің» жобаларына қатысу арқылы оқушылар қамқор болу, танымдық іс-шаралар жүргізу, жұмыстарды үйлестіру, оқушылар қауымдастығымен жұмыс жасау, толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білуге бағытталған шараларды жоспарлап, ұйымдастырып, жан-жақты өткізіп келеді.

Өңіріміздегі «Мектеп парламенті» жобасын нәтижелі іске асыруда тәрбие мамандары мен білім беру ұйымдары директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған облыстық семинарға бірнеше рет қатысып, өзара тәжірибе алмасып, жаңашыл жұмыстарды өз мектебіміздің «Мектеп парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жоспарына енгізіп келемін.

Қоғамның алға басуы – жастарды білім мен тәрбие арқылы дамытуға, жаңаша ойлауға, бәсекелестік жағдайында іскерлікке үйретуге байланысты екені анық. Сондықтан

мектеп-лицейде өзін-өзі басқару мәселесіне ерекше көңіл аударылып, нәтижелі жобалар іске асырылуда. Әлеуметтік желіде «Парламент тынысы» парақшасын жүйелі жүргізіліп, өзін-өзі басқару жұмыстарын ақпараттандыру жүйелі жүргізілуде. Атап айтқанда, «Менің ауылым» тақырыбында 8-10 оқушылары Арал аудандық «Жастар ресурстық орталығының» мамандарымен TEDx форматында кездесу өткізді. «Парламент тынысы» жобасы аясында 9-10 сынып оқушылары ұстаздар мерекесі қарсаңында «Дублер» күнін ұйымдастырып, өз белсенділіктерін көрсете білді. Сондай-ақ «Позитивті ойлау» апталығы жаңашылдығымен және жасөспірімдердің ізденімпаздығымен ерекшеленді.

«Тәуелсіздік құрдастары», «Кітап және ғаламтор» және «Арманға қанат қаққандар» тақырыбындағы 11 сынып түлектерімен кездесуде де «Мектеп парламентінің» мүшелері ізденісті жұмыстарын көрсете білді. «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» атты тақырыпта өткізген ата-аналар арасында танымдық шара мен «Ерлікке тағзым» тақырыбындағы Арал қаласындағы тыл ардагерлерімен кездесу кешінің оқушылардың рухани мәдениетін көтеру мен ұйымдастыру шеберліктерін шыңдауда тәрбиелік мәні зор.

Осындай игі істердің алдағы оқу жылында да жаңаша түрде өз жалғасын табуы мақсатында «Мектеп парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы мүшелеріне түрлі тапсырмалар берілуде. Сондай-ақ «Мектеп парламентінің» белсенді мүшелері еліміздің өзге аймақтарындағы «Мектеп парламентінің» жұмыстарымен онлайн түрде танысып, үшқыр ойлы, белсенді, қызығушылықтар ортақ достар табуда.



## «АҚЫЛДЫ БЕІСЕНБІ»

### Ұ.Қараманов атындағы № 262 мектеп-гимназиясының тәлімгері Айтмағанбетова Айгул Жеткербаевна

Ұ. Қараманов атындағы № 262 мектеп – гимназиясының «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген «Ақылды бейсенбі» (кездесу) сценарийі.

Мақсаты: Өскелең ұрпақтарымызға жергілікті танымал тұлғалармен кездестіріп, өмір жолдарымен таныстыру.

**Тақырыбы:** Ақылды бейсенбі.

Бүгінгі қонағымыз: Айбек Тәңірбергенов Жақсанұлы 1973 жылы Қызылорда облысы Арал ауданы, Шижаға елді мекенінде дүниеге келген.

**Жүргізушісі:**

Төл өнердің туын көтеріп жүрген Арал өңірінің тумасы, жерлесіміз Айбек Тәңірбергенов бала кезден жыраулық өнерді бойына сіңіріп өсті. Әкеден дарыған текті өнердің шырақшысы болған Айбек аға – алдыңғы буыннан үйренген өнердің қыр-сырын кейінгі ұрпаққа насихаттау жолында еңбек етіп жүрген жан. Осы орайда, республикаға танымал жырау, жыршы, бірнеше дастандар мен толғаулардың авторы, халықаралық, республикалық жыр додаларының жеңімпазы Айбек Тәңірбергенов.

Айбек ағай бүгінгі біздің «Ақылды бейсенбі» танымдық сағатына қош келдіңіз.

Олай болса біздің көкейде жүрген сізге деген сұрақтарымыз бар. Қойюға рұқсат болса.

Ән: Ғалымбек Дамир 6 «В» сынып оқушысы «Аралдың адамдары» әні

**Жүргізушісі:**

Айбек Тәңірбергенов Жақсанұлы 1973 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Шижаға елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан әкесі Жақсаннан көнеден келе жатқан жәнede әр жыраудың мақамдарын үйреніп өсті. Қазақтың қара домбырасын жастайынан серік етіп келеді. Атақты ақын-жырау Бекұзақ Тәңірбергеновтің туған інісі. Нұртуған, Тұрмағанбет, Базар жырау және тағыда басқа көптеген шайыр-жыраулардың жырларын таңды-таңға ұластырып тоқтамастан жырлайтын жырауларымыздың бірі. Елімізде көпке белгілі атақты «Қира ат» атты дастанының авторы. Көптеген ән-жырлары еліміздің жұлдыздарының орындауында жүр. Ақындар айтысына қатысып талай мәрте жүлдегер атанып. Қазақтың айтыс өнерінің «Дүлділі» атанған ақын. Көптеген мүшәйраның жүлделі орнына ие болған.

Караокемен ән айту:

Мен сен деп едім

Сенделемін ойда

Сен мен деп едім

Шөлдегенін қайда

Жан жабырқады

Әнім тағы шалқы

Ән сені сүйем

Жүрегімнің аңты деп- шырқап жүрген ән. Осы әнің авторы кім деп ойлайсыздар?

Ия әрине Айбек Тәңірбергеновтың әні.

Қазіргі таңда Айбек Тәңірбергеновтың әндерін эстрада жұлдыздары орындауда. Роза Әлқожа жұлдызымыздың орындауынды «Жүрек анты» әні шырқалып жүр.

**Сұрақ айдары:**

1. Жалпы Айбек ағай өнер жолы ауыр. Әр мамандықтың қиыншылығы болады. Сіз ағай дәстүрлі өнерге қалай табан тіредіңіз?

Қазақтың қасиетті домбырасының дауысы ерекше әдемі екенін бәріміз білеміз.

2. Домбыраны құлағыңда ойнау әр адам қолынан келе бермейді. Алғаш домбыраны неше жаста қолға алдыңыз?

3. Қазақстанның құрметті дәстүрлі жұлдыздары көп. Алдыңғы буыннан кімдерді үлгі тұтасыз?



4. Сіздің біршама әндеріңіз бар. Эстрада жұлдыздарының орындауында қандай әндеріңіз бар. Авторлық туындыларыңызға тоқталып өтсеңіз...

Рахмет сізге! Сіздің құрметіңізге әдемі әнді біздің мектептің оқушысы облыстық, республикалық дәрежеде марапатқа ие болып жүрген Ғалымбек Дамир орындап берсе. Қабыл алыңыз!

5. Өнерлі шәкірт шығару оңай емес. Айбек қатал ұстаз ба? Шәкірттен нені талап етесіз?

6. Бүгін қазақ өнеріне жаңа сарын, өзгеше лек келуде. Жаңалыққа көзқарасыңыз қалай?

7. Сізден қонақ кәде сұрағымыз келіп тұр. Олай болса сіздің орынауыңызда әсем жырға кезек берсем.

8. Жыраулықтан бөлек қандай қызығушылығыңыз бар?

Рахмет сұрақтарымызға жауап бергеніңізге. Сіздің құрметіңізге әсем әнді қабыл алыңыз.

Ән: Жангелді Айару «Ақкөгершін» әні

Жүргізуші: Біздің көкейде жүрген сұрағымызға жауап алдық.

Әңгімеңізге рақмет! Өнердің өрінде жүре беріңіз!





## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ-ЖАРҒЫН БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫ

Қармақшы ауданы № 273 мектеп  
ұйымдастырушы педагог Аманбаева Арайлым Алмашовна

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай білім алушылардың, өзін-өзі басқару тұжырымдамасын іске асыру үшін жалпы орта мектепте «Мектеп парламенті» жұмыс жасауда.

Біздің мектебімізде белсенді оқушыларымыздың өз еріктерімен біріккен парламенті келелі істің басында көшбасшылық танытып келеді.

Жыл басынан жоспарланған әртүрлі бағыттағы іс-шаралар жан-жақты жүргізілуде.

Парламент тынысы Фейсбук желісін де атқарылған жұмыстар жүйелі жарияланып отырады.

Ұстаздар күні, Қарттар күні, Ауған соғыс ардагерлерімен кездесу, Тәуелсіздік күні, Алғыс айту күні, Халықаралық әйелдер мерекесі, наурыз мерекелері парламент мүшелерінің ықпалымен жоғары деңгейде өтуде.

Парламент фракциялары да сан-салалы жұмыстың басында үйлестірушілік қызметін жандандыруда.

Елеулі жұмыстарының бірі, бүгінгі қоғамдағы түйіткілді мәселенің бірегейі салауатты өмір салтын насихаттау мақсатындағы облыстық «Жастар есірткіге қарсы» ұранымен флешмоб сайысында жүлделі I орынға мектеп бишілері үн қосты.

«Есірткісіз-өмір ғажап!» атты облыстық граффити сурет байқауында II орынды иеленді. Байқоңыр қалалық «Жастар ресурстық» орталығының қатысуымен пікір алмасу өткізіліп, бүкіл қоғамдағы жастар туралы ой өрбіді.

«Оқуды қойған, ойлауды да қояды» дебат фракциясының мектепішілік турнир өтті. Республикалық «Мен-репортермін» атты байқауда құқық және тәртіп фракция жетекшісі Ержанова Айжан III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жаңа жылдық президент шыршасына 7 «В» сынып оқушысы Толыбай Дінмұхамед қатысып келді.

Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеудің ең басты құпиясы – балалардың жетістігі мен олардың алға қарай ізденгіштігі мен шеберліктерінің шыңдары анық.

Мектепте шыңдалған оқушы студенттің, қоғамдық өмірде нағыз көшбасшы болары нақ.







## МЕКТЕБІМІЗДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫС ШЕҢБЕРІ

Қызылорда қаласы  
Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия тәлімгері  
Бақыт Ғайни Қалтайқызы



Бүгінгі күні тәрбие мәселесі әрбір көкірегі ояу адамды толғантпай қоймайды.

Тәрбиесіз тек білім беруді айту қиын. Мектептің тәрбие жұмысы оқу үдерісімен ұштасып жалпы оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жүргізіледі. Қазіргі мақсатымыз – ұлттық-рухани құндылықтарды өскелең ұрпақ бойына сіңіре отырып, демократиялы қоғамға бейім, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, шығармашыл, тәуелсіз елдің жеке тұлғасын тәрбиелеу.

Қазіргі таңда жастар мен балалар ұйымдарының болуы-өмір талабы. Біз алдымен балаларға білім алуға мүмкіндік жасап, көшбасшылық қасиетін көрсете біліп, балаларды құптап, қоғамға қызмет етуге бейімдеуіміз керек. Оқушылар ұйымдарының мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынуы жергілікті жерлерде құрылған

оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының өміршең, шығармашыл және белсенді ұйым ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мектебімізде мектепшілік «Мектеп парламент» жобасы ендірілген. Бұл жобаның негізгі мақсаты жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты демократияландыру, рухы мықты еліміздің ұлтжанды патриотын дайындау болып табылады. Аталған жоба еліміздің заңдарына және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білімалушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасының талаптарына сәйкес әрекет етеді. Өзін-өзі басқару жүйесінің мектеп өмірінде лайықты орын алып, қоғамдық қажеттілікке айналуы әр ұжым мүшесінің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына, өзінің шығармашылық қабілеттерінің ашылуына зор мүмкіндік туғызатыны анық.

Мектеп парламенті өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады. Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы. Білім беру ұйымының әр сыныбында, 8 фракцияға депутаттар сайланады.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Жыл сайын балалар мен жастар ұйымдарының көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей республикалық диалог алаңы- Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында мектептерде мектеп парламенттері көшбасшыларының республикалық слеті өткізіледі. Парламент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ тұжырымдаманы басшылыққа алады.

Күтілетін нәтижелер:

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- балалар мен жастардың арасында сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушыларды өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- оқушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту.

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы.

Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар мен жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру- заманауи мемлекеттің стратегиясы.





## «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» МҮШЕЛЕРІ-КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТИҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ»

Қызылорда облысы Арал қаласы № 64 орта мектебі  
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Батимова Гульжайна Каирлаевна

Мемлекетіміз біздің болашағымыз үшін жыл сайын жаңартылған бағдарламалар енгізіп, функционалды сауатты, өз ойын пікірсайыстарда ашық айта алатын, креативті идеялар иесі болуға мүмкіндіктер сыйлауда. Дегенмен де, қатысушы яғни оқушының ынта-ниетін қоса алмасақ біздің еңбек бекер болмақ. Өз тарапымынан біздің мектебімізде жасаланып жатқан жұмыстар тек статистика мен фотосеппен үшін емес екендігін нық сеніммен айта аламын! Мектеп парламенті ұйымында оқушыларымыздың өнерлі, білікті әрі білімді болуы үшін бірлесіп күшімізді салудамыз.



Ұстаз – ұлылықтың бастаушысы, ұлт болашағының жүйесін негізгі құраушы тұлға. Балдырған балаларымыздың өсіп-өркендеу жолында айқындалған сара жолымыздың түзу болуы бізге тікелей байланысты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде өз кезегімде мектебіміздің талантты, дарынды, жасампаз, өнерлі, білімді, өз ойларын анық айта алатын оқушылар құрамын жасақтап, жұмыс атқарудамын. Мектеп оқушыларының мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының негізі ретінде президенттік басқару жүйесі құрылды. Мақсат – мектеп өміріндегі барлық қоғамдық жұмыстарға белсене араласу, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлға болып, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы, рухы мықты тәуелсіз елдің ұлтжанды патриоты болып, шығармашыл, белсенді, өміршең ұйым болу.



Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жалпы орта білім беретін мектебінде «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. Тұжырымдаманы негізге ала отырып «Мектеп Парламенті» құрамына 1-11 сынып оқушыларының барлығы мүше бола алады.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған «Мектеп Парламенті» ұйымының көшбасшылары сайланып, оқу жылы барысында мектеп ұстаздарымен бірлесе отырып жүйелі жұмыс жүргізуде.



Парламент мүшелері мектеп ұстаздарымен бірлесе отырып мектепте төмендегі міндеттерді атқарып қазақ елінің гүлденіне сүбелі үлес қосып жүр:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету.

«Мектеп Парламенті» ұйымында Президент және 8 фракция жұмыс жасайды. Әр фракцияны 8 көшбасшы басқарады, әр сыныптан фракцияларға депутаттар сайланған. Әр фракцияға тьюторлар (мұғалімдер) жетекшілік етеді.

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын, жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында құрылған «Мектеп Парламенті» ұйымының мүшелері оқу жылы барысында мектепте өткізілген барлық іс-шараларға белсене араласты. Ұстаздар күні, Қарттар күні, Тұңғыш Елбасы Күні, Тәуелсіздік



күні, Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, Алғыс айту күні, Халықаралық әйелдер мерекесі, Наурыз мекелерінің жоғарғы деңгейде ұйымдастырылуына ықпал жасады. «Мектеп Парламенті» мүшелері зияткерлік іс-шараларға, олимпиадаларға, байқауларға, спорттық жарыстарға, қолөнер байқауларына, пән апталықтарына, ақын-жазушылармен, ел ағаларымен өткізілген кездесулерге белсене қатысты.

Оқушыларымыздың бойында отансүйгіштікті қалыптастыру, ғылым негіздерін терең меңгертіп, керекті еңбек дағдыларын сіңдіру, идеяларын еркін ұстап, өзіндік жеке пікірін ашық білдіре алатын оқушыларға жәрдем беру мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастырылады.

Спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени бағыттар бойынша жауапкершілікті арттыру, ұйым құрамындағы әрбір оқушының мүдделерін қорғап, ойларын ескере отырып, өз бағытының үздігі атандыруда жұмыстар жүргізіліп келеді.



Қорыта айтқанда, қазіргі таңда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны дәлелденген. Сенім, ынта, ниет, жігер, қызығушылық және байланыс. Осы тіркестер сөз жүзінде іске асса, талантсыз оқушы деген түсінік жойылады. Оқушының шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады. Мен мектеп оқушыларына, олардың қабілеті мен қасиеттеріне, шығармашылық жолына сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлемдік саясаттану онтологиясы 10 томдық. Алматы, «Қазақстан» 2008 жыл. 400бет.
2. А.Е.Берикханова. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзіретті ұстаздарды даярлау негіздері. Алматы. – 2009жыл – 241 бет.
3. Уикипедия материалдары.
4. Алаш. Алашорда энциклопедия. Алматы «Арыс»2009жыл., 536бет.
5. Төлепбергенов.Б. Мәңгі жас-Алаш идеясы. Алматы., «Алматы» баспасы 2008 ж. 302 б.
6. Қазақстан тарихы. 5 томдық, 3-ші том. Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002 жыл. 740 б.
7. Аңыз адам журналы. 2013жыл.
8. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. I том 12 томдық. Алматы, Дайк-Пресс 2012 жыл. – 544 бет.
9. Әбиев.Ж. Педагогика тарихы. Алматы: «Шұғыла» баспасы, 2006 жыл. –400 бет.
10. Алаш көсемсөзі 9 том. 232бет. Өнер баспсы. 2011жыл. Жалпы 315бет.
11. Әлихан Бөкейханов. Таңдамалы. 1-кітап. «Өлке», – 248бет. 248бет.

## «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» МҮШЕЛЕРІ-КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ»

### № 79 негізгі мектебінің тәлімгері Бейісова Гүлжайна Серікқызы

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы.

Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру – жаманауи мемлекеттің стратегиясы.

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін № 79 негізгі мектебінде «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. Тұжырымдаманы негізге ала отырып «Мектеп Парламенті» құрамына 1-9 сынып оқушыларының барлығы мүше бола алады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең - 2016-2020жылдар), Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында құрылған «Мектеп Парламенті» ұйымының көшбасшылары сайланып, оқу жылы барысында мектеп ұстаздарымен бірлесе отырып жүйелі жұмыс жүргізуде.

Парламент мүшелері мекте ұстаздарымен бірлесе отырып мектепте төмендегі міндеттерді атқарып қазақ елінің гүлденіне сүбелі үлес қосып жүр:

1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;



2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету;

3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;

4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;

5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;

6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;

7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурс ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;

8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету.

«Мектеп Парламенті» ұйымында Президент және 8 фракция жұмыс жасайды. Әр фракцияны 8 көшбасшы басқарады, әр сыныпта фракцияларға депутаттар сайланған. Әр фракцияға тьюторлар (мұғалімдер) жетекшілік етеді.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.

2. Ақпарат фракциясы.

3. Спорт және салауатты өмірсалты фракциясы.

4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).

5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).

6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).

7. Дебат қозғалысының фракциясы.

8. Экология және еңбек фракциясы.

Мектеп парламенті негізгі жеті Парламент Кеңесінен тұрады.

1. Ақиқат кеңесі.

Мектеп оқушылар арасында болған, талас тудыратын сауалдарға және кеңес мүшелері арасындағы дауды шешуге көмектеседі.

Парламенттегі талас тудыратын сауалдарға нақты дәл шешім табады.

2. Оқу кеңесі.

Мектепте сабақ үлгерімі төмен оқушыларды басшылыққа алып оларға кеңестер беріп, үлгерімі жақсы, алғыр оқушылардың оларға қосымша сабақ беруін қадағалайды. Мектептегі тоқсандық қортынды шығаратын жиындарға қатысады;

Мектеп оқушыларының үлгерімі жөніндегі әкішіліктің жиындарына қатыса отырып, өз пікірін білдіруге құқылы;

Оқушылар арасында әлеуметтік мәселелерді қолдауға атсалысады.

3. Ақпарат кеңесі

Мектептегі анықтама қызметінің жұмысын және мектептің оперативті ақпарын даярлайды;

Мектеп парламентінің Интернетте сайтын құруға, қалалық «Радио баршаға» хабарына шығуға, ұйым шығармашылығы жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары беттеріне жарық көрсетуіне;

«Мектеп жаңалықтары» мектеп газетіне ұйым жаңалықтарын, қызметтің, іс-шарасын насихаттайды

4. Эрудиттер кеңесі

мектепте пән апталықтарының өтуіне;

интеллектуалы іс-шараларды оқу жылы басында мектеп жұмыс жоспарына енгізуге;

интеллектуалды ойындар, олимпиадалар байқаулар, жарыстар өткізуге көмек көрсетеді.

#### 5. Еңбек Кеңесі

оқушылардың тәртібі мен мектептегі жүрісін қадағалау;  
мектептегі қабырға сендтерін безендіруге;  
мектептегі оқушылар кезекшілігін үнемі қадағалау, кезекші постарын тексеру жұмыстары жүктелінеді.

#### 6. Эстетикалық Кеңес

Мектептегі ұжымдық шығармашылық істердің нәтижелі жүргізілуіне көмек көрсету;

Жаңа оқу жылына ұжымдық шығармашылық істерді жоспарлау;

Оқушылардың эстетикалық тәрбие үлгілерін сақтауына ықпал етеді.

#### 7. Денсаулық және салауатты өмір Кеңесі

спорттық іс-шаралардың жүргізілуін;

оқушылардың салауатты өмір ұстанымын жақтау негізінде акциялар, дөңгелек үтелдер, ток-шоулар ұйымдастыруын басқарады.

«Мектеп парламенті» жобасы бойынша № 79 негізгі мектебінде жүргізілген іс-шараларға тоқтала кетсем.

«Ұланбасын» тағайындау болды.

Сайлау 5-9 сыныптар аралығында тең сайлау негізінде жасырын дауыс беру арқылы өтті.

Оқушылар сайлауға жақсы қатысып, өздері таңдаған үміркерге дауыс берді. Дауысты санау нәтижесінде көпшілік дауысқа ие болған үміткер анықталды.

Сайлау нәтижесінде Әшірбек Сымбат № 79 мектептің «Жасұлан» ұйымының «Ұланбасы» болып тағайындалды.

«Ұланбасы» - «Жасұлан» ұйымының көшбасшысы болып есептеледі және мектеп оқушыларының қоғамдық қызметін басқарады, оқушылар мен мектеп ұстаздары арасында туындаған мәселелерді шешуге атсалысады. Түрлі әлеуметтік жобалар мен шараларды ұйымдастырады.



«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қаңғыбастық пен қадағалаусыздықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың суицид, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 5 - 9 сынып оқушыларына түсіндірме жиыны болып өтті.

Жиынды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Нақыпова ашып мектепте құқық бұзушылықтың алдын алуда жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды, полиция инспекторы Н.Қожабаев қатысып сұрақтарға жауап беріп өз ойларын ортаға салды.

Мектебімізде «Ұстаздар күні» мерекесіне арналған «Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өткізілді. Дублер күнінің мақсаты:

мектептегі өзін-өзі басқару мектеп парламенті жұмысын жаңдандыру;

тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың;

ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

Парламент мүшелері әр сыныпқа пән бойынша дайындықпен келіп сабақ өту үстінде.

30-шы қазан күні мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының 6-9 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстаздар ұлы тұлғалар» тақырыбында ұстаздарға мерекелік кеш ұйымдастырылды.

«Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында мерекелік концерт болып өтті.

Мақсаты: оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

Оқушыларға еңбекті сүйеге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу.

Мектеп парламенті ұйымының «Дебат қозғалысы» фракциясының жетекшісі Әшірбек Сымбаттың ұйымдастыруымен «Байқоңыр бағымыз деп есептейді» тақырыбында дебат өткізілді.

Мектеп парламентінің жоспарына сәйкес Өтебай Дидар Спорт фракциясы негізінде бастауыш сынып оқушыларына сайыс сабақ өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, жылдамдыққа, шапшаңдыққа белсенді болуға тәрбиелеу. Спорт денсаулық кепілі екенін ұғындыру.

«Алаш қозғалысы және қазіргі қоғам» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен пікірталас болып өтті. Мақсаты: Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы туралы оқушыларға жалпы мәлімет бере отырып, осы саяси ұйымдардың мәні мен мақсаттарын түсіндіру. Алаш қозғалысы туралы оқушылардың бойына нақты пікір және жеке көзқарастарын қалыптастыруға көмектесу, өз көзқарастарын білдіру, өз ойларын түйіндеп айта білу қабілеттерін дамыту.

Алаш қозғалысының қайраткерлерін мысалға келтіре отырып ұлтжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу, елін, ұлтын сүйу және мақтана білуге жағдай жасау, ұлт көсемдерін құрметтеуге, өмірлерін, істерін үлгі ете білуге үйрету.



## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ-ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕР ҮЛЕСІМДІЛІГІ

Облыстық білім басқармасы оқу орталығының (әдістемелік кабинет)  
әдіскері Бекетова Дина

Кез-келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші-жастар. Мемлекетіміздің дамуы - бәсекеге қабілетті жастар, бұл дегеніміз тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Осы орайда, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең – 2016-2020 жылдар) енгізілді. Бұл жоба білім алушылардың бойындағы азаматтық жауапкершілік, белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік сонымен қатар, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азамат тәрбиелеуге арналған.

Мектеп ортасында өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға арналған бұл жоба Қызылорда облысының білім беру мекемелерінде қарқынды дамып, жолға қойылған. Облыстың білім беру ұйымдарында кез-келген мерекелік іс-шаралар «Мектеп парламенті» мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі. Белсенді оқушылар, мектеп өміріне бей-жай қарамайтын өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асырып, өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру шеберліктерін шыңдап жүр деп толыққанды айта аламын.

Сонымен қатар, аталған жоба аясында Қызылорда облыстық оқу орталығында (әдістемелік кабинет) білім беру ұйымдарының «Мектеп парламенті» жобасына жауапты мамандар арасында әдістемелік тәжірибе алаңдары, семинарлар, онлайн вебинар, әдістемелік вернисаждар өткізіліп тұрады. Атап айтатын болсақ, 2023 жылдың ақпан айында жобаның озық, озат жұмысын тарату, насихаттау мақсатында әдістемелік вернисаж және сәуір айында «Мектеп парламентінің оқушылар үшін маңызы бастамалар уақыты» тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Ай сайын «Мектеп парламенті» жұмысын насихаттау мақсатында Алаш қозғалысының 105 жылдығына арналған «Ақпараттық тайм» жобасы іске қосылған. Бұл жобада жұмыс жоспары бойынша ай сайынғы өткізілген іс-шараның есебі мен үздік деп танылған мектеп жұмысы көрсетіледі. «Ақпараттық тайм» жобасына мектеп білім алушылары белсене қатысып, жоба аясындағы жауапты мамандар өз әдіс-тәсілдерін жоғары деңгейде көрсетеді.

Қоғамдық іс -шараларға белсене қатысқан оқушыларға ерекше көңіл аударатын, пікірсайыс ұйымдарының пән ретінде маңыздылығын арттыратын, жекелеген бағыттарда оқушылардың мәдени, эстетикалық дамуына көңіл аударатын «Мектеп парламенті» жобасы оқушылар бойында сенім, ынта, ниет, жігер және қызығушылық қалыптастыратынына сенімдімін.



## ҚЫЗЫЛОРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ КОЛЛЕДЖІ

### Бериков Елжан Берикович

Бериков Елжан Берикович – Қызылорда медициналық жоғарғы колледжінің белсенді студенті (2020), Студенттік Парламенттің сурет фракциясының басшысы (2021), Студенттік Парламенттің президенті (2022), Қызылорда медициналық жоғарғы колледжінің Емдеу ісі 3 курс «17» топ студенті. Мен 2004 жылы 25 желтоқсанда Қызылорда облысы Қарақшы ауданы Байқоңыр қаласында дүниеге келгенмін. 2020 жылы Қызылорда медициналық жоғарғы колледжіне оқуға түстім.

Мен 2021 жылы колледждің белсенді студенттер қатарына кіріп, қоғамдық жұмыстарға атсалысып, өзінің кәсібінде қатар алып, спортты да, шешендікті де, сахналық қабілетті де бірге алып жүрдім. Мен осы қабілетім арқылы белсенді студент болу үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты талап ететінін түсіне білдік, өз ортама түсіндіре, көрсете білу. Колледждегі іс-шара, қоғамдық жұмыстардан бөлек, Қызылорда облысының Әкімі-Нұрлыбек Нәлібаевпен, Қазақстан Республикасының Бірінші Вице-Министірі-Шолпан Танатовнамен кездесу жүргізіп, Студенттік Парламенттің мүшелерімен бірге қатысып, олардың осыған белсенді түрде атсалысуына көп күш жұмсадық. Студенттік Парламентке келгендегі басты мақсаты өзімізді дамыту рухани байыту, және де маман ретінде даму, студенттік шақтан ерекше естеліктер қалдыру.

Студенттік Парламентпен бірге осы уақытқа дейін бірнеше семинар, дөңгелек үстел, сала мамандарымен кездесу, спорттық мәдени шаралар өткізіліп келеді. 2023 жылдың 17 наурызында «22 наурыз Әз-Наурыз» мерекесі қарсаңында үлкен концерт ұйымдастырылып, жоғарғы деңгейде өткізілді. 2023 жылдың 11, 12, 13 сәуір күндері ашық есік күніне арнап кездесу болды. 2023 жылдың 4 мамыр күні Қызылорда медициналық жоғарғы колледжінің Студенттік Парламентінің «Жылдық қорытынды кеші» өткізіліп, 17 белсенді студентке алғыс хат берілді. 2023 жылы 5 мамыр күні «Қарттар үйіне» барып, қарттарымыздың көңілін көтеріп, концерт беріп келдік.

Бұл ұйым тек іс-шара өткізу ғана емес, көптеген жиналыс, конференцияларға қатысуда болып табылады. Оның біреуін айта кетсем, 2022 жылы 15 желтоқсан күні Парламент ұйымымен бірге Қызылорда облысындағы «Аманат» партиясы ұйымдастырған конференцияға қатысып, өзімізге керекті мәліметтерді алып келдік. Студенттік Парламент фракциялары бұнымен тоқтап қалмай, алда келе жатқан 1 маусым «Балалар күніне» орай балалар үйіне баруды жоспарлап отырмыз.

Менің және Мен бастаған ұйымның колледже ғана емес, қоршаған ортаға, қарттарымызға, бүлдіршіндерімізге, болашағымызға жасаған жақсылықтары, естен кетпес естеліктеріміз көп. Бұл жұмыс тоқтап қалмай, әлі де жалғасын табады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». Бұл мақалдың мағынасын мен былайша түсінемін. Әр адам адал жолмен еңбек етіп, бар маңдай терін төксе ғана жұмысының жемісін көре алады. Күн, түн демей еңбек етсе, талаптанса дегеніне жетеді. Әрекет ету керек. Сонда ғана еңбектің тәтті дәмін татасын.



## ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ӘЛЕМДІ БАСҚАРУҒА АПАРАР ЖОЛ

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫ М.ГОРЬКИЙ АТЫНДАҒЫ № 16 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ ПЕДАГОГ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ БҮРШҚОВА АЙГҮЛ БОЛЫСБЕКҚЫЗЫ



Бала тәрбиесі - ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын жауапты іс. Ата-бабамыз өскелең ұрпақтың саналы, зерек, ұлтжанды болып өсуін көздеген. Өз ұлтының ауыз әдебиетімен сусындап, батырлық жырларды, бесік жырын бойына сіңіріп өскен бала ел басқарар, ұлтын сүйетін тұлға болып қалыптасары сөзсіз.

Қазақта: «Қой асығы деменіз,

Қолыңа жақса, сақа тұт.

Жасы кіші деменіз,

Ақылы асса, аға тұт»-деген халық даналығы бар. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі таңда табиғат қазба байлықтары таусылған немесе аз мемлекеттер адами капиталға назар аударып жатыр. Яғни, сол мемлекетті

кұраушы адамдардың заман талабына сай ойлауы мен білімінің болуын көздейді. Ел болашағы жастар десек, осы жастардың мектеп жасынан бастап ел ісін басқаруға үйренуі, біліммен қарулануы, халықтың мүддесіне жетуіне жұмыс жасауы қажет-ақ. Осыны ескерген білім беру ісінің мамандары оқушылардың өзін-өзі басқару қабілеттерін дамытуды қолға алды. Ол үшін ел мектептерінде арнайы өзін-өзі басқару ұйымдары құрылған болатын. Мұндағы мақсат-саналы, өз ісіне жауапты, қамқор, әділетті, білімді азаматтарды тәрбиелеп шығару. Осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді. Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің ұжымымызда оң нәтижесін беруде. Мектептегі өзін-өзі басқару білім беру процесін демократияландыру мен көшбасшылық қасиеттерді дамытуға, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға және бар мәселені бірлесіп шешуге өз ықпалын тигізетіндігін көрсетті. Атап айтар болсақ, қазіргі кезде мектеп-лицейімізде мектеп парламенті мүшелері жұмыс жасауда.

Олар мектепшілік түрлі шараларға атсалысады, қандай да бір мәселелер туындаса, өзара талқылайды, бірлесе отырып шешеді, басқа оқушыларға қолдау білдіреді. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысының нәтижесінде өзара қарым-қатынасты түзетіп, ұжым өмірін жариялылыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару ісіне үйрене бастады.

Сонымен қатар оқушылар әрекетінің тең құқылығы, жалпы адами асыл құндылықтарды шынайы бағалауға, өзіндік шешім қабылдауға оқушылар мектептегі барлық білім алушылардың мүддесіне сәйкес бастамалар көтеріп, тиісті шешім қабылдауды және оларды жүзеге асыруды үйренді. Тәртіпті ауызша талап етпей, жастарды сол тәртіп пен білімді өздерінің қол жеткізуіне итермелесек, бағындырар белестеріміз көп болмақ!



## МЕКТЕП ІСІН ЖАНДАНДЫРУШЫ ҰЙЫМ

### Қызылорда қаласы Қараөзек ауылы №39 «Қызылөзек» орта мектебінің аға тәлімгері Ержанова Ботагоз Аскараровна

Елімізді жарқын болашаққа бастайтын өскелең жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру — бүгінгі таңда аса өзекті тақырыптардың бірі. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелді. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды.

Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс», – деген болатын. Сондықтан мектептерде білім мен тәрбиені қатар ұштастырып, оқушыларды жан-жақты тұлға тәрбиелеу мәселесіне аса ден қойылған. Осы ізгі мақсат жолында Қызылорда қаласының №39 «Қызылөзек» орта мектебі де қалыс қалған емес. Білім ордасы оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, жауапкершілік дағдыларын дамыту, шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен Отанымыздың жарқын болашағы үшін жұмыс істей алатын жоғары интеллектуалды гуманистік бағытта азамат тәрбиелеуге баса мән беруде. Осыған орай



2022-2023 оқу жылының басында «Мектеп парламенті» жобасы қолға алынды. Ұйымның жұмысын дамыту мақсатында білім алушылар арасында мектеп парламентінің президенті оқушылар мен ұстаздардың дауыс беруі арқылы сайланды. Сайлау нәтижесінде 10-сынып оқушысы Әбдікәрім Дана мектеп президенті болып тағайындалды және парламенттің 8 фракция министрлері сайланды. Жоба жетекшісі болып мектеп тәлімгері Ержанова Ботагоз бекітілген болатын.

Мектеп парламенті жыл көлемінде өз жұмыстарын аса зор қызығушылықпен, жауапкершілікпен атқарды. Әр жобаға түрлі іс-шаралар, жарыстар, акциялар мен флешмобтар, экскурсиялар ұйымдастырып өткізді. Атап

айтсақ, Қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен «Жақсылық жасай білейік» акциясы аясында ауылымыздағы көмекке мұқтаж жандар мен қазыналы қарияларға барып, өздерінің қол көмектерін жасап, бата-алғыстарын алды.

Сонымен қатар оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Спорт фракциясы түрлі спорттық жарыстар өткізді.

Оқушылардың көпшілік алдында сөйлеу қабілетін қалыптастыру, логикалық ойын және қосымша білімге деген қызығушылығын арттыру үшін дебат қозғалысының фракциясы әртүрлі тақырыпта пікірсайыстар ұйымдастырды.

Білім алушылар арасында экологиялық білім мен мәдениетті арттыру аясында «ЕСО-ALEM» үстел ойыны өткізілді. Оқушыларға қоқысты дұрыс сұрыптау, қайта өңделетін қалдықтар, сұрыптаудың жолдары мен экологиялық зиянды заттар жайлы, қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушыларының ойынға деген қызығушылықтары мен белсенділігі жоғары деңгейде болды. Мәдениет және өнер фракциясы мектептегі түрлі мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

Осылайша білектің емес, білімнің күшімен ілгерілейтін жаңа заманның жастарын тәрбиелеуге мектеп парламенті де өзінің сүбелі үлесін қосып жатыр.





## «КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ - МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНДЕ»

Еришова Жанар, № 94 орта мектеп

Бүгінгі таңда еліміздің болашағы жастар деп оларға зор үміт артып жатамыз. Мектеп қабырғасында жүргеннен бастап жауапкершілікті сезініп, өз бетімен жұмыс жасап, алға талпынатын оқушылар да аз емес. Сондықтан да кез-келген мектепте «Мектеп парламенті», яғни өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. Жас, сыныпты есепке алмай бұл ұйымның оқушылар үшін маңызы орасан зор. Ұйымның басты мақсаты – оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауы ғана емес, сонымен бірге ұйымда көшбасшы сайланып оқу барысында мұғаліммен біріге отырып, нәтижелі, жүйелі жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар парламент мүшелері мектеп ұстаздарымен бірге отырып төмендегідей қызмет атқарады:

- 1) оқушылардың шығармашылық белсенділігін артырып, өз бетінше жұмыс жасау;
- 2) оқушылардың өз құқығы мен мүддесін қорғауға, яғни әлеуметтік көмек және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету.

Бұл әрекеттің барлығы парламент мүшелерінің атқарар қызметтері. Әрине бұл жерде оқушы ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің атқарар орны бөлек. «Мектеп Парламенті» ұйымы президент және 8 фракциядан тұрады. Әр фракцияны 8 көшбасшы басқарады. Әрбір фракцияға тьюторлар (мұғалімдер) жетекшілік етеді. Парламентке 9-11 сынып арасындағы белсенділер мүше бола алады. Сонымен қатар сынып ұжымы ұсынған беделді оқушы жіне өз еркімен парламент жұмысына қызығушылық танытқан оқушы Парламент жиналысында қабылданады. Парламент мүшелері ұжымдық түрде жұмыс атқарады. Ұжымдық топ парламенттің шығармашылық тобы деп аталады.

Жалпы айтқанда Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, мектеп өміріне жәйдан-жәй қарамайтын, өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асыратын, өздерінің коммуникативті жіне ұйымдастыру шеберліктерін шыңдайтын ұйымның бірі. Бір сөзбен айтқанда келешектің көшбасшылары!

## ШАРЫҚТА АТАМЕКЕН ҚЫРАНДАРЫ

«Атамекен балалар ауылы»  
Қосымша білім беру педагогы  
Жүсіпбекова Ақнұр

Жас мұраты, білім, тәлім — талабы...  
Өнер, оқу - жастықтың қару жарағы  
/Лияс Жансүгіров/

Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйеге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеу баршамыздың алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу - қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі.

Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру - заманауи мемлекеттің стратегиясы. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өскелең ұрпақ (балалар, жасөспірімдер, жастар) тәрбиелеудің қолданыстағы моделі трансформацияны және жаңа идеологиялық негізді талап етеді. Қазақстан Республикасының балалар-жасөспірімдер және жастар қоғамдық қозғалысы шеңберіндегі кеңестерінің орнына жастар Парламенті түріндегі бірыңғай құрылымдық моделі бола алады.

Атамекен балалар ауылындағы өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің ауылды басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Ауылымыздағы жастар парламенті белсенділерінің жұмыстары жүйеленіп, қазіргі таңда тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы үшін өз мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, үздіксіз жұмыстар атқаруда.

Дәстүр бойынша оқу жылының басында ауылымызда үздіктің үздігі оза шабатын өзін-өзі басқару ұйымының балалар ауылының Президентін сайлауы өтеді. Биылғы оқу жылында да әр отбасынан үміткерлер сайлау алды бағдарламаларын ұсынып, ауыл Президенті болуға талаптанған көшбасшылар алға қойған мақсаттары айқын, жоспарлары анық, қадамдары нық екенін көрсетті.

### Ауыл Президенттігіне Үміткерлер



24 қыркүйек күні өзін - өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде сайлау ережесін сақтай отырып, жасырын дауыс беру арқылы өткізілді. Сайлау ережесіне сәйкес сайлау комиссиясы мен бақылаушылар, тәуелсіз бақылаушылар жұмыс жасады. Барлық ауыл тұрғындары бірауыздан түгел сайлауға қатысып, өз таңдауларын жасады. Сайлау қорытындысы нәтижесінде басым дауыс жинаған «Үшқоңыр» отбасының үміткері - Қосмамбетова Нүргүл Атамекен балалар ауылы Президенті болып сайланды.



**Ауыл президенті  
Қосмамбетова Нұргүл**



**Сайлау барысы**

Жаңа Президентпен бірге өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамы анықталды:

- Оқу-ағарту министрі – Қыпшақбаев Ерсұлтан
- Құқық және тәртіп министрлері – Тараканов Руслан
- Мәдениет және өнер министрі – Камбарова Рамиля
- Ақпарат және баспасөз министрі – Федорова Полина
- Спорт және салауатты өмір салты министрі – Чуйков Федор
- Экология және еңбек министрі – Муслимова Мөлдір

Әр министр өз жауапкершілігіндегі қызметтерді белсенділерімен бірге бірлесіп атқаруды және жаңа көзқарастағы идеяларды жүзеге асыруды мақсат етеді. Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, ақпараттандыру, білім сапасын арттыру және жауапкершілікті арттыруға негізделген. Парламент құрамындағы әрбір тәрбиеленуші өз бағытының үздігі.





Атамекеннің жастар парламенті белсенділерінің ұйымдастыруымен қызықты бастамалар, мәдени іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бір жағынан өз мүмкіндіктері мен тың идеяларын шыңдап жатырса, екінші жағынан барша жасөспірімдерге жаңалық ашуға, ізденуге талпындырып келеді.

«Атамекен қырандары» дебат клубының тәрбиеленушілердің өз ойларын айқын жеткізу, пікірталаста көзқарасын қалыптастыруда орын ерекше.

Дебат клубының мақсаты өте ауқымды - дарынды және бастамашы жастарды дамыту, қоғамның әлеуметтік және саяси бағытталған азаматтарын қалыптастыру, клуб мүшелерінің сыни ойлауын, шешендік шеберлігін, коммуникативті дағдыларын дамыту, шығармашылық кәсіби тұлғаны, даралықты, клуб мүшелерінің өз көзқарастарын қорғай білу, басқаларды сендіру, сондай-ақ өз қателіктерін мойындай білу қабілеттерін еркін дамыту болып табылады.



«Дебат қозғалысы» жобасы аясында «Атамекен қырандары» дебат клубының белсенді мүшелері айына бір рет түрлі тақырыптарда пікір сайысын өткізеді: «Ғаламторға шығу еркіндігі мен смартфон, гаджеттердің зияны мен пайдасы», «Қазіргі заманғы жастарға патриотизм тән бе?», «Жетістікке жетудің жолы - еңбек» «Робототехника, олардың кемшілігі бар ма?»





Тәрбиеленушілерді қоршаған ортаны қорғау және еңбекке баулу мен нәтижелі іске ұмтылдыру мақсатындағы еңбек және экологиялық тәрбие жобасы аясында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Әр сенбидегі дәстүрлі Еңбек күні мен үй іргесіндегі және аулада жүргізілетін еңбек терапиясы қазір біздің ауыда дәстүрге айналған. Көктемнен басталып, жаз бойы тынбастан күтім жасап, күзде отбасы болып жинап алатын «Еңбектің- наны тәтті» болатыны даусыз.

«Атамекен» балалар ауылына 2021 жылы «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, белгілі меценат Мыханов Бердібек Сартайұлы жылыжай құрылысын салып берді. Жылыжайдың іске қосылуымен балалар ауылында «Еңбек- менің мұратым» айдарындағы еңбек және экологиялық тәрбие жобасы іске асырылды. Жылыжайда қияр, қызанақ, көк жуа, ақжелкен, болгар бұрышы, редиска секілді көкөністер өсіріледі.

Еңбек терапиясы - Эко плаггинг ұйымдастырылып тұрады. Плаггинг - жүгіру мен тазалықты ұштастыру арқылы экологияға қамқорлық танытудың бір түрі. Шараға қатысушыларға европалық стандарт бойынша қоқыс пакеттері таратылып, баяу жүгіру арқылы жолындағы қоқыстарды пакеттерге жинау.

Қорыта айтқанда, елі-міздің болашағы үшін білімді жастарды дайындау ғана емес, бойына рухани құндылықтарды дарыта білген жас буын өкілдерін тәрбиелеп шығару керек. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін әрдайым есте сақтайық, оларға да ұғындырайық.



## ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ: САНАЛЫ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық  
мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Жүсіпова Сандуғаш Мәлікқызы

Жас ұрпақтың тәрбиесіне қойылатын басты талап – адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін, өз Отанын сүйіп және құрметтейтін, өзара қарым-қатынас жасай білетін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қоғам талаптарымен үйлестіре білетін әлеуметтенген, саналы азамат қалыптастыру үшін оңтайлы тәрбие үдерісін ұйымдастыруға, соның негізінде жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына баса назар аудару қажет. Осы орайда Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында «Өзін-өзі басқару» жобасы жұмыс жасайды. Жобаның мақсаты: Мектеп-интернаттың оқу-тәрбие үрдісін демократияландыру, оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту, оқушылардың қызығушылығы мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға жағдай жасау. Жобаның нысаны: оқушылар парламентінің мүшелері. Оқушылар парламентінің негізгі жұмыс тәртібіне сайлау, ұлықтау, жоспар, мақсат, міндет және тәрбиеленушілермен жүйелі жұмыс жүргізу жатады. Жобаның жұмыс мазмұнына: шаңырақ жиынын өткізу, басқару, қадағалау, іс-шараларда оқушылар парламентінің белсенділігін арттыру, кезекшілік жүргізу және атқарылған жұмыстардан нәтижеге жету. Осы аталған жоба бойынша жұмыстардың барлығы өзін-өзі басқару парламентінің жоғарғы органы «Шаңырақ жиыны» жұмыс істейтін үйлестіруші орган ретінде құрылып және осы ереже негізінде әрекет етеді. Мектеп-лицей-интернатымызда әр оқу жылында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы оқушылар президенттігіне сайлау өткізіледі. Сайлауға қатысатын оқушыларға шектеу қойылмайды. Биылғы жылы да оқушылар президенттігіне үміткер оқушылар сайлау алды бағдарламаларын ұсынып, оқу жылында атқаратын жұмыс жоспарларымен оқушыларды ақпараттандырды. Сайлауға мектеп-лицей-интернаттың барлық қызметкерлері мен оқушылары қатысып, дауыс берді. Жоғары ұпай жинаған үміткер «Оқушылар президенті» болып сайланды. Сайлауға түскен басқа да ұпайлары жоғары көшбасшы оқушылар парламент мүшелігіне қабылданды. Премьер министр, білім, тәрбие, мәдениет министрлері сайланды. Оқушылар президенті мен парламент мүшелері арнайы жиында ұлықталып, ант қабылдады. Жиын соңында мектеп-интернат директоры мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жаңа президентін құттықтап, оқушылар президенті мен министрлерге өкілеттігін куәландыратын құжатты салтанатты түрде тапсырды.



Оқушылар парламенті жұмысының моделіне сәйкес оқушылар президенті мен министрлер жұмыстарды жоспарлап, жүйелі жүргізуде. Мақсаты: мектеп-лицей-интернат пен жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін сақтау, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі бағыттауға қалыптастыру. Жұмыстарды жүргізуде үйлестірушілер көшбасшы оқушылар, сынып старосталары, үздік оқушылар, тәртіп, тазалық, кітап, мәдениет, спорт секторлары. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде өзін-өзі басқару

жүйесінде өз алдына мақсат қоя білетін, терең білімді, саналы, тәрбиелі, тәртіпті, өнегелі, өз дарынын, өзінің жақсы қасиеттерін мектеп-интернаттың игілігіне қолдана білетін тұлға қалыптасуда.



Жоспарға сәйкес ай сайын атқарылған жұмыстарға оқушылар есеп беріп, «Шаңырақ жиындарында» оқушылар өз ой-пікірлерін ашық айтып, өз жетістіктерімен бөлісуде. Білім, тәртіп мәселелері қаралып, ойларын ортаға салады. Түрлі тақырыптарда сынып жиналыстары өткізілді.

Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы жоба арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді. Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің ұжымымызда оң нәтижесін беруде.

Сонымен қатар «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының өз төлқұжаты бар.

Қауымдастық үш топқа бөлінген. Зерде, Тұран, Ақмешіт топтары. Әр топтың өз эмблемасы, ұраны, жалауы бар. Мектеп-лицей-интернатымызда «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының орталығы жабдықталған. Орталықта парламент мүшелерімен көшбасшы оқушылардың жұмыс жасауына жағдай жасалған. Жүргізілген барлық жұмыстар осы орталықта жинақталған. Сонымен қатар әлеметтік «Parlament\_tynysy» парақшасы уақыты жүргізіліп, қаралым саны күн сайын артуда. Сөзімді қорытындылай келе, оқушылардың өзін-өзі басқаруы – оқушылардың бастамасына, дербестігіне, шығармашылығына, өз өмірін жетілдіруге, жауапкершілік сезіміне, өзара көмекке және оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттеріне негізделген мектеп ұжымының өмірін басқару. Интернатымыздың өзін-өзі басқару ұйымы балалардың шығармашылығын, тазалығын, ұқыптылығын, тәртібін қадағалауда мектеп ұжымына әрқаз көмек беріп келеді. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану кейбір теріс әрекеттердің болдырмауына зор кепілдік беріп келеді. Өзін-өзі басқару ұйымының мектепте етене әрекет етуі оқушылар үшін де, ұстаздар үшін де пайдалы және нәтижелі. Жоба аясында атқарылған шаралар балалардың өз мүмкіндіктерін дамытып, бос уақыттарын тиімді пайдалануға, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, жаңа өзгерістерге ашық, саналы ұрпақ болып қалыптасуына зор үлесін қосатын жоба ретінде жүзеге асырылуда.



## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ – ТӘРБИЕНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

### Жамбыл атындағы № 120 орта мектебінің тәлімгері Жұмабекова Ботакөз Мүсірепханқызы



Білім беру ұйымдарында өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында барлық мектептерде «Мектеп парламенті» жобасы жұмыс жасауда. Парламенттің мақсаты: Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік шығармашылыққа дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Мектеп парламенті бұл оқушылардың өз еріктерімен біріккен ұйым, мектеп өміріндегі мәдени іс - шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсенді түрде атсалысып, өз ойын ашық

айтып, алдағы уақытта шыңдалып, қоғамға өз үлесін қосуға дайын тұлға. Парламент – адал мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы және оқу – тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Жамбыл атындағы № 120 орта мектебінің «Мектеп парламентінің» оқушылары 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне, «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында апталық ұйымдастырды. Апталықта оқушылар «Оқуға құштар – мектеп», «Театр және балалар», «Дебат» жобалары бойынша жұмыстар жүргізді. Мектеп Президенті «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында апталықтың ашылуына және алдағы өткізілетін жұмыстардың өз дәрежесінде өтуін жауапкершілігіне алып, жұмысты бастады. Ақпарат фракциясы «Жасай бер, менің Қазақстаным!» тақырыбында сурет сайысын, Мәдениет және өнер фракциясы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша: «Қазақстан - менің Отаным» мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырды.

Спорт және өнер фракциясы ата – ана мен оқушылардың бірлесуі мен волейбол сайысын, Құқық және тәртіп фракциясы «Ауылдағы өмір мен қаладағы өмірдің айырмашылығы бар ма?» тақырыбында пікірсайыс өткізді. Экология және еңбек фракциясы «Театр және балалар» жобасы бойынша «Мәңгілік ел – мәңгілік тарих» театрландырылған қойылым өткізді. Қамқорлық фракциясы «Тәуелсіз елдің ұландары» флешмоб сайысын және «Қамқорлық - адамгершілік белгісі» тақырыбы бойынша видеоролиг жасады. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы «Достық - адам айнасы» интеллектуалдық сайыс, Дебат фракциясы «Оқушының білім алуына мектеп формасы қатысты ма?» тақырыбында дебат ұйымдастырды. «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыбында апталықтың жабылуында оқушылар «Жас Қыран» ұйымына қабылданды және іс-шараға белсенділікпен қатысқан оқушылар марапатталды.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар. Парламент өздеріне бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасап, мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымдағы істерге бей-жай қарамайды. Олар әрбір жұмысына шығармашылықпен қарап, ұжымдық түрде жұмыс жасайды. Сонымен бірге білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.





## «ЖҮРЕГІ ЖЫРДАН ЖАРАЛҒАН»

Ибрагимова Дина Досановна

Қазақша би. 7-сынып қыздары.

1-Жүргізуші:

Құлы болмай мансап пенен даңқтың

Елге ерен еңбегімді таныттым.

Ел еркесі екеніме мақтанам,

Өз ақыны болғанымға халықтың.

1-Жүргізуші: Армысыздар ақын елінде туған, өмірінің соңына дейін өнер жолын кұған, ақындықты бойына тұмар еткен, айтқан сөзі шығар шын жүректен, қара сөзден, маржан сөзбен өлең кестелеген, тума талант, айтыс өнерінің ақтаңгері- дарабоз ақын Манап Көкеновтың 95 жылдығына арналған «Жүрегі жырдан жаралған» атты еске алу кешіне қош келдіңіздер!

Кешімізді ашып беру үшін сөз кезегін мектебіміздің директоры Ибрагимов Жанәділ ағайға, ауылдық мәдениет үйінің директоры Көкенов Убайдулла ағайға және тәрбие ісінің меңгерушісі Қошанов Абзал ағайларға сөз береміз.

Жүргізуші:

Тірлікте бағын ашып тәңір мұның,

Өнердің берген әр қырлығын.

Талай жан айтып кетті, айтады әлі,

Манаптың ақындығын, тапқырлығын – талай рет өткен жыр додасында аузымен құс тістеген айтыстың небір ақтаңгерімен сайысқа түскенде, шашасына шаң жұқпай шығып жүрген Манап Көкенов 1928 жылы 20 мамырда Жаңақорған ауданы «Талап» кеңшарында дүниеге келді. Манап Көкеновтың есімі Сыр бойына ғана емес, әсіресе айтыс ақыны ретінде республикамызға жақсы мәлім. Ол табиғаттың дара құбылысы ретінде танылған тұнба талант иесі, Сыр сүлейлерінің бірі болды.

«Жарқын бейне» бейне роликке назар аударыңыздар!

2-Жүргізуші:

Келді елді өлең жырмен танытқым,

Аралап мен талай жерге барыпшын.

Ел өмірін арқау етіп өлеңге,

Халықтың да ақыны боп қалыпшын - деп шабыттана жырлаған ақынның өлеңдерін жатқа айтуға 5- сынып оқушыларына береміз.

2-Жүргізуші:Талай рет өткен жыр додасында аузымен құс тістеген айтыстың небір ақтаңгерімен сайысқа түскенде, шашасына шаң жұқпай шығып жүрген ақын Манап Көкеновтың есімі Сыр бойына ғана емес, әсіресе айтыс ақыны ретінде республикамызға жақсы мәлім.

Әркімдерді-ақ арман алға жетелер,

Үміт,талап оны талмай көтерер.

Ерлік, еңбек, өнер, білім тап болса,

Аңсап күткен мақсат бір күн өтелер – ән сахнада Рысбек Ерлік

1-Жүргізуші:

Күндіз түн өнер жолын толғанатын,

Кірпішін қалап кетті қаланатын.

Өмірден өткенімен көңілде тұр,

Мәңгілік ұмытылмас Манап ақын

Ендігі кезек көз көргендер айдары. Халық ақыны Манап Көкеновтың ғұмыры, шығармашылығы жайлы, естеліктер айту үшін, туыстары, Көкенов Құттықожа, ұлы Көкенов Убайдулла ағайға сөз кезегін береміз.



2-Жүргізуші:  
Жаңақорған –жәннәтім, өз мекенім,  
Білемін Бар бақытым сенде екенін.  
Өзінді әрқашанда шын жүректен,  
Ардақтап өз анамдай әндетемін,- деп ақынның өзі  
жырлап өткендей сахнада

Әжімұрат Гүлмаралдың «Гүлденген жаңақорған» әнін  
қабыл алыңыздар!

1-Жүргізуші:  
Күн шұғыласын , шашса нұрын себелеп,  
Таң-тамаша бар табиғат жадырар.  
Жүрегіңді жылытар бір керемет,  
Өлеңнің де күн қызулы нәрі бар,-деп Манап ақын  
шабыттана жырлағандай, ендігі кезекті ақын поэзиясына  
береміз.

5- сынып оқушылары:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

2-Жүргізуші: М.Көкенов айтыс ақыны болуымен бірге лирикалық өлеңдерді де  
өндіре жазған. Оның Отан, туған жер, азаматтық, елжандылық жайлы жырлары жүрекке  
жақын, көңілге ыстық. Ал термелері мен толғауларының тәлім-тәрбиелік, ғибраттық  
мән-мағынасы зор.



«Күй» 8-9 сынып қыздары.

1-Жүргізуші:

Айтысқа түсе қалса Манап топта,

Басына салдырмады бір де ноқта.

Күлкіге көмілдіріп жүрген жерін,

Көрінді орыс боп та Қыдыр боп та- дей келе келесі кезекте көрініске назар  
аударыңыздар.

Манап Көкенов « Бәтеңкемен айтыс»





2- Жүргізуші:

Маржандай әр бір сөзі баланатын,  
Мықты бір кірпіштей қаланатын.  
Жүйріктей шаң жұқпаған шашасына,  
Айтысқа түсе қалса Манап ақын. Қарсы алыңыздар Манап пен Гүлсара ақындар  
арасындағы айтыстан үзінді.  
(Айтыс кетеді )



1-Жүргізуші

Жүргізуші:

Халық ақыны Манап Көкенов ұрпақ үшін артына мол мұра қаддырып кетті.  
Сүйікті ақыны еткен халқы қалап,



Мәңгілік жүрегінде қалған Манап,  
Бұл күнде кең даланы шарлап кетті,  
Есімі жыр боп шалқып, ән боп тарап.

Ақын Манап Көкеновке арналған өлеңдер мен поэмалардан, ән- жырлардан кезек береміз

1. Рахман
  2. Арафат
  3. Зейнүр
  4. Балжан
  5. Нұрсұлтан
- 2-Жүргізуші:

Бұл күнде дүниеден өткен артына таусылмайтын мол рухани қазына тастап кеткен, тілі жүйрік, ойы орамды Халық ақыны Манап Көкеновтың өзі жыр дүлділі, Сыр сүлейлерінің біріне айналған. Оның ұтымды өлең жырларымен ойлы толғаулары, табан астында тауып айтқандары мен қызықты айтыстары кезінде өзін алақанына салып аялаған туған халқының аузында жүр. Оның маржандай мол мұрасынан кейінгі ұрпақтың өнегетәлім алып беретініне сөз жоқ. «Манаптың бір өзі –бір театр.

Өлеңін жазған Адырбек Сопыбеков

Әнін жазған Бексұлтан Байкенжеев

Хор: «Ардақты аға»

1-Жүргізуші:

Қызықпаймын ақшаға ,алтынға да,  
Алтыннан қымбат көпке нарқым барда.

Елеусіз боп ешқашан қалалмаймын,

Есімімді ұмытпас халқым бар да- деп ақын Манаптың өзі айтып кеткендей оның есімі оқырман ұрпағы барда ешқашан ұмытылмақ емес.

Осымен «Жүрегі жырдан жаралған» атты дарабоз ақын Манап Көкеновтің 95 жылдығына арналған еске алу кешімізді аяқтаймыз назар аударып тыңдағандарыңызға көп рахмет қош сау болыңыздар!

1. Манап Көкенов ең алғаш рет неше жасында айтысты, кіммен айтысты?

(15-жасында, Әбжан Құрышжанов пен)

2. Манап Көкеновтың өлеңінен бір шумақ жатқа айтып шық.

Отаным -менің мақтаным

Отаным кең байтағым,

Жоқ менің сені айтпасам, өзге айтарым.

Сен мені әлпештеген анамдай боп.

Сен менің жүрегіме берген жалын.

3. Манап Көкеновтың өлеңдерін атап шық .

1.Ана тілім ардағым,Бақыт құсы, Мұғалімдер, Отаным -менің мақтаным, Болмасын

соғыс,

Сүйенемін, жырлаймын.

4. Сүйенбеймін арқамда тіреу бар деп,

Қуанбаймын.....ары қарай өлеңді жалғастыр

Қолдайтын біреу бар деп.

Тіреуді де құлар деп түңілемін,

Біреудің де басында жүдеу бар деп.

Сүйенбеймін ақша, мал, алтын бар деп.

Құрметке сай атағым, даңқым бар деп.

Сүйенемін елге еткен еңбегіме,

Сүйенемін қадірлер халқым бар деп.

5. Манаптың ел аузындағы әңгімелері. Қандай бір қақпай әзілдерін білесің?

Гос банкіме десем , Мен қалай Қыдыр болдым, Нағашы мен жиен.

6. Манап Көкенов қай жылы дүниеге келді нешінші жылы өмірден өтті?

1928 жылы 20 мамыр-29.04.1992ж

7. М.Көкеновтың өлеңінің ұйқасын тап.

Қасиет туралы өсиет.



Адам деген ардақты ат,  
Қасиетін ұға алсақ.  
Оның жолын ардақтап,  
Әділдіктен жүре алсақ.  
Үлкен менен кішіні  
Ілтипатпен сыйласақ,  
Өзім деген кішіні  
Аяқ асты қылмасақ.  
Лауазым мен даңқ үшін  
Қызмет етпей әрдайым,  
Туған Отан, халық үшін,  
Терін төксек маңдайдың.  
Көптен әр кез шеттемей,  
Арқа тұтсаң қауымға.  
Қауым қолдап тұрғандай,  
Болар биік тауың да.  
Ағайынды, бөгдені  
Пәлендей деп бөлмесек.  
Басымызды төрдегі  
Төмен сүйрей бермесек.

Өмір артқан жүгің бар,  
Шаршадым деп сыр берме.  
Шатқалы бар, шыңы бар,  
Оңай емес білгенге.

Мақсатты өтер орайда,  
Ұққанға көп өсиет.  
Жүз толған да, он ойла,  
Сол адамдық қасиет.

8. Мен қалай Қыдыр болдым желісі бойынша қысқаша әңгімеле.
1. Манап Көкенов ең алғаш рет неше жасында айтысты, кіммен айтысты.
  2. Манап Көкеновтың өлеңінен бір шумақ жатқа айтып шық.
  3. Манап Көкеновтың өлеңдерін атап шық .
  4. Сүйенбеймін арқамда тіреу бар деп,  
Қуанбаймын.....ары қарай өлеңді жалғастыр

5. Манаптың ел аузындағы әңгімелері. Қандай бір қақпай әзілдерін білесің?

6. Манап Көкенов қай жылы дүниеге келді нешінші жылы өмірден өтті?

7. М.Көкеновтың өлеңінің ұйқасын тап. Қасиет туралы өсиет.

Адам деген ардақты ат,

Қасиетін ұға алсақ,

Оның жолын ардақтап,

Әділдіктен жүре алсақ.

Үлкен менен кішіні

Ілтипатпен сыйласақ.

Өзім деген кісіні

Аяқ асты қылмасақ.

Лауазым мен даңқ үшін

Қызмет етпей әрдайым,

Туған Отан, халық үшін,

Терін төксек маңдайдың.

Көптен әр кез шеттемей,

Арқа тұтсаң қауымға.

Қауым қолдап тұрғандай,

Болар биік тауың да.

Ағайынды, бөгдені

Пәлендей деп бөлмесек.

Басымызды төрдегі

Төмен сүйрей бермесек.

Өмір артқан жүгің бар,

Шаршадым деп сыр берме.

Шатқалы бар, шыңы бар,

Оңай емес білгенге.

8. Мен қалай Қыдыр болдым желісі бойынша қысқаша әңгімеле.



## «ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ – АДАМНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІНІҢ НЕГІЗІ!» АТТЫ МАҚАЛА

### Қызылорда қаласы Баймұрат батыр ауылы № 218 орта мектеп тәлімгері Қалданова Мақпал Рысбекқызы

Оқушылар Парламенті – көшбасшы, қазақ тілін еркін меңгерген, 7-10 сынып аралығындағы арнайы сайлау арқылы таңдалып алынған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.

Оқушылар Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде есепке алады.

Оқушылар Парламентінің мақсаты:

- Мектептегі оқу үдерісін демократияландыру;
- Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту;
- Оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- Оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу;

Оқушылар Парламентінің негізгі міндеттері:

- Мектептегі оқушылар мен жасөспірімдердің мәселесіне назарын аударту және шешу жолын ұсыну;

- Мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, оқушылардың ұйымдарымен бірлесе отырып оқушылардың қызығушылығын жүзеге асыру;

- Оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қатысуға ынталандыру және қолдау;

- Мектеп оқушыларының құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;

- Оқушылардың арасында экологиялық, құқықтық сауаттылықты дамыту;

- Оқушылардың сабақтан тыс уақын тиімді пайдалануға ат салысу

Мектебімізде өзін-өзі басқару парламенттік ұйым біздің мектебімізде жұмыс жасап қалыптасып, жүйе-жүйесімен жұмыс жасауда. Өз-өзіне сенімді, бойларында ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік құнды қасиеттерге толы оқушыларымыз белсене араласуда. Балалар қай істе болмасын белсенділік танытып жұмыла кірісіп кетеді. Оқушылардың бойындағы асыл адамгершілік қасиеттері, адалдығымен, әділеттілігімен мектептегі іс-шаралардан да анық көрінеді. Халқымыз қайырымды-мейірімді адамды жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеге. Қайырымды, мейірімді жан, өзгелерге қол ұшын беріп, әрқашан қолдап жүретін жан. «Адамгершілік- адамның рухани арқауы» деп ұрандатып, отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, өзара көмек беру жолдарын міндеттілік деп санайды.

Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары: адамдарды құрметтеу, кішіпейілділік, қайырымдылық жолында ауылымыздағы қарт кісілерге, жалғыз басты аналарға, аз қамтылған отбасылыраға барып үнемі қол көмек беріп жүреді.

«Өз қадірің – өз байлығың», «Ары таза, нар жүгін көтереді» деген мақалды ұстанып іс-қылықтарымен, мінез-құлықтарымен көрініп өзара қарым-қатынастарымен байланыс жасап жүреді.

Ұлы Абай атамыздың он төртінші қара сөзінде «адам бойындағы ең қымбаты –оның жүрегі. Мейірімділік, ізгілік өзгені өз бауырына қабылдай білу, оған өзіңе тілейтін тигілік тілеу –мұның барлығы жүректік қалауы деген шәкірттеріміздің бойына сіңіре отырып, дұрыс бағыт беріп отырамын.

Өзін-өзі басқару ұйымында 8 фракция жұмыс атқарады, балалға бәрі қызық, себебі әр фракцияның әр түрлі бағыт беріп, өзінше қызықты жақтары бар екенін біледі. Атап айтар болсақ:

1. Құқық және тәртіп фракциясы;
2. Ақпарат фракциясы;
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы;
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы;

5. Қамқорлық фракциясы;
6. Мәдениет және өнер фракциясы;
7. Дебат қозғалысының фракциясы;
8. Экология және еңбек фракциясы.

Осы фракцияның әрқайсысына ерекше үлес қосып, жауапкершілікпен әр ай сайын өз қызметтерін атқарып жүрген белсенділерімнің барына қуанамын.

Мектеп президентін, мектепшілік сайлау арқылы сайлап, қорытындыда 10 сынып оқушысы Алтынбек Сарбиназды лайық деп тағайындады. Қазіргі таңда барлық жұмыс қасында Сарбиназ жұмыс атқарып, фракция мүшелеріне бекітілген жұмысқа бас-көз болып жүр.

Келесі жылға жоспарымыз: «Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруы», «Жас ғалымдар мен өнертапқыштар», «Жас кәсіпкерлер», «Өңірді дамытуға қатысу», «Мектептің дамуына қатысу», «Мектеп баспасөз орталығы», «Балалар бастамалары», «Жастар бастамалары, жобалар, стартаптар» және т.б. секциялық жұмыс – Тақырыптық алаңдар нысанында ұйымдастырылады.

Қорытындылай келе, өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі, тәлімгері ретінде мына елең жолдарымен аяқағым келеді.

Шәкірттерім, асылдарым ұл-қызым  
Өзін-өзі басқаруда жұлдызым  
Ізгілік пен инабатты жол көріп  
Бірлікпенен белсенділік таныттың

Дән ризамыз орындалған істерге  
Құрмет тұтып көмек берген сіздерге  
Еңбекпенен тәрбені егіз қып  
Білмегенін білдіруде көп ізгі

Қиындық пен қызығы мол кезеңде  
Жолын тауып, сөйлестіңдер төзімде  
Қарттарға да қабақ қабақ шытпай көмекпен  
Тілін тауып, қамқор болдың кезінде

Табиғат та денсаулықтың кепілі  
Таза ұстау көпшіліктің міндеті  
Құстарға да, табиғатқа қамқорлық  
Біле-білсең өміріңнің ізгі ісі

Бар болайық жақсылықтың төрінде  
Сабыр сақтап қиыншылық кезінде  
Жақсы сөйлеу, ырыс, байлық, береке  
Өзіңді өзің басқара біл жүректе.

## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ- БЕЛСЕНДІ ОҚУШЫЛАР КЕЛБЕТІ

### Н.Ергешбаев атындағы № 172 орта мектеп тәлімгері Құлымбетова Қарлығаш Алмасқызы

Мектеп парламенті – білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілік дағдыларын дамыту жұмыстарын атқарады. Сондай ақ әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті етіп, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу болып табылады.

Мектеп парламенті 5 бастама бойынша жұмыс жүргізеді. Олар: «Мазмұндама» тележобасы, «Есо Alem» жобасы, «Қауіпсіз интернет» жобасы, «Құқығыңды құрметте» жобасы, «Парламент тынысы» жобасы

«Мазмұндама» тележобасы – «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында парламент мүшелері өздері оқыған көркем әдебиеттерді достарына әңгімелеп, оны оқуға ұсыныс жасайды. Оқылған кітаптың мазмұны бойынша достарымен пікір бөлісіп, «Мектеп тынысы» айдарымен ұйымдастырылған бұрышта бейнеролик арқылы жарияланады.

«Есо Alem» жобасы - Оқушыларды әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырған жоба.

«Қауіпсіз интернет» жобасы. Интернет желісі бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір – бірімен байланыстырады. Ақпарат ағымындағы толассыз виртуал әлемді оқушыларға дұрыс пайдалана білуге үйретеді. Бұл оқушының пайдалы да қызықты ақпарат іздеуіне өте қолайлы құрал. Сондықтан интернеттегі орынсыз контент пен күтпеген жағдайлардан да қорғана білу жолдарын балаларға үйрету ең басты мақсаттың бірі болып табылады. Қашықтан оқу кезінде оқушыларды сақтық шараларымен таныстыру. Түрлі чаттарды, сайттарды мәдениетті қолдануға тәрбиелеу. Интернетте де әдеп нормаларының орындалатынын үйрету ата – аналармен байланыс жұмыстарын нығайту, бірге шаралар ұйымдастыру. Балаларда интернет шабуылынан қорғайтын дағдылар қалыптастырып, білімдерін дамыту.

«Құқығыңды құрметте» жобасы - оқушылардың құқықтық білімін жетілдіре отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, кемел ойлы, елжанды азамат болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Балаларды өз құқығын қорғауға үйрету.

«Парламент тынысы» жобасы - парламент жұмысын үйлестіруші жобалар. Желіде, баспасөз беттерінде іске асырылып, нәтижесін көрсеткен жобаларды жариялау және үздік жобаларды насихаттау. Мектепте ай сайын оқушылар мінберін ұйымдастыру. Оқушылардың ұсынысын тыңдау. Қажет жағдайда талқылау, пед. кеңеске жеткізу, жоспарларға қосу жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең-2016-2020 жылдар), «Жастар жылын» өткізу жөніндегі «Жол картасы» негізінде әзірленді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады. Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Біздің парламент кабинетіміз талапқа сай жабдықталған. «Өзін-өзі басқару» ұйымына мектеп әкімшілігі үнемі қолдау көрсетіп отырады. «Мектеп парламентінің» мүшелері еркін жұмыс жасауы үшін арнайы кабинет жабдықталды. Бұл кабинетте бірлесе отырып пікірлесу алаңы ұйымдастырылады. Алда жасалатын жұмыстарды жоспарлап, атқарылатын шаралар әр фракция міндеттеріне қарай бөлінеді. Сонымен қатар, бұл кабинетте уақытты тиімді өткізуге қолайлы жағдай жасалынған, арнайы



тоқталатын болсақ; ой - өрісін дамытуға арналған ойындар, оның бірі - қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ. Сонымен бірге, рухани азық беретін мағыналы кітаптар заманауи техникалық құралдарға жүктелген. Кабинет ғаламтор желісіне толыққанды қосылған. Жоғарыда негізге алынған тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектебі көптеген іс-шараларды мазмұнды, креативті түрде атқарып келеді. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижелі өтуіне үнемі ықпал етеді. Мысалы:

1) Н.Ергешбаев атындағы № 172 орта мектебінде өзін-өзі басқару жобасы аясында «Мектеп парламентін» сайлау үшін бағдарлама жасалды. Мектеп оқушылары бірыңғай дауыс беру мақсатындағы сайлау науқанын 14 қазан күні өткізді. Сайлауға 9 үміткер қатысты. 7-11 сынып оқушылары өз таңдауымен дауыстарын берді. Сайлауда басым дауыс жинаған 9 «Ә» сынып оқушысы Алмасбек Мағзұм Мусаұлы «Мектеп президенті» болып сайланды. 9 «А» сынып оқушысы Жұмадилдаев Сүйінбай Азизұлы «Мәдениет және өнер фракциясына», 10 «А» сынып оқушысы Сандыбай Нұрзат Ерболқызы «Қамқорлық фракциясына», 9 «Ә» сынып оқушысы Әбдреш Ағлен Ұланқызы «Күқық және тәртіп фракциясына», 9 «А» сынып оқушысы Русланқызы Назерке «Өзін-өзі тану және бақыт фракциясына (психология)», 9 «Ә» сынып оқушысы Есенгелді Ерасыл Ерланұлы «Спорт және салауатты өмір салты фракциясына», 8 «А» сынып оқушысы Алиасқар Сезім Исламқызы «Экология және еңбек фракциясына», 9 «А» сынып оқушысы Өмірзақ Нұрару Тұрарбекқызы «Дебат қозғалысының фракциясына», 8 «Ә» сынып оқушысы Саятқызы Айсана «Ақпарат фракциясына» жауапты болып бекітілді.



2) 7-9 сыныптар аралығында «Өзін-өзі басқару» ұйымы мектеп парламентінің ұйымдастыруымен жаңашыл форматта «Autumn world» тақырыбында дәстүрлі «Күз мерекесі» болып өтті. Бұл мереке туған жерді қадірлеуге, табиғатты аялауға, дәнді-дақылдарды, жеміс-жидектерді, көкөністерді ысырап етпеуге шақырып, өнерлі, дарынды балаларға қолдау көрсетілді. Мерекенің әсерлі өтуіне мектеп оқушылары жан-жақты дайындалды. Іс-шарада «А» сыныбынан Бақытжан Мақсат, Иса Жанель, 7 «Ә» сыныбынан Айбекұлы Ершатәлі, Серікқали Анель «3 орынмен», 9 «А» сыныбынан Қуанышбай Ернар, Қыстаубай Гүлзина «2 орынмен», 7 «А» сыныбынан Махмұт Манас, Жақсыбай Инабат «1 орынмен». 9 «Ә» сыныбынан Шаухамбай Азамат, Аманова Әсел «Бас жүлдемен» марапатталды. Оқушылардың қабілет-дарынын дамыту мақсатындағы шара өз мақсатында жетті.

3) Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Осы тұрғыда, мектебімізде «Отбасы - алтын бесігім» тақырыбында сынып жетекшілер, ардагер ұстаздар, ата-аналар комитетімен бірлескен отырыс болып өтті. Отырысқа ата-аналар комитетінің төрағасы, Тасбөгет кенті әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінде волонтер Күнғабылов Абылайхан Күнғабылұлы, мүшелері облыстық статистика департаментінің бас маманы Ермаханова Нұржамал Сарсенбаевна, №5 спорт мектебінің кіші қызметкері Сағындықова Жеңіскүл Серікболовна, «Ақмешіт жастар»

газетінің редакторы Батырбеков Азиз Жұмаділдаевич, зейнеткер Ералиева Күнгияш Жаңабергеновна белсене қатысты.

Отырыстың бірінші бөлімінде күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманова Жарқынай Әбітайқызы отбасындағы өзара қарым — қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңыздылығына тоқталды. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат — міндеттерімен байланысты болуы керектігі айтылды. Өз кезегінде ата-аналар комитетінің төрағасы Күнғабылов Абылайхан «Жақсы адамдарым» әнін орындаса, ал Жұмаділдаев Азиз М.Шахановтың «Нарыңқұм зауалы» өлеңін нақышына келтіріп айтып берді. Келесі кезекте ой-пікірлерін ортаға салды, қазақтың дәстүрлі «қонақ кәдесін» орындап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен бірге, ата-аналар комитетінің мүшесі Ермаханова Нұржамал отбасындағы тәрбие құндылықтары туралы өз ойын ортаға салды.

Жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттарды басшылыққа алуы тиіс. Тәрбие бағытында үнемі «жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды» өз жұмыстарында қолдану оң нәтиже беретіні сөзсіз. 9 «Ә» сыныбының жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі А.Өмірзақова осы бағытта жүргізген жұмыстарының нәтижесімен бөлісті.

Мектеп психологы З.Сисенбаева ата-аналарға «Жүрек жылуы» тренингін өткізді. Тренинг барысында «Қызықты сұрақтар», «Рефлексия - күн шуақты алаңқай» ойындарын өткізіп, ойында ата-аналар мен ұстаздар алған әсерлерімен «Май шам» жаттығуы арқылы бөлісіп, өз тілек, лебіздерін білдіріп, бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлады.

Отырыс соңында мектеп директоры Байдилдаева Мария Шынәліқызы ата-аналарға өзінің жүрек жарды тілегін білдіре отырып, алдағы уақытта бала тәрбиесінде бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Келесі бөлімде «Өзін-өзі басқару» ұйымы кабинетінің ашылу салтанаты болды. Ашылу салтанаты рәсімін мектеп кітапханашысы М.Жаналиева мен ата-ана А.Жұмаділдаев лентасын қиды. Сонымен қатар салтанатты рәсімге ардагер ұстаздар, жас мамандар, ата-аналар комитетінің мүшелері мен «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері және мектеп президенті М.Алмасбек қатысты. Ата-ана К.Ералиева мектеп ұжымына, оқушыларға алдағы уақытта биік белестерді бағындыруға алғысын, батасын беріп, сәттілік тіледі. Ата-аналар комитетінің төрағасы А.Күнғабылов мектеп өміріндегі жоспарға сәйкес түйткілді мәселелерді бірлесе шеше отырып, оқу-тәрбие көрсеткіштерін көтеруге өз үлестерін қосатындығын білдірді.



4) Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер балаға сөзбен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Осы орайда, мектебімізде «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың бірінші бөлімінде ата-аналарға мектебіміздегі «Шахмат», «Шебер қолдар», «Домбыра», «Теннис», «Футбол», «Тоғызқұмалақ» үйірмелерін және «Өзін-өзі басқару», «Шаңырақ» дебат клубы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы

жұмыстармен таныстырса, мектеп психологтары «Мінезіңіздің әлсіз жақтары қандай?» тақырыбында психологиялық тест жүргізді.

Жиналыстың келесі бөлімінде мектеп директоры М.Байдилдаева ата-аналар жиналысын ашып, мектебіміздің жоспарланған жұмыстарының орындалу қорытындысымен таныстырса, оқушылардың жетістіктеріне мақтанышпен тоқталып өтті. Полиция капитаны Жасұлан Бахытбекұлы балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылыққа жол бермеу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуінің алдын-алу жұмыстарын түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар, ата-аналар балаларының оқу үлгірімімен танысып, пән бойынша әр пән мұғалімдерімен кездесіп, сұхбаттасты.

5) Білімді ұрпақ – ел болашағы. Бүгін мектебімізде «ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ» атты салтанатты жиын өткізді. Салтанатты жиында 3-5 сынып оқушылары «Жас ұлан» ұйымының мүшесі атанды. Шарада білімді де білгір, талапты да талантты мектебіміздің 75 оқушысы Отанын сүйге ант берді.

«Жас ұлан» – өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін ұйым. Оның құрамына тек нағыз отансүйгіш, оқуда үздік, тәртібі үлгілі, түрлі шараларға белсенді ат салысатын жеткіншектер қабылданады. Оқушылар ант беру рәсімін бастамас бұрын, ең алдымен, қолдарын кеуделеріне қойып, мемлекеттік Әнұранды орындайды. Бұл оқушылардың патриоттық сезімін оятады. «Жас ұландықтардың» мойындарына мектеп әкімшілігі, ұстаздарымыз, парламент мүшелері көк туымыз түсті галстук тағып, үлкен өмірге қадам басқан сәттерімен құттықтады.



Мектеп оқушылары ертеңгі болашағымыздың ертеңі болмақ. Сол себепті жақсы жолға түсіріп, жаман жерді басқызбай, әр ортада белсенді болуға және ойын еркін жеткізе алуға бейімдеу кез келген білім беру ұйымының міндеті деп есептеймін. Пән мұғалімдері білім берсе, мектеп парламенті оқушыны жан – жақты дамуына жол көрсетіп, әрқашан нағыз адам болып қалуға үйретпек. Саналы әрі еңбекқор шәкірттен болашақта өз елін сүйетін, халқына қамқор болатын азамат тәрбиеленіп шығады.



## «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» ЖОБАСЫНЫҢ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ, ІШКІ ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ

Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің  
педагог ұйымдастырушысы Меңдібаева Ақгүл Қайырбекқызы

Тәрбиенің негізгі мақсаты жеке адамды қалыптастыру және оны жан-жақты дамыту. Ал бұл міндеттердің нәтижелі болуы жеке адамның қалыптасуына қандай жағдайлардың ықпал ететінін білумен байланысты. Тәрбие қоғамдық өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үрдісі.

Жеке адам қоғам өмірінің өнімі болғанымен, оның тірі организм екенін ұмытпау керек. Әлеуметтік және биологиялық қатынастар жеке адамның қалыптасып дамуына әртүрлі әсер етеді.

Баланың қабілетін дамытуда оның өзінің белсенділігі маңызды және қажетті жағдай болып табылады. Бұл белсенділік баланың кез-келген әрекетінде: ойында, оқуда, еңбекте көрінеді. Әрине бұл жағдай ересектердің бағыт-бағдар беруі арқылы жүзеге асады. Баланың қабілеті оның өз қолдауы табылған іс-әрекетінде қалыптасады және дамиды. Бала тек белсенді іс-әрекетте ғана жан-жақты дамиды да, жеке тұлға ретінде қалыптасудың реті туады.

Сондықтан, мектеп мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін оқушы тұлғасының дамуын көздейтін білім беру үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, баланы көшбасшылыққа тәрбиелеу қажет.

Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеудің ең басты құпиясы-балалардың жетістігі, олардың өсуі мен алға қарай қарыштап дамуы болып табылады. Балалар қашанда жеңімпаз болғанды ұнатады. Бірақ қиындықтар мен сәтсіздіктерге тап болған кезде олардың көңіл-күйлері түсіп, жағымсыз эмоцияларын сезінуі мүмкін. Біздің басты міндетіміз - балаларға әркім өзіне тән көшбасшылық әлеуетті дамытып, жетілдіре алатынына көз жеткізу және қолдау көрсету.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Т.Жүргенов атындағы 123 мектеп-лицейінде білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту бойынша «Мектеп парламенті» жобасы құрылды.

Мақсаты: Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

«Мектеп парламенті» жобасында 8 фракция жұмыс жасайды. Олар:

- Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы;
- Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
- Дебат қозғалысының фракциясы;
- Құқық және тәртіп фракциясы;

- Ақпарат фракциясы;
- Спорт және салауатты өмір салты фракциясы;
- Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық);
- Экология және еңбек фракциясы.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Мектеп парламенті» жобасы аясында жыл бойы атқарылатын жұмыстар жоспары әзірленіп, соған сәйкес іс-шаралар жүргізілді.

Мәселен:

1. Отбасы күніне орай «Анам және мен» сайысы;
2. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында «Бұзба көше тәртібін!» атты үгіт-бригадалар байқауы;
3. «Дублер күні» аясында тәрбиелік шаралар;
4. «Қарттар күні», «Ұстаздар күніне» байланысты «Қарттарым, аман-сау жүрші» мерекелік шарасы
5. «Эко Әлем» жобасы аясында «Тазалық күні» ұйымдастырылды.
6. «Тәуелсіздік ұландары-2022» атты мерекелік шара өткізіліп, жыл қорытындысы жасалынды. «Оқуға құштар ұрпақ», «Дебат» жобасы, «Мектеп театр жобасы» аясында түрлі шаралар жыл бойы жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

Мектеп парламенті ұйымының жұмысы нәтижелі болып, оқушылардың бойында ұйымдастырушылық, белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеуге зор үлесін қосып келеді.

Нәтижесінде өзін-өзі басқару арқылы білім беру процесі демократияланып, оқушылардың ішкі әлеуетін арттыру арқылы көшбасшылық қасиеттері дамып, әлеуметтік маңызы бар жобалар жүзеге асырылуда.

## ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

### Қызылорда облысы Шиелі ауданы Бестам ауылы № 205 орта мектебінің тәлімгері Өтеуов Наржан Ғалымжанұлы

Адам өміріндегі бала тәрбиесі маңызды және күрделі мәселе болып табылатыны ақиқат. Тарихқа зер салсақ, небір даналар мен ойшылдарды тәрбие мәселесі бейжай қалдырмағанын көреміз. Мұның бәрінде терең сыр, мағына жатқаны сөзсіз. «Бір жылын ойлаған күріш егеді, он жылын ойлаған ағаш егеді, болашақтың қамын жегендер ұрпағын жақсылап тәрбиелейді» дейді дана халқымыз. Жас ұрпақ – өміріміздің тікелей жалғастырушысы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы.

Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – жеке тұлға. Бала бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланы өсіру, оны азамат етіп тәрбиелеу – елдік мәселе, сонымен қатар осы өмірдегі ата-ананың тікелей міндеті. Сол үшін де халқымыз бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, оны ата-ананың борышы санаған. Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Тәрбие берудің бір тарауы отбасы болса, отбасынан басталатын тәрбие балабақшада, мектепте, тіпті жоғары оқу орындарында жалғасын тауып жатады. Білім алдыңғы орынға шығып, тәрбие кейіндеу қалып қоятын болса, мұның арты адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Тәрбие адамның күллі жан-дүниесіне әсер етеді, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Тәрбие – кең ұғым, үздіксіз жүретін үдеріс. Адамды отбасы, қоғам, қоршаған ортасы тәрбиелейді деп айтатынымыз сондықтан.

Отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жиғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»- демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі зор болады.

Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатыны, елдің берік тірегі болатыны көрінеді. Әрбір ата-ана өзінің мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен, адами қарым-қатынасымен, бүкіл болмысымен балаға үлгі болуға тиіс. Біздің халқымыз жас ұрпақты тәрбиелеудің өте қарапайым түрін шебер пайдаланған. Бар ықыласын төгіп, тәттісін тосып, жақсылыққа жол сілтер ең жақсы тәрбиеші, асыл ұстаз, мейірім мен қамқорлықтың озық үлгісін көрсетуші ең аяулы жандар ата-әжелеріміз болып табылады.

Бар жылы-жұмсағын тауысып, ыстық-суығын ажыратып, бойындағы бар жылуын өз жанының бөлшегіне бөліп беруге даяр ата мен әже – кемел келешекке ақыл үлестіруші кемеңгер ретінде отбасындағы бала тәрбиесінің үлкен мектебі іспеттес. Ата мен әженің тәрбиесі ізгіліктің жарығындай бала жүрегін нұрландырып тұрады. Ата ақылы – ақ пен қараны ажыратуға, ел мен жерді сүйуге, кішіге қамқор, үлкенге құрмет көрсетуге, маңдай тері сіңген еңбектің дәмі тіл үйіретінін ұқтыруға үлкен көмек. Ал әжесінің ұршық иіріп, құрт жайып, күбі пісіп, май алған кәрі саусағы маңдайыңды сипағанынан асқан мейірім бар ма? Әженің ақ жаулығына барлық иба, инабат пен мейірім түгел сіңіп, немересіне елжіреген сәт тамырын бойлап, балаға берілетін сыңайлы. Әже тербеткен бесік пен әже айтқан әлди-әнде де кие бар.

Әжелеріміз немерелерін ұйықтатқанда батырлар туралы, жомарттық, мейірімділік, Отан сүйгіштік тағы басқа тәрбиелік мәні зор ертегілер, дастандар айтып ұйықтатқан. Мұның өзі баланың құлағына игі жақсы істерді сіңіріп, адамгершіліктен аспайтын, жамандыққа баспайтын, елін, жерін сүйетін азамат болып шығады. «Қариясы бар елдің қазынасы бар» демекші, бір қарияның өзі – сарқылмас дариядай, сүйіспеншілік пен ұлттық менталитеттің таптырмас бұлағы. Сол бұлақтан сусындаған баланың да жаман болмасы ақиқат.

Бала отбасы жағдайында өмірдегі әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін кемшін тұстардың алдын алу үшін ата-ана мен мектеп бірлесе отырып жұмыс жасауы тиіс. Бала тәрбиесі отбасынан басталып, мектепке келгеннен кейін ол мінез, қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасын табады. Бала үшін бір тәуліктің 5-6 сағаты мектеп, қалған уақыттағы тәрбие мекені – отбасы, ата-анасы болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап, озат оқушы болып өсуі – мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы десек артық емес. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені отбасы адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамыта жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі, адамзаттық құндылықтары мен қоса жан-жақты жетілген, толысқан, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Ата-анасы тәрбиелі болса, адамдық ары биік азамат болады, ұстазы білімді болса – шәкіртінен озық ойлы азамат шығады. «Еменді и, иілетін кезінде, баланы тый, тыйылатын кезінде» дейді дана халқымыз. Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында адами қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу – бұл өміздегі ата-ананың, сонымен қатар мектептің негізгі міндеті.

Бала тәрбиесі жөнінде дана Абай атамыз: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» деп, осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін ескерткен. Ал шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» дейді. Құран Хадистерінде де Пайғамбарымыз: «Ата-ананың баласына беретін де, қалдыратын да ең қымбат сыйы – тәрбиесі» деген. Отбасында бала тәрбиесіне сәби кезінен бастап көңіл бөлсек, ұрпағымыз ұлағатты, тәрбиелі, парасатты, білімді, ақылды, мәдеинетті болып өседі. Ендеше, еліміздің ертеңі – балаларға ғасырға лайықты білім, тәлім-тәрбие беру – басты міндет екенін ұмытпағанымыз жөн. Ойлы, саналы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, ата-ана, мектеп пен бала ынтымақтастықта болып, білім ошағындағы (мектеп, оқу орны) тәрбие отбасында жалғасын табатындай ұштастыра білгеніміз абзал. Осылай саналы ұрпақ тәрбиелесек, еліміздің болашағы зор әрі баянды болмақ.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Т.Тоғанай Халық даналығы. Алматы 2004 ж.
2. Д.Қыдырәлі Әлемге танылған – Абай. Алматы 2009 ж.
3. Әбу Насыр Әл-Фараби философиясы 2 том.
4. Хадистер бойынша негізгі жинақтар мен кітаптар

## ШИЕЛІ АУДАНЫ ТОПОНИМДЕРІН ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДА ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ

**Қызылорда облысы Шиелі кенті  
№ 127 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
педагогика ғылымдарының магистрі  
РҮСТЕМБЕК ҒАЗИЗА АЗАТҚЫЗЫ**

Аннотация. ХХІ ғасыр жаңарған, дамыған реформалар ғасыры болып тарих сахнасына енуде. Сондықтан оқу-ағарту, ғылым саласында жаңа реформалар жасалуда. Соның бірі – қазақ халқының көне тарихын, мол мұрасын оқып, үйрену жаңа буын оқулықтарында көрсетілген. Соған қарамастан, қазіргі оқулықтарда жергілікті өлкеміздің тарихы, жер-су атауларының шығу тәркіні туралы аз жазылған. Міне, сондықтан оқушыларға қазақ тілі сабағында немесе сабақтан тыс уақытта жергілікті жердегі топонимдерді өлкетану бағытында оқыту қажет.

Мақалада Шиелі ауданы топонимдерін өлкетану бағытында оқыту жолдары қарастырылды. Әуелі топонимика ғылымы мен өлкетану бағытының қарастыратын мәселелеріне тоқталып, ғалымдардың осы тұрғыда айтқан пікірлеріне шолу жасалды. Одан соң киелі мекен Шиелі өңіріндегі жер-су атауларын мектеп бағдарламасында оқытудың тиімділігі, ерекшелігі турасында сөз қозғалды. Топонимдерді өлкетану бағытында оқытудың жолдары мен әдістері сарапқа салынып, мәтін бойынша тест сұрақтары мен тілдік талдау тапсырмалары ұсынылды.

Түйінді сөздер: топонимдер, өлкетану, оқыту, әдістеме, реформа, тілдік талдау.

Оқыту – білім беру жүйесіндегі аса маңызды іс-әрекет. Оқыту процесін неғұрлым жақсы түсінсек, оны дамытатын алғышарттарды жасауға да мүмкіндігіміз соғұрлым мол болмақ. Соңғы кездері білім беруге қатысты ғылыми зерттеулер саны артуда. Бұл – айрықша қуанышты жайт. Соның нәтижесінде білім беру тәжірибесіне қатысты теорияларды жан-жақты нақтылауға және зерттеуді дамыта түсуге жол ашылуда [1,14]. Оқыту әдістемесі – педагогиканың күрделі саласының бірі – дидактика тарауында қаралады. Дидактика (оқыту теориясы) гректің *didaktikos* – оқытамын деген сөзінен шыққан. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу процесінің заңдылықтарын, принциптерін және оқытудың тиімді әдістемелерін көрсетеді [2].

Өлке тарихын оқу – топонимика (грекше «*topos*» – жер, «*onoma*» – атау) ғылымынсыз мүмкін емес. Өйткені жер тілі – сол жердің тарихын білдіреді. Мысалы, Шиелі ауданындағы Жөлек елдімекенінің атауының қалыптасуына түрткі болған – Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы, яғни «жол жиегі, жол иегі – жөлек» деген деректер бар. Бестам – Шиелі ауданына қарасты ауыл аты. Бұл жерде алғашқы кезде бес қана там

болғандықтан қойылған атау. Осылайша атауларға талдау жасаудың өзі өткенді білу, белгілі бір тарихи оқиғадан хабардар болуға жетелейді.

«Өлкетану өзінің туған жеріңді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуіңді, тарихқа, өнерге, әдебиетке деген қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін көтеруге үйретеді» - деп академик Д.С.Лихачев бекер айтпаса керек. Әр адамның көкейінде ата-бабалары мен өзінің туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілігі сақталады. Сондықтан ол сүйіспеншілік өшпес үшін оны тәрбиелеу және қолдау қажет. Бұл өлкетану қызметінің басты мақсаты болып табылады [3,57].

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Өлкетану – салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Осы салалық өлкетану бойынша топонимдерді өлкетану бағытында оқытудың мәні мен маңызын мақаламызда талқылауды жөн санадық [4,15].

Топонимика – географиялық атауларды зерттейтін ономастиканың бір бөлімі. Топонимика – жер-су аттарының шығуын (этимологиясын), дамуын, қазіргі жағдайын, мағынасын, таралуын зерттейтін ғылым. Жер-су аттарын зерттеудің ғылыми мәні зор. Жер-су аттары дегеніміздің өзі ертеде сол атырапта өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің қалдықтары. Ол халықтар мейлі жойылып кетсін немесе өзге өңірге ауысып, олардың орнына басқалар келсін, бәрібір топонимдер жойылмай ғасырдан-ғасырға өмір сүре береді. Топонимика сол жерде өткен және өзінің иесі болып табылатын халықтың тарихи сырын, аты-жөнін ажыратумен бірге оның этнографиялық шегін де көрсетеді [5, 12].

Ерте заманда атаулар қазіргі өркениет тұсындағыдай келісіммен, мәмілемен емес, ұзақ сонар айтыла келе, сөйтіп жалпының жадында берік сақталғанда ғана тілден мықтап орын тепкен. Бұрынғы қауымда «бәлен жерді түген деп атайық» дейтіндей ортақ келісім әдеті болмаған. Атау болатын сөз ең әуелі жұртқа аян болған. Сөйте келе бір объектіге белгі боп таңылып, топонимикалық атқа ұласқан. Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді де кең екенін білеміз. Осы атамекеніміздегі өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз солардың әрқайсысына ат қойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқауға болады.

Жер атаулары – ұрпақ пен ұрпақты сабақтастырып отырған киелі құжат. Қазақтың ата-бабалары жер-су атауларына аса мұқият қарап, жер тарихы мен ел тарихының біртұтас екендігін аса жоғары жауапкершілікпен сезіне білген. Жер атаулыға, мейлі ол төбе, қырат, өзен, бұлақ, көл болсын біздің қазақ халқынан артық дәл тауып ат қоятындай халық жер бетінде жоқтың қасы. Өйткені табиғатпен біте қайнап, бірге өскен, иен сахараның қадір-қасиетін білген қазақ халқының аспан әлемі мен жер бедерінің үйлесімін тап басып, дәл анықтап қоюы ғажап. Жер бедеріне байланысты табиғи қасиеттеріне орай қалыптасқан Шиелі ауданындағы топонимдердің мысалы ретінде Қарамұрын, Белқұдық, Сауысқандық сияқты атауларды келтіруге болады. Қарамұрын – тау аты. Шиелі ауданының территориясындағы Қаратау сілемдерінің ең биігі.

Алыстан қарауытып мұрын сияқтанып тұрған көріністі байқауға болады. Белқұдық – жер аты. Қаратаудың бір сілемі, құдығы бар. Ескілікті керуен жолындағылар белдің, яғни асудың үстінде жол бойындағы құдыққа аялдап өткен. «Жолдың белортасында орналасқан құдық» деген мағынада. Сауысқандық – тау аты. Созақ ауданымен шектес. Шыңның төбесіндегі тау жыныстары ағы мен қарасы араласып алыстан қарағанда сауысқанға ұқсайды. Осы сияқты мысалдарды қазақтың кең дархан даласынан, соның ішінде Шиелі өңірінен іздей берсек жетіп артылады. Міне, оқушыларға осындай атаулардың шығу тарихын, когнитивтік сипатын оқыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, ізденуге, жаңа мәліметтермен танысуға деген ұмтылыстарын оятуға болады.

Топонимдерді өлкетану бағытында оқыту оқушылардың туған жер туралы білімін байыту, оған деген сүйіспеншілігін арттырудың бірден-бір көзі. Тарихи және мәдени

ескерткіштер сол өлкенің немесе республика өміріндегі маңызды оқиғалар жөнінде сыр шертеді. Өлкедегі жер-су атауларының пайда болу тарихын, оған қатысты аңыз-әңгімелердегі тарихи сырды оқу – өлкенің тарихын білудің маңызды қайнаркөзі. Жергілікті жердегі жер-су атауларын өлкетану бағытында оқыта отырып, туған жері – Шиелі өңіріне қатысты мәліметтерді қамтып, оқушының көкірек көзін ашатындай, туған өлкесіне деген перзенттік махаббаты, отаншылдық, ұлтшылдық сезімі мен санасын оятатындай оқыту әдістемесін даярлау керек.

Шиелі ауданындағы топонимдерді өлкетану бағытында оқытудың ерекшеліктері:

1. Табиғатты зерттеу барысында жергілікті жердің табиғат ерекшеліктерін зерттей отырып, танымдық қабілеттерін арттыру;
2. Өлкемізді зерттей отырып, оқушы бойында туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, ғылымға қызығушылығын ояту;
3. Жүйелілік пен бірізділіктің сақталуы;
4. Шиелі ауданындағы жер-су атаулары мен көне тарихи мекендер туралы мәтіндерге талдаулар жасалуы;
5. Оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен азаматтық тұлғасын, рухани-адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыру.

Ал, енді өлкетануға арналған сабақ типтері қандай болуы мүмкін деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Бұл тұрғыда төменде көрсетілген әдістерді басшылыққа алу керек:

1. Өлкетану материалын сабаққа кіріспе түрінде немесе сабақ барысындағы сұраққа жауап ретінде;
2. Белгілі бір оқиғаның нақтылығын көрсету мақсатында;
3. Оқу материалына толықтырма ретінде;
4. Өлке тарихын оқытатын факультатив сабақ ретінде қолдануға болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Шиелі ауданындағы топонимдерге қатысты мәтіндерді қолдана отырып, оқушыларға сұрақтар мен тапсырмалар ұсыну сабақ барысында оң нәтиже береді. Білім алушы біріншіден, мәтінді оқи отырып, жергілікті жердегі атаулардың шығу тарихы, қалыптасуы жөнінде жаңа ақпарат алса, екіншіден, мәтін бойынша тест сұрақтарына жауап беріп, тілдік талдау тапсырмаларын орындап, алған білімін қорытындылайды. Аталған тапсырмалар легі Шиелі ауданы топонимдерін өлкетану бағытында оқыту үшін таптырмас құрал болмақ. Назарларыңызға мәтін және тапсырма үлгісін ұсынамыз.

## БЕСТАМ ҚАЛАСЫ



1. X-XI ғасырларда Сығанақ қаласынан қашық емес Нәнсайдың сол жағалауында Күйеутам, Бестам, Жүніс секілді қалалар болған екен. Бестам – Шиелі ауданының орталығынан 18-20 шақырым қашықтықтағы оңтүстік-батыс жазықта. Оның ерекшелігі мынада: бұл жерде үш ежелгі өндіріс орны анықталған. Бірі – темір қорытатын, екіншісі – кірпіш күйдіретін пеші бар алып ошақ орны, ал үшіншісі керамика мен сыр өндіріс орны делінеді. Кейбір болжамшылар оның санын 7-ге жеткізеді.

Сонау жылдары нартәуекелмен археологиялық қазба жүргізген зерттеушілер осы қала орнынан қыш-кұмыра сынықтарын, өңделмеген гипс, тас қайрақ және шақпақ тастардың бірнеше түрлерін тапқан. Қазбалардан мыс теңгелердің кезігуі мұндағы көмбенің жұмбақ тұстарын



қоюландыра түседі.

2. IX-X ғасырда Көктеңіз (Арал теңізі) бен оның бір саласы Сыр атырабын оғыздар мекен етті. Қазан ханның тұсында Бестам шын мәнінде хандықтың Бас тамы рөлін атқарған. Оғыз, Тоғыз оғыз атауымен тарихтан мәлім болуы Қорқыт атаның кітабының негізгі арқауы емес пе? Кітап Қазан ханның сол заманындағы тіршілік-тынысына құрылған ғой. Хан бірде Балмұрын маңындағы қамалда тоғыз оғыздың ел билеушілеріне ғимарат тұрғызып, көрме ұйымдастыруға пәрмен береді. Межелі күн болғанда бірінен бірі өткен әсем де абат 9 там бой көтеріп хан иені күтіп тұрады. Алайда хан 5 тамға ғана кіріп, танысып, қалғанына назар аудармаған көрінеді. Бұған ашуланған билеушілер қалған 4 әйбат құрылысты қиратып тастайды. Баламұрындағы қамал осыдан соң Бестам аталған деген аңыз бар.

3. Бестам қаласының өз заманында ірі мәдениет және өнер-кәсіп орталық болғандығына ой жетектейтін дәлелдемелер ізденген жаңды қызықтыра түсетіндігі сөзсіз. Оның стратегиялық маңызы бар екендігіне Нәнсай бойындағы ертедегі керуен жолының Сығанақ қаласына тірелуі дер едік. Бұл жөніндегі жергілікті жерде айтылатын аңыздар осындай ойға жетелейді. 1921 жылғы көктемдегі су тасқыны кезінде Нәнсайға дейінгі аралық түгел су астында қалып, көптеген дәйектемелер жойылып, жер астына кетті. Кейінгі колхоздас-тыру, Кеңес өкіметінің көзжұм-байлықпен қарауы салдарынан қажетті тарихи дәлелдемелер, дәйектемелер көмескілене бастағаны да жасырын емес.

4. «Батыс Еуропаның тарих-шылары көшпелі елдерді абориген (жабайылар) деп атап, олардың ешқандай мәдениеті болмаған десе, мынау қыруар қалалар соның теріс ғылым екендігін анықтайды... Ата-бабалардың өнері, көптеген оқиғалар тарихы сондай қалалармен дәлелденетін түрі бар», деген-тін атақты ғалым Әуелбек Қоңыратбаев өз жанайқайында. Бестамның тау бетінде негізгі қорғаны болған көрінеді. Олар сыртқы су қорғаны, екінші топырақ қорғаны және ішкі 2-3 метрлік дуал қорғаны. Кейінгі көзге шалынған аумағы 10 гектардан асатын қала өз құпиясын біздің салғырттық салдарымыздан бөлісер емес. Демек, «Мәдени мұра» аясында осы аумақта зерттеу жұмыстары жүргізілсе, өз тарихымызға қосылған мол олжа болар еді. Дешті қыпшақ даласының дәуірі өз тарихының айшықтылығымен құнды.

Авторы: Нұрмахан Елтай

Мәтін алынған дереккөз: Егемен Қазақстан. 2010 жыл.

#### МӘТІН БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТІЛДІК ТАЛДАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мәтіннің стилін анықтаңыз.

- А) Публицистикалық стиль
- Ә) Көркем әдебиет стилі
- Б) Ресми-іс қағаздар стилі
- В) Ауызекі сөйлеу стилі
- Г) Ғылыми стиль

2. Қай ханның тұсында Бестам хандықтың Бас тамы рөлін атқарған?

- А) Қазан
- Ә) Иран
- Б) Оғыз
- В) Қорқыт
- Г) Балмұрын

3. Бестамның қорғандары туралы мәтіннің қай азат жолда көрсетілген?

- А) Бірінші
- Ә) Екінші
- Б) Үшінші
- В) Төртінші
- Г) Бесінші

4. Мәтіндегі аңыз бойынша Бестам аталу себебін анықтаңыз.

- А) Темір, кірпіш күйдіретін пеші болғандықтан
- Ә) Нәнсайға дейінгі аралық түгел су астында қалғандықтан

- Б) Сығанақ қаласына тірелгендіктен  
В) Ірі мәдениет және өнер-кәсіп орталығы болғандықтан  
Г) Хан 5 тамға ғана кіріп, қалғанына назар аудармағандықтан
5. Бестам орнындағы көмбенің жұмбақ тұстарын қоюлана түсу себебі?  
А) Керамикалық туындылардың табылуы  
Ә) Қазбалардан мыс теңгелердің кезігуі  
Б) Тоғыз жолдың торабында орналасуы  
В) Егіншілікпен айналысу.  
Г) Ірі мәдениет және өнер-кәсіп орталығына айналуы
6. «Әйбат» сөзі – қандай сөз?  
А) Диалект сөз  
Ә) Көнерген сөз  
Б) Тарихи сөз  
В) Неологизмдер  
Г) Кірме сөз
7. Асты сызылған тіркестің байланысу түрін анықтаңыз. Ата-бабалардың өнері  
А) Қиысу  
Ә) Матасу  
Б) Қабысу  
В) Жанасу  
Г) Меңгеру
8. Сан есімнің мағыналық түрін анықта. X-XI ғасырларда Сығанақ қаласынан қашық емес Нәнсайдың сол жағалауында Күйеутам, Бестам, Жүніс секілді қалалар болған екен.  
А) Жинақтық  
Ә) Реттік  
Б) Есептік  
В) Топтау  
Г) Бөлшектік
9. Балмұрын сөзінің жасалу тәсілі?  
А) Жұрнақ арқылы  
Ә) Тіркесу арқылы  
Б) Бірігу арқылы  
В) Қосарлану арқылы  
Г) Қысқарған сөз
10. Оқшау сөздің қай түрі кездеседі? Демек, “Мәдени мұра” аясында осы аумақта зерттеу жұмыстары жүргізілсе, өз тарихымызға қосылған мол олжа болар еді.  
А) Қыстырма  
Ә) Одағай  
Б) Қаратпа  
В) Диалект сөз  
Г) Қысқарған сөз

Тілдік талдау бойынша тапсырма:

Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

Хан бірде Балмұрын маңындағы қамалда тоғыз оғыздың ел билеушілеріне ғимарат тұрғызып, көрме ұйымдастыруға пәрмен береді [6,34].

Грамматикалық тапсырмалар қазақ тіл білімінің фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, грамматика және пунктуация бөлімдері бойынша берілген. Бұл тапсырмаларды орындау барысында білім алушы оқу мақсатына сай жұмыс істейді әрі мектеп бағдарламасында қамтылған грамматикалық тақырыптарды меңгеру нәтижесін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, өлкетану деген мағынаға ой жүгіртсек, «тану» сөзі қандай болмасын процестің тыңдалған түрін түсіндіреді. Тындырылған процеске жету үшін немесе, екінші сөзбен айтқанда оқып, танып-біліп әрбір жаңа білімді меңгеру үшін оқытушы әрдайым осы танымдық міндетке қызмет етерлік әдіс қолданып, ұтымды жұмыс түрлерін іздестіруі қажет.

Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ғасырдан ғасырға ұласып, кейінгі буындарға мирас болып отырған халықтың мәдени мұрасы мен өшпес шежіресі барша болмысының көрінісі. Сыр өңірі бергі бір дәуірлерде пайда болған, сондай-ақ күні кеше ғана өзіміздің көз алдымызда туып, дүниеге келген жер-су аттарын былай қойғанда, есте жоқ ерте замандарда солай деп аталып, бүгінгі күнге келіп жеткен топонимдерге де тұнып тұр. Бұларды танып-білу тек топонимикалық атаулардың пайда болуы мен жасалуынан хабардар болып қана қою емес, тұтас географиялық өңірді мекен еткен халықтың өткені мен кеткені жөніндегі мағлұматымызды, білімімізді ұлғайтуға, кеңейтуге тікелей септігін тигізеді.

Жергілікті жердегі топонимдерді өлкетану бағытында оқыту білім алушыларды туған жерін сүйеге тәрбиелеу, табиғатты қорғау дағдыларын ғана қалыптастырып қоймай, жер-су атауларының этимологиясына терең бойлауға, қызығушылықты оята отырып, талдаулар жасауға, ой қорытып, қисынды ойлау қабілеттерін арттырып, тіл байлықтарын дамытуға оң әсер етеді. Ендігі кезекте Шиелі ауданындағы топонимдерді өлкетану бағытында оқыту тұрғысынан кешенді түрде зерттеулер жүргізіп, тұжырымдар жасау уақыттың және болашақтың еншісінде деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. –608б.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. –170б.
3. Горошенко В.П., Степанов И.А. Методика преподавания природоведения (қазақ тілінде) Алматы: «Мектеп», 1981. –167б.
4. Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты, А., 1994. –64б.
5. Никонов В.А. Введение в топонимику. – М.; Наука, 1965. –178бет.
6. Абдраймов Д.Ж. Қазақ тілі пәні бойынша Сыр бойының табиғаты, мәдениеті және ғылымына қатысты мәтіндер жинағы. Мәтіндер жинағы/Д.Абдраймов, Ұ.Ибраева, З.Алтаева, А.Ахметова, Н.Абдиходжаева, Ж.Ажибаева, Н.Баймаханова, Ш.Бакенова, А.Жақсылыққызы, А.Аблаева.– Қызылорда: Көкжиек, 2022. –120 бет.

## «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» КӨШБАСШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ

### Қызылорда облысы Сырдария ауданы Тереңөзек кенті № 35 Иса Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицейінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Сағымбаева Ләйлә Шәріпқызы

Қазіргі таңда ғылым, педагогика саласында білім алушылар табысқа жетуі үшін қажетті білім және дағдылармен қатар өзінің өмір сүріп жатқан ортасымен қарым-қатынасты құндылық тұрғысынан құра білу, білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға және мектептерде тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар мен ата-аналар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады.

Оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымдары құрылды.

Мектеп парламентінің жобаларына қатысу арқылы оқушылар қамқор болу, танымдық іс-шаралар жүргізу, жұмыстарды үйлестіру, оқушылар қауымдастығымен жұмыс жасау, толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білуге бағытталған шараларды жоспарлап ұйымдастырды.

Оқушылардың көшбасшылық қабілетінің қалыптасуында да, өзін-өзі басқару ұйымының



маңыздылығы жоғары. Себебі, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы – ол дербес, шынайы өзіндік бастамаларына, шығармашылық және өнімді іс-әрекетіне негізделген бірлестіктің жоғары ұйымдасқан түрі.

Жаңа оқу жылының басында № 35 Иса Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицейінде Өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» ұйымына Жаңа Президент және Жаңа Парламент фракция мүшелігіне сайлау үміткерлерін қабылдау жүргізілді. Мектеп президентіне үміткер оқушылар сайлауалды бағдарламаларын жасап, өз бейнероликтерін мектеп-лицейдің фейсбук парақшасына жариялады.

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер» күнін өткізу көшбасшы оқушыларға жауапкершілікті екі есе арттырды. Оқушылар пән мұғалімдеріне дублер жасады. Пән мұғалімдері дублер жасаушы оқушыларға алдын ала сабақ жоспары, сабақтың мақсатын, сабақты өткізу әдіс-тәсілдерін үйретіп, оқушылардың бойында жауапкершілік сезімді, бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауды, көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін үйретті.

Мектебімізде «Болашақ» өзін-өзі басқару ұйымының «Қамқорлық» еріктілер фракциясының ұйымдастыруымен 1-қазан Қарттар күніне орай мектеп-лицейдің ардагер ұстаздарын мерекемен құттықтап, бау-бақшасын жинап т.б. жұмыс түрлерімен көмек көрсетті. Қамқорлық көрсету, қайырымдылық жасау, қолғабыс көрсету – адамзат бойындағы ерекше бір қасиет. Үлкен кісілергі қолғабыс ету – ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі.

Ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толықтай тарту және ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатыстыру мақсатында «Болашақ» өзін-өзі басқару ұйымының президенті Мұхтар Зере «Отбасы-мектеп» жобасы аясында тұрақты түрде «Айтарым бар...» айдарын жүргізіп отырады. «Айтарым бар» айдарында мектептерде, қоғамда резонанс тудырған мәселелерді талқылау арқылы өз ойларын ашық білдіруге ықпал етеді. Ата-аналармен, оқушылармен көкейтесті мәселелерге байланысты пікірлерін ортаға салып, қорытынды шығарады.

Қазіргі таңда жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді дамытып, оқушылардың әлеуметтік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін шындауды көздейтін «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жыл бойында өнімді жұмыс жасалды. Балалар қоғамдық өмірге бейімделумен қатар, бойында жаңа қырлары ашылып, мүмкіндіктерін байқай білді. Әр фракцияның жүйелі жұмысының арқасында мектебімізде тың жобалар жасалып, оң нәтиже көрсетті. Алдағы уақытта шәкірттерімізбен біріге отырып көшбасшылық қабілеттерін дамытатын жүйелі жобалар жасау жоспарда бар.

## БАБАЛАРДЫ ТОЛҒАНТҚАН БАЛА ҚАМЫ

Байқоңыр қаласы № 275 орта мектептің  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, зерттеуші-педагог  
САРЫМСАҚОВА КҮРІШКҮЛ ҰЗАҚБАЙҚЫЗЫ



Тәрбие-жеке тұлғаны қалыптастыру. Ұрпақты өмірдің талабына сай тәрбиелеу, қажеттілігі. Өсіп келе жатқан ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, қоғамның талап тілегіне тәуелді күрделі процесс. Оның өзіне тән заңдылығы, қағидасы, ұйымдастыру нормалары мен әдістері бар. Тәрбие заңдылығы деп отырғанымыз педогогикалық құбылыстармен процестердің объективіне байланысты. Мысалы: Тәрбиенің қоғамдық ортаның объективті, субъективті факторларына тәуелді болуы, жеке адам дамуымен тәрбиенің байланыстылығы тәрбиелеушілердің іс-әрекетін қоғамға пайдалы етіп ұйымдастыру.

Сөйтіп, тәрбие-қоғам белгіленген және халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде мұғалімнің, оқытушының оқу сабақтарымен сыныптан, мектептен тыс жұмыстары кезінде арнайы мақсат көздеп, баланы қалыптастыруға ықпал ететін

күрделі процесс. Оқыту мен тәрбиелеу кезінде білім беру іске асады. Оқу тәрбие жұмыстарының нәтижелі болуы, оны дұрыс жоспарлауға байланысты. жоспарлау кезінде сынып жетекші мынаны ескерген жөн. Жоспарда тәрбие міндеттерін нақты дәл белгілеу: оқушылардың дұрыс білім алуымен тәрбиеленуін үйлестіру; мектеп ішілік тәрбие жұмыстарымен байланыстыру, балалардың жеке жас ерекшеліктерін және олардың тәрбиелік деңгейімен өмірдің талабын есепке салу; тәрбиедегі болашақпен күнделікті істі ұштастыру тәрбие жоспарының мектептің оқу-тәрбие жұмыстарымен байланысты. Тәрбие саласында мектеп парламентінің алатын орыны ерекше.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, мектеп өміріне жәйдан-жәй қарамайтын, өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асыратын, өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру шеберліктерін шыңдайды.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымындағы істерге бей-жәй қарамайды. Бұндай істерге шығармашыл көзбен қарайды. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады. Парламент шығармашылығы өзінің бекітілген ережесі негізінде мектеп әкішілігі мен тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Осының дәлелі ретінде мектебімізде өткен «Театр – өнер мен тәрбие ордасы» тақырыбында облыстық семинарында мектеп парламенті өздерінің шығармашылық қабілетін көрсете білді.

«Театр-сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі»-деп жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, семинар оқушыларға сан түрлі өнердің ішінде театр өнерінің алатын орнының ерекшелігін, тәрбие ошағына айналған мектеп театрының жұмысымен таныстырып, театрландырылған қойылымдар арқылы жас өнерді құрметтеуге баулып, өскелең ұрпақты театр қойылымдарына деген қызығушылығын арттырды. Мектеп театры рухани қазынаға бай екендігін, мәдени өсуге ықпал ететін талантты шәкірттердің тәрбие ошағы екенін паш етті. Оқушылардың сахналық шеберлігіне тәнті болған семинар қонақтары өткізілген іс-шараларға жоғары баға беріп, алған әсерлерімен бөлісті, мектеп ұжымы мен өнерлі шәкірттерге алғыс сезімдерін білдіріп, шығармашылық шабыт тіледі.

Бұл мектеп парламентінің бір ғана жұмысы. Болашаққа жоспары мен мақсаттары да айқын Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздігін құрған сәтте біздің жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл

бөлу,оны қадағалау ең басты мәселе.

Отаншылдыққа еңбек сүйгіштікке, елдің азаматы болуға лайықты азаматтарды дайындауда үлкен іс шаралар атқаруымыз керек. Ол үшін ұядан көргенді, ұшқанда соны ілерсің деген асыл сөзді ұмытпай қадірлей отырып біз қазақ халқының келешегін ойлайтын жас ұрпақты тәрбиелеуге ат салысуымыз керек деген оймен қорытынды жасағым келіп отыр.

## **«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ» МҮШЕЛЕРІ-КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТИҢ, КӨШБАСШЫЛАРЫ»**

### **«Бәйтерек School» жеке мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Саттарбек Асел Саттарбекқызы**

Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы – Қазақстанның балалары мен жастары. Заманауи мектептердің мемлекеттік стратегиясы – өмір сүре алатын жаңа буын белсенділерінің күш жігерін біріктіру. Соңғы онжылдықта республиканың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер балалар мен жастар ортасындағы адамгершілік-рухани бағдарлар мен мұраттардың өзгеруіне алып келді. Бүгінгі таңда Қазақстанда балалар мен жастарды тәрбиелеу жүйесін жетілдіру бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселелерін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндеті тұрды. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленіп, Қазақстанның барлық мектептерінде жүзеге асып жатырғанын білеміз. Ал енді сол парламент мүшелерін ұйымдастырып ортаға тарту ол әрбір жетекшінің шеберлігіне байланысты. Шын мәнінде жұмыс жасаушылар үшін, Парламент – оқу-тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі. Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады. Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны болады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады. Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді. Осының негізінде біздің 2022-2023 оқу жылында мектебізде 8-9 сынып оқушыларынан «Бәйтерек School» жеке мектеп жанындағы облыстық «Daryndy» балаларға арналған мектеп-интернатында «JUSTICE» өзін – өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс жасауда.

Парламент құрылымы 7 фракциядан тұрады:

1.Құқық және тәртіп фракциясы.



2. Білім фракциясы
3. Мәдениет және өнер фракциясы
4. Экология және еңбек фракциясы
5. Спорт және салауатты өмір салты
6. Ақпарат фракциясы
7. Дебат қозғалысының фракциясы.

Мектеп президенті 9 «А» сынып оқушысы Бекентаев Бекзатхан өзінің парламент командасының жұмысын үйлестіріп, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог және басқа да мамандардың ұсыныс, тілектерін ескере отырып оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарын жасады. Мектеп басшыларымен, ұстаздармен



және ата-аналармен тығыз байланыста болып, олардың ескертпелерін басшылыққа ала отырып мектеп көшбасшылармен кеңестер өткізуде. Өзіне қарасты фракцияларды аптаның барлық күнінен бір күннен беріп жұмыстарын бірлесе отырып жоспарлап алды. Аптаның дүйсенбі күні «Құқық және тәртіп» фракциясына берілді. Жауапты министрі 9 сынып оқушысы Жұмаділлақызы Айнель. Айнелдің атқаратын жұмыстары:

Тәртіпті реттейді.

Келіспеушілік жағдайларды шешеді.

Оқушылардың құқығын қорғайды.

Тәртібі қиын оқушылармен жұмыс жүргізеді.

Оқушылардың кітаптарын тексереді.

Оқушылардың жеке бас гигиенасы мен формасын қадағалайды.

Апталық, айлық, тоқсандық, жылдық жұмыс есептерін әзірлеу және тиісті орынға

ұсыну.



Ә р

апатының дүйсенбі күні сабаққа келген оқушылардың тырнағын, шашын, формасын тексеріп, ал ауылдарына қайтпай іште қалған оқушыларға жексенбі күні киімдерін өтектеуге, тырнақтарын алуға фракция мүшелері көмек береді. Оқушылардың арасында бір біріне деген құрмет осылай жалғаса беретіндігінің бір дәлелі осы болса керек. Ал, келесі сейсенбі күнді «Білім» фракциясына берілді. Білім министрі 9 сынып оқушысы Бертағы Хамза. Бірнеше олимпиада жүлдегері, тоғыз құмалақ ойынынан республикалық турнирлерге дейін шығып жүлделі орын алып жүрген оқушы. Мектебіміз математика – ағылшын бағытындағы мектеп болғандықтан, фракция мүшелерінің ұйымдастыруымен аптасына 50 сөз жаттау бағытында жұмыс жасауды. Сейсенбі күні мектеп дәлізінде сөздер жасырылады. Сол күннен келесі аптаның сейсенбісіне дейін оқушылар сол сөздерді тауып, арнайы дәптерлеріне жазып, аудармасын өздері ізденіп жаттап алу керек. Келесі апатының сейсенбісінде оқушылар сынып бойынша домино ойыны арқылы жаттаған

сөздерімен жарысады. Мысалы 5 «А» сыныбымен – 5 «Ә» сыныбы дегендей. Сөздік жазу, диктант, spelling bee, домино ойындары арқылы сөздікті сұраудың түрлі жолдары ұйымдастырылды. Алайда оқушылардың сұранысы бойынша домино ойыны көбірек ойнатылуда.



Келесі, аптаның сәрсенбі күні «Экология және еңбек» фракциясына берілген. Министрі 9 сынып оқушысы Ксенбаева Ақбота. Ақботаның жұмыс жоспарында:

Мектеп алаңындағы гүлзарларды тазалау жұмыстарды ұйымдастыру.

Көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру.

«Жасыл ел» акцияларына ат салысу.

Қыз балалар мен ер балаларға арналған қол өнерлер көрмесін ұйымдастыру.

Апталық, айлық, тоқсандық, жылдық жұмыс есептерін әзірлеу және тиісті орынға ұсыну.

Ақботаның фракциясы 6 адамнан құралған. Мектеп ауласындағы жылыжайдағы қызметкерлерге барып көмек береді, гүл отырғызып, арам шөптерін жұлысады. Өздеріне берілген күнде гүлдерді суғарып, горшоққа гүл отырғызады. Қаламыздағы өсіріп жатырған гүлдерге біздің мектептің оқушыларының үлесі бар екенін мақтана айтқым келеді және жатақханада жататын оқушылардың кешкі сағат 20:00 мен 21:00 аралығында, қыздар мен ер балалар бөлек-бөлек өз қолдарынан келетін жұмыстарымен айналысады. Тоқыма тоқу, бисермен әшекейлер жасау, гипстен копильник жасау, түрлі қуыршақ мүсінінде терезе алдына қоятын газон өсіру жұмыстарын жасап, жәрмеңкелерде сатып, 60 пайызын ауырып жатырған балаларға салуды ұйымдастырды. Оқушыларымызға «Кең болсаң, кем болмайсың» деген мақалдың мағынасын кеңінен үйреттік деп сенімді түрде айта аламыз. Әр аптаның бейсенбісі «Мәдениет және өнер» фракциясына берілген. Министрі 8 сынып оқушысы талантты әнші, облыстық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін гран при иегері Бағыберген Мерей. Мерейдің фракциясында 8 оқушы жұмыс жасайды.



Мектептегі түрлі іс-шараларды ұйымдастыру  
КВН, көрме, көрініс және т.б. шараларды ұйымдастыру.  
Оқушылардың сырт көрінісін бақылау.

Қысқа метражды, оқушыларға пайдалы фильмдер түсіру

Апталық, айлық, тоқсандық, жылдық жұмыс есептерін әзірлеу және тиісті орынға ұсыну.

Мектебізде болып жатырған түрлі шараларда Мерей өзі бастаған командасымен алып шығып жүр. Әнші де, биші де, театрландырылған қойылым кейіпкерлері де, актерлар мен актрисаларда осы фракция мүшелерінде.

Фракциядағы 8 оқушы өздері тағы 8 команда құрып алған. Әншілер, бишілер, сахналық қойылым қоюшылар, актерлар, КВНчиктер, мәнерлеп оқушылар, дизайнер тағы сол сияқты оқушыларды маңдар етіп бөліп алған. Оқушылар арасында кастинг үйымдастырып, ана қадірі, мектептегі буллинг туралы фильмдер түсіріп, оқушыларға ненің дұрыс, ненің дұрыс емес екенін насихаттауда.

Келесісі, аптаның жұма күні «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының жұмыс күні болып белгіленді. Спорт министрі 8 сынып оқушысы Әділхан Ақан. Ақанның жұмыс жоспары:


Мектеп медбикесімен бірге түрлі іс-шараларды өткізуге көмектесу.

Спорттық секциялардың жұмысын атқарады, іс-шаралардың өтуіне көмек көрсетеді.

Ең спортқа бейім сынып деген жарыстар ұйымдастырады.

Мектеп линейкасында жетістіктерге жеткен оқушыларды марапаттау.

Спорт мерекесін ұйымдастыру.



Апталық, айлық, тоқсандық, жылдық жұмыс есептерін әзірлеу және тиісті орынға ұсыну. Спортпен үлкендердің көмегінсіз ұйымдастыру қауіпті болғандықтан мектебіміздегі үйірме жетекшілерімен бірге бірлескен жұмыстар жасайды. Футбол, тоғыз құмалақ, күрес, таэквондо, шахматтан оқушыларымыз облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орындардың иегерлері.

Бізде, сенбі күн «Дебат» қозғалысының күні болып тағайындалған. Жетекшісі 9 сынып оқушысы Сейтқазыұлы Досымжан. Қазақ тілі пәні мұғалімі Жүнісов Досанмен бірлескен ауқымды жұмыстар жасауда. Осындай пікірлестер командасымен, жарқын, ойын-сауық зияткерлік ойын сияқты пікірсайыстар біздің оқушыларымыздың сыни





ойлауын, толеранттылығын, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастырудың қуатты зияткерлік құралы бола алатындығын түсінген.

Аптаның соңы, қорытынды аптаны «Ақпарат» фракциясы қорытындылайды. Ақпарат министрі 8 сынып оқушы Ералы талшын. Талшынның ұмыс жоспары:

Апта сайын мектеп газетін шығару.

Апталық «Жаңалықтар минуты» дәстүрін енгізу.

Аудихабар орталығын ашу

Мектептегі шараларды таспаға басу, мобилограф жұмысын ұйымдастыру.

Тоқсан сайын сыныптардағы жұмыс қорытындысын беру шарасын ұйымдастыру.

Апталық, айлық, тоқсандық, жылдық жұмыс есептерін әзірлеу.

Ақпарат министрінің командасында 5 адам жұмыс жасайды. Олар апта бойы мектепте болып жатырған жұмыстарға етене араласады. Барлық жаңалықтарды жинап, айына бір рет «Бәйтерек News» газетін шығарады. Апта бойы болып жатырған жаңалықтарды жинақтап, әр аптаның жаңалығын апта соңында радиодан хабарлап, апталық линейкада есеп береді және әр аптаның жұма күні туған күн иелерін ерекеше құттықтау жұмыстарын жүргізеді. Мектебіміздің инстаграм және тик ток парақшаларын жүргізеді. Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын, жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында құрылған «Justice» мектеп парламенті ұйымының мүшелері оқу жылы барысында мектепте өткізілген барлық іс-шараларға белсене араласты. Алдағы уақытта да еліміздің гүлденуі жолында жас жеткіншектеріміздің тарапынан игі бастамалардың болатындығына сенеміз!





## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ – МЕКТЕПТІҢ ЖАРШЫСЫ

### Қызылорда облысы Сырдария ауданы «№ 191 орта мектебі» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары СЕЙДАХМЕТОВА ЕЛЕНА ҚАСЫМҚЫЗЫ

Мектеп – тәртіп пен білімнің, мәдениеттің ортасы. Оқушылар өз әдебін қалыптастыратын жер. Ал бойға сіңген ілім мен білім, әдет пен тәрбие – келешектегі жолыңды, өмірдегі орныңды айқындап бермек.

Мен өзімнің мұғалімдік қызметімді 1990 жылдары тәлімгер ретінде бастадым. 90 жылдардағы тәлімгердің жасайтын жұмыстарын өздеріңіз білетін шығарсыздар. Ол кезде «Атамекен» бағдарламасы аясында шаралар өткіздік. Халқымыздың салт-дәстүрлерін көп насихаттадық және әртүрлі қызықты шараларды ұйымдастырып, тіпті киіз басу өнерінде қызбалаларға үйреттік. Асық ату, бестас, Наурыз мерекелерін қарсы алу, «Ал, көнекей қыздар!», «Сұлтандар сайысы» т.б. шаралардың ұйымдастырушысы және жүргізушісі болдық. Сол жылдары, тіпті советтік мектептерде де өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасады. Ол кездегі ұйымның мақсаты мектеп шараларын ұйымдастыру, мектеп кезекшілігін жүргізу, қыдар мен ұлдардың тазалығын тексеріп «Кірпі» секілді қабырға газеттерін шығарып, мұғалімдердің көмекшілері еді. Бұл жүйеде – ұстазды араластырмай, оқушы оқушыны тәрбиелейтіндей көрінетін. Осы жылдарды еске алған кезде, сол кездегі бала мен қазіргі кездің балаларында үлкен айырмашылықтар бар екенін өз тәжірибемен байқадым. Өзін-өзі басқару ұйымына көбінесе біз оқу үздіктерін, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, сынып старосталарын алатынбыз, соларға арқа сүйеп, тапсырмалар беріп, бағыт-бағдарларын көрсетіп және біздің берген тапсырмамыздан ауытқымай, сол шеңберден шықпай жұмыс жасайтын. Бір сөзбен айтқанда оқушыларға онша еркіндік бере қойған жоқпыз.

Бүгінгі таңда мектептердегі бала жаңа замнаның, технология заманының баласы. Еркін, көшбасшылық қасиеттері дамыған, өз көзқарасын дәлелдей алатын және жаңа идеяларға толы тұлға десек те болады. Мектепте балаларға беретін тәрбиенің бағыттары өте ауқымды.

Қазақстан Республикасының балалар-жасөспірімдер және жастар қоғамдық қозғалысы шеңберіндегі «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жаңа моделі құрылды. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және т.б. жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді. Парламент – оқу-тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі. Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады. Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Мектеп парламенті бұл-оқушылардың өз еріктерімен біріккен ұйымы, мектеп өміріндегі мәдени іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсенді түрде атсалысып, мектеп өміріне жәй қарамайтын оқушылардан құрылған ұйым.

Менің мектебімдегі парламент мүшелері әр сыныптардың белсенді, білікті оқушыларымен қоса, сабақ үлгерімдері орташа болса да тәрбиелік шаралардың ұйытқысы бола білетін балалардан құрылды. Мектеп парламенті бес фракциядан тұрады. Оқушылардан құрылған өзін-өзі басқару ұйымы мектепте үлкен рөлді атқарады. Өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп әкімшілігінің көмекшілері. Мектеп парламенті Президенттен және бес фракция жетекшілерінен құрылды. Мектеп парламенті мектеп ішіндегі іс-шаралардың ұйытқысы бола білді.

2022-2023 оқу жылында «№ 191 орта мектептің» мектеп Парламентінің Президенті

сайлауында 52% пайыз жинап, мектеп президенті болып Іңкәрбекқызы Аяулым сайланды. Президент сайлауынан кейін, мектеп Парламентінің фракция жетекшілері сайланды. Парламент мүшелерімен оқу жылына арналған жылдық жоспар құрастырылды. 2022-2023 оқу жылына арналған Парламент жұмысының жоспары жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жоспар бойынша біршама іс-шаралар өткізілді.

Атап өтетін болсақ Ұстаздар күнне арналған апталықтың ұйытқысы осы мектеп парламенн мүшелері болды. Айзере, Зейнеп, Әділхан, Мейіржан, Жанерке, Ақгүл, Шұғыла, Айтолқын т.б. есімді оқушыларымыз мектеп парламентінің мүшелері ретінде кез келген шаралардың ұйымдастырушысы бола білді. Тек ғана бұл мереке ғана емес барлық мерекелі күндерге арналған шараларды өздері ұйымдасстырып, өздері өткізді. Мектеп парламенті 4 жобаның бірі болғанымен басқа жобалармен өте тығыз байланысты. Мысалға айта кететін болсам «Мектеп театры» жобасымен парламент мүшелерінің нағыз қаруы деп айта кетсемде артық болмас. «Мектеп театры» жобасының бере өте көп. Себебе, шығармашыл және әртістік қабілеттері жоғары балалар бар, бірақ біз оларды байқамадық және танымадық.

Параламент мүшелері осы балаларды іздестіріп, солардың жұмыс жасауына көп ықпал етті. Осы тұрғыда бір жағдайды баяндасам: Мектебімізде, сыныбын атамайақ қояйын, сабақтан кетіп қалатын, көп қалып қоятын және жаман әдеттерге бет бұра бастаған ұл балалар бар еді. Параламент мүшелерінің, соның ішінде Мәдениет фракциясының басшылығымен ақпан айында «Біз театр ойнаймыз» атты сынып аралық театрландырылған қойылымдар сайысын ұйымдастырды. 4-9 сынып оқушылары атақты жазушыларымыздың еңбектерінен үзінділер қойды. «Аққулар ұйықтағанда» «Қара пима», «Шұғаның белгісі», «Кешір, Ана, кешір!» т.б. қойылымдар қойды. Байқау өте тартысты өтті. Менің риза болғаным күнделікті мектеп ережесіне бағынбай жүрген балалар сахнада ойнағанда біз ұстаздар таңқалдық және тамсандық. Балардың бойында жасырынып жүрген талантары паш еткенде, өзімнің оларға күнделікті айқайымнан, ұрысқан кездерімді есіме түсіріп, қателіктерімді мойындадым. Міне, осы байқаудан кейін біздің балалар осы балаларды өздеріне тартып, мектеп театрының белсенді мүшелері болып, қазір сахнада әртүрлі рөлдерді бейнелеп жүр. «Менің атым Қожаны» сахналады. Кеше ғана 7 мамыр мерекесіне қойлымқойды. Енді біздің қазақ халқының бай мұрасы «Қозы Көрпеш пен Баянсұлуды» сахна төріне сомдауға дайындық үстіндеміз. Тағы бір айта кететінім, осы байқауды ұйымдастырғанда, парламент мүшелері арқылы негізде билеттер сатты. Түскен қаржыны ауылымыздың бір отбасына азық-түлік алып беріп, балаларына ойыншықтар тарту етті. Осындай қамқорлық істерге неге қуанбасқа!

Парламент мүшелері әр қоңырау арасындағы үзілістерді босқа өткізбей «Көңілді үзілістер» ұйымдастырды. Күнделікті азда «Спорт және денсаулық» фракциясының мүшелері таңғы жаттығулар мен спорттық сайыстар өткізді. «Қамқорлық» фракциясы жәрмеңкелер ұйымдастырдың Қоңыраудың үлкен үзілістерінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Абай атамиздың тағы да басқа ақын-жазушыларымыздың шығармаларын жатқа айтатын және әртүрлі тақырыптарда эссе жұмысарын жаздыртып, оларды оқытып, екі ай көлемінде акция өткізді.

Нәтижесінде белсенді қатысқан оқушыларды қаржылай және заттай сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар өз мектебіміздің ішін және ауласын таза қстау, қоқыстарды тастамау жайлы тазалық акцияларын өткізді.

Мектеп парламентінің белсенділері «Туған жерге тағзым» жобасы аясында мұражайлар мен Түркістан қалаласына саяхатқа барып, көптеген мәліметтермен танысып, осы саяхаттардың ұйытқысы бола білді. Алдағы уақытта өз мектебімізден мұражай ашуға, жұмыстар жасалынады.

Мақаламның қорытындысында ойға түйгенім Мектеп парламенті бұл - адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелейтін қауымдастық. Мектептегі білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тартудың арқасында тәрбиесі қиын оқушылардың өмірге деген көзқарастарын өзгертіп, алға ұмылытылуына қадам басатын ұйым.

Болашақта Мектеп парламентінің мүшелері көптеген жаңаша шаралардың ұйытқысы мен ұйымдастырушысы болатынын және өздерінің таза жүректері мен

сүйіспеншіліктерінің арқасында мектеп өмірін жақсы жаңалықтарға толтыратын белсенді оқушылармыз көп болатынына сенімді айта аламын.

## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ БОЛАШАҚҚА БАСТАҰДЫ

**Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қожабақы ауылы № 25 орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары  
СЕЙТОВА НҮРСҰЛУ САЙЛАУҚЫЗЫ**

Парламент – оқу-тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі. Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады. Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Мектептегі «Өзін-өзі басқару» жобасының миссиясы, оқушылар арасында мәдениетаралық түсіністік, үздіксіз білім мен тәрбие алуға және жоғары адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған зияткерлік қоғам құруға және балалар мен жастар қозғалысы көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей жұмысы мектебімізге өз үлесін қосып келеді. Мектеп парламентінің миссиясын түсінген оқушылар толерантты әлем құруға бағыттайтын және үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін адами капиталы мол жаһандық азамат болуға талпынады. Осы мақсатты іске асыру барысында мектебімізде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар оқушы қажеттілігіне қарай іске асырылып, мектеп парламенті жұмыс жасайды. Мектеп парламентінің жобаларына қатысу арқылы оқушылар қамқор болу, танымдық іс-шаралар жүргізу, жұмыстарды үйлестіру, оқушылар қауымдастығымен жұмыс жасау, толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білуге бағытталған шараларды жоспарлап ұйымдастырып келеді.

«Мектеп Парламенті» жобасы парламентке фракция мүшелерін сайлау үшін арнайы ереже бекітіп, кандидаттар өтініш беру кезеңінен өтті. Одан кейін үміткерлерге үгіт-насихат жұмыстары үшін уақыт берілді. Сайлауды өткізу комиссиясы құрылып, ұйымдастыру жұмыстарында оқушылар алдағы сайлау науқанына дайындық жұмыстарын жүргізіп, депутаттыққа үміткерлер сайлау алды бағдарламаларын ұсынды. Мектептерде ұстаздармен оқушылардың арасында кеңінен түсінік жұмыстары жүргізілді, одан кейін арнайы іс-шара жоспары жасалып, мектептегі түрлі қоғамдық ұйымдардан осы мектеп парламентінің президентігіне үміткерлер ұсынылды.

Оқушыларға осындай жауапкершілікті жүктеген мектеп парламентінің алғашқы отырысы сәуір айының басында өткізіліп, депутаттар мектеп президентінің алдында ант беру рәсімінен өтті. Өз мектебінің гүлденуіне үлес қосуға ниеттенген парламент мүшелері: «Өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерді адал атқаруға, мектебіміздің бірлігі мен ынтымақтастығын сақтауға, ішкі ережелер мен тәртіптерді берік ұстанамын» – деп ант берді. Бұл рәсім өз кезегінде оқушыларға үлкен жобаларды іске асыруға жол ашты. Мектептегі парламент жұмысы, мектеп оқушылары арасынан оқушылар Президентін сайлау, жобаларды жоспарлап, мектебімізде «Мейірімге толы жүрек» «Қайырымдылықпен қадам басамыз» акциялары, «Отбасы – мейірім ұясы», «Жақсылық жасауға ұмтыл», «Біз және болашақ», «Оқуға құштар Ұлан», «Бабалар Үні» тақырыбында челленджер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылардың өлкетанулық білімін және тарихи-археологиялық танымын арттыру мақсатында музей сағаттары ұйымдастырылып, саяхаттар өткізілді. Мектептердегі өзін-өзі басқару ұйымдары алғыс айту, отбасы күндеріне орай түрлі акциялар аясында мектеп ұстаздарына, қарттарға, түрлі мамандық иелеріне ашық хаттар жолдады, «Өз ағашыңды отырғыз» акциясы оқушылардың сүйікті істеріне



айналды. «Ақылды бейсенбі» жобасында парламент мүшелерінің жұмыс жоспарлары таныстырылып, оқушылар үні тыңдалады. Осы орайда мектептерде «Парламент тынысы» жобасы іске асып келеді. Жоба аясында «Еңбек», «Эрудит», «Ақпарат» кеңестері жұмыс жасайды. Жобаларды жан-жақты дамыту мақсатында мәдени шаралар, жиналыстар, ақпараттық сабақтар, танымдық сабақтар өткізіліп, мектеп парламенттерінің атқарып жатқан шаралары инстаграм, фейсбук желілерінде насихатталып отыр.

Ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың: «Сендер адаспаңдар – арттарыңнан Алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар»-деген сөзін әр ұстаз жадында ұстауы керек. Ендеше, әр педагог өз шәкіртін еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын болашағы ретінде тәрбиелеу үшін барын да, жанын да салуы керек деп білемін! Ендеше, қоғамның алға басуы – жастарды білім мен тәрбие арқылы дамытуға, жаңаша ойлауға, бәсекелестік жағдайында іскерлікке үйретуге байланысты екені анық.

## ПАРЛАМЕНТ ТЫНЫСЫ...

### Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Есет батыр ауылы №124 орта мектебі мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі СЫЗДЫҚОВ АСҚАР БҰҒЫБАЙҰЛЫ



Өзін-өзі басқару ұйымы құрылғалы берібарлық білім беру ұйымдарына тереңінен сіңісіп, аталған ұйымға қатысты жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Ең бірінші тақырыпқа тұздық болу үшін өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» ұйымының мақсаты мен міндетін айқындап алар болсақ; Өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты: еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты адами құндылықтар бойында қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру. Ал міндеті, ҚР «Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасына» сай жас жеткіншектерді елжандылыққа тәрбиелеу.

- Ұйымның бағдарламасы негізінде сапалы білім саналы тәрбиенің жан-жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігін арттыру;

- Жастар бірлестігінің бағдарламасына байланысты ұйым белсенділерінің құқын, міндетін, жауапкершілігін арттыру.

Аталған ұйымның басқару жұмыстарын жүзеге атсалысқан оқушылар табатын құндылықтар: адами ар-ожданы, иманжүзді азамат қалыптасу, отбасындағы жауапкершілік, Отан, туған өлкеге құрмет, денсаулық, салауатты өмір, еңбек, экономика, білім, ғылым, өнер, мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре, тіл шеберлігі, рухани байлық, достық, жолдастық қатынас секілді қасиеттермен Абай айтқан толық адамды қалыптастырады.

Жоғарыда айтылған өзін өзі басқару «Мектеп парламенті» ұйымының мақсаты мен міндеттері оқушыларға тереңінен түсіндіріліп, жұмыс нәтижесінде қол жеткізетін құндылықтары айтылды. Жүйелі жұмыс нәтижесі бойынша «Өнер және мәдениет», «Құқық және тәртіп фракциясы», «Ақпарат фракциясы», «Спорт және салауатты өмір салты фракциясы», «Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы», «Қамқорлық фракциясы (еріктілік)», «Дебат қозғалысының фракциясы», «Экология және еңбек фракциясы» бағытында сыныптағы белсенді 16 оқушы таңдалып, ашық сайлау жұмыстары жүргізіліп,

әр фракцияның жетекшілері таңдалды. Парламенттік құрылым бар жерде оның басшысы болу заңдылық. Таңдалған 8 фракция жетекшілерінен өз ара сайлау жүргізіліп жоғары дауыс иегері парламент президенті болып сайланды. Екінші дауыс жинаған оқушы 1 фракцияның орынын толтырды. Барлық тағайындау жұмыстары жүйелі жүргізіліп болған соң, ұйымның алдағы уақыттардағы атқаратын жұмыстары талқыланып, таныстырылды.

«Құқық және тәртіп фракциясы» жетекшісі ауылдық полиция инспекторы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірігіп, мектепшілік оқушылардың жүріс-тұрыс қозғалыстары, ішкі тәртіп жөнінде көптеген істер атқарып, белсенділік көрінді. Әр фракция жетекшілері өз жұмыстарын анық бағдарлай алып, бағытын айқындай білді. Соның нәтижесінде мектептегі іс-шараларға белсенді ат салысып, ұйым жұмысын жандандырды. Апталық атқарылған іс-шаралар және алдағы жоспарлары жөнінде ұйым жетекшісімен бірігіп басқосулар ұйымдастырып отырды.

Жыл бойғы атқарылған, жүргізілген жүйелі жұмыстар нәтижесінде аудандық сайыстарда белсенділік танытты. Қорытынды тоқсаңда үздік фракция жетекшілері және көмекші топтары марапатталды. Студенттік өмірге аяқ басқан экс фракция жетекшілерімен кері байланыс орнату нәтижесінде оқу орындарында «Дебат» ойындарының үздігі, «белсенді студенттік құрам» мүшесі болғандығы жөнінде қуаныштарын білдіріп жатады. Оқушыларымыздың мектеп қабырғасында жүріп әр түрлі іс-шараларға белсенді ат салысқандарының, одан жинаған тәжірибелерінің студенттік кезеңдерде кеңінен қолданып, пайдаларына жарап жатқандығы біз үшін қуаныш. Бүгінгі таңдағы өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» тынысы осындай.

## **ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ - БАСТЫ МАҚСАТ**

### **Қармақшы аудандық білім бөлімінің әдіскері АҚТОЛҚЫН ТОҚШЫЛЫҚОВА КАНАЛБЕКҚЫЗЫ**

Ұрпақ тәрбиесі – қоғамның болашағы. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деп халық даналығы айтқандай, бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі, сөз жоқ, қоршаған ортаға, әсіресе ата-аналар мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Ендеше ұрпақ тәрбиесіне аса зор жауапкершілікпен қарау - әрбір саналы азаматтың борышы.

Халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. Ұлттық тәрбиеміздің халықтың сан ғасырлар тарихымен тығыз байланыста болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Халқымыздың ұлттық тәрбиесі негізінен жүйелі болған. Өйткені, тәрбие әке-шеше, отбасынан бастап, ағайын-туыс, көрші-қолаңның бәрі араласып, бәрі де халықтың баласына ортақ қамқорлық жасаған. «Балаңа басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр» деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған. Сол себепті ұлтымыз: «Балаң өзіңе тартса – жұбан, қоғамға тартса – қуан»-деп бекер айтпаған.

Тәрбиенің біртұтастығы, осы біртұтастықты сақтап, ұрпақ тәрбиесі мен ұлт тағдыры әр азаматтың қолында екенін ұмытпайық.

Ауданда тәрбие жұмысын ұйымдастыруда 42 мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, 29 педагог-психолог, 29 әлеуметтік педагог, 29 тәлімгер, 797 сынып жетекші жұмыс жасайды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде басым бағыт Абайдың «Толық адам» рухани адамның ұлттық бейнесін ашу, баланың жеке басына тілектестік қарым-қатынас, құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Барлық білім беру ұйымдарында «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалысы», «Балалар

және театр», «Мектеп парламенті», «Жылыжай» жобалары жоспарлы жүзеге асырылып жүзден астам іс-шаралар өткізілуде.

Жоба жұмыстары, оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамытып, ата-ана мен мектеп арасындағы байланыстарды одан әрі нығайтуда. Қазіргі таңда жоба жұмыстарына 8000 нан астам балалар қамтылған.

«Оқуға құштар мектеп» жоба аясында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту үшін 29 мектеп кітапханаларында «COWORKING» орталықталығы ашылды. Мектеп кітапханаларында 87 497 дана көркем әдебиет қорлары бар. Білім беру мекемелеріне демеушілер, еріктілер, мектебін ұлықтаушы шәкірттер арқасында мектеп кітапханалырына 792 дана көркем әдебиеттермен толықтырылды.

Барлық білім беру ұйымдарында «Оқуға құштар мектеп» жобасына жауапты маман бекітіліп арнайы бұйрық шығарылған. Барлық білім беру ұйымдарында іс-шара жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілуде. Атап айтар болсақ, балалардың оқу мәдениетін дамыту мақсатында «Кітапқа құмар құрдастар» тақырыбында кітапқұмарлар акциясы, балаларда кітап оқу дағдысын қалыптастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында

«Үздік оқырман отбасы» байқауы өткізіліп аудан бойынша 138 отбасы қатысты. Барлық білім беру ұйымдарында мектепшілік жергілікті танымал тұлғалармен кездесу кештері ұйымдастырылды. № 29 орта мектепте аудандық «Ақын -елдің ардағы» тақырыбы бойынша жергілікті қаламгер, ақын, ардагер – ұстаз Тасымова Зарипа Жаппарқызымен сыр-сұхбат жас ұрпақ бойына жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын мазмұнды кеш болды.

Аудан мектептерінде Дебаттық клуб жұмыстарына 450 оқушы тартылған.

Биылғы оқу жылында Дебат клубы жұмысы үздік нәтиже көрсетіп отыр. Облыстық кезеңге 3 команда қатыстырылды. № 277 орта мектептің «Mind cell» (миндсел) клубы облыстық кезеңде I орын иеленіп республикаға жолдама алды. Облыстық кезеңде №277, №250, №121 мектеп оқушылары III орынмен марапатталды. Ағымдағы жылы «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы өнер мен дебаттың маңызы» атты облыстық семинар облыстық дебат ойыны мен семинар жұмысы № 250 мектеп-лицейде ұйымдастырылып, оң нәтижесін беруде. № 250 мектеп-лицейі базасында жалпы білім беру ұйымдарының мектеп директорлары арасында «Ұшқыр ой алаңы» аудандық дебат турнирі, № 26 мектеп базасында оқушылар арасында «Қазақстан – бақытты балалар мекені» республикалық турнирінің аудандық кезеңі, № 250 мектеп-лицейі базасында тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары арасында облыстық дебат турнирінің аудандық кезеңі өткізілді.

Жақсы жұмыстар нәтижесінде Оқу-ағарту министрінің кеңесшісі Шер Раиса Петровна Қармақшы ауданының дебат жұмысын насихаттап фейсбук парақшасына жариялады. Тәрбие жұмысында әрбір оқушының өзін-өзі басқару, патриоттық, Отанды танудан бастап, айналаға деген және азаматтық тұлғалық ұстанымын қалыптастыруда мектептерде оқушыларымызды кітап оқуға тарту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда түрлі шараларға тартылуда.

Мектеп парламенті жобасы бойынша өзін-өзі басқару органы 29 мектепте толық құрылып, сайлау өткізілді. 8 фракция бойынша мектептерде құрамдары жасақталып, 2891 оқушы қамтылуда. Парламент мүшелері мектеп өміріне белсенді араласып, өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асырып, өздерінің коммуникативті ұйымдастыру шеберліктерін көрсетуде. Атап айтсақ, № 26 мектепте «Әке-шаңырақтың негізгі тірегі» тақырыбындағы әкелер кеңесі мектеп парламент мүшелерінің ұйымдастырылуымен өткізіліп, тәлім-тәрбие алатын тағылымды шара болды.

«Мектеп театр» жобасына 435 оқушы қамтылған. Ұрпақты театр өнеріне тарту, адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру, сөздің көріктілігіне, ойдың жүйріктігіне тәрбиелеу, адамды өзгерту және әлемді тану, білім алушыларға ізгілік жолын, имандылық жолын көрсету мақсатындағы театр жобасы жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілуде. Облыстан «Театрдың ғажайып әлемі» тақырыбындағы байқаудан № 80 мектеп-гимназия III орынмен, № 99 мектеп шығармашылық пен шеберлік көрсеткені үшін алғыс хатпен марапатталды. Қаңтар айында «Т.Жүргенов - қазақ мәдениетінің алып нары» тақырыбында аудандық



театрландырылған қойылым байқауы, ақпан айында аудандық мәдениет үйінде «Театр тәрбие мен мәдениет ошағы» тақырыбында тәжірибе алаңы өткізілді. Ақпан айында Т.Жүргеновтың 125 жылдығына арналған № 80 мектеп-гимназияда «Т.Жүргенов – тарихи тұлға ұлт жанашыры» тақырыбында облыстық театр байқауы өткізілді. Наурыз айында № 275 орта мектепте «Театр - өнер мен тәрбие ордасы» тақырыбында облыстық семинар болып өтті. Семинар ерекшелігі оқушыларға сан түрлі өнердің ішінде театр өнерінің алатын орнының ерекшелігін, тәрбие ошағына айналған мектеп театрының жұмысымен таныстыру. Мәдени өсуге ықпал ететін театрландырылған қойылымдар арқылы жас ұрпақты өнерді құрметтеуге баулу, театр қойылымдарына қызығушылығын арттыру. Қармақшы аудандық Т.Салқынбайұлы атындағы өнер мектебінде 2023 жылдың 12 сәуірінде облыстық «Дәстүрлі әндерді заманауи нақышта орындаудың тиімділігі мен әдістері» тақырыбында тәжірибе алаңы болып өтті. Қармақшы ауданы бойынша білім бөліміне қарасты оқушылар үйінде «Қосымша білім берудегі инновациялар: идеядан іске асыруға дейін» тақырыбында облыстық семинар-практикум болып өтті.

Тәрбие жұмысында әрбір оқушының өзін-өзі басқару, патриоттық, Отанды танудан бастап, айналаға деген және азаматтық тұлғалық ұстанымын қалыптастыруда мектептерде оқушыларымызды кітап оқу, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда түрлі шараларға тартылуда.

Мектептерде рухани-адамгершілік тәрбие беру, адамзаттық құндылықтарды дамытуда «Ата-аналар комитеті», «Әкелер, аналар кеңесі», жұмыстарын жүргізуде. Мектеп, отбасы және қоғамдастық арасындағы өзара түсіністік, әр түрлі проблемаларды шешуге бірлесе ұмтылу, тәрбие жүйесінде тұлғаның өсуі мен өзін-өзі жетілуіне қол жеткізеді. Өскелең ұрпақтың дамуы мен тәрбиелеудегі жетістігі және әрбір баланың тұлға болып қалыптасуы көбіне отбасындағы ата-ана мен мектептің бірлескен іс-әрекетіне, шешіміне тікелей байланысты.

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және оны сақтаудың маңыздылығына назар аудару мақсатында білім беру ұйымдарында тоқсан сайын әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар сынып сағаттары, бейнероликтер, конкурстар, флешмобтар, акциялар, семинар-тренингтер, шеберлік сабақтары іске асырылады.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Қорыта айтқанда, отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының ажырамас бір бөлігі болуы тиіс.

Мектеп, отбасы және ұстаз арасындағы өзара сабақтастық, бірлік және ынтымақтастық үйлесімін тауып, ата-аналармен бірлесіп тығыз жұмыс жасайық!

## ПАРЛАМЕНТ ТЫНЫСЫ

### Б.Аралбаев атынағы № 52 орта мектебі тәлімгер ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА АРАЙЛЫМ



Б.Аралбаев атынағы № 52 орта мектебінде оқу жылының басында 2022-2023 оқу жылына «Өзін-өзі басқару» ұйымы жұмысына арнайы жетекші тағайындалып, жоспары құрылды. Жетекшісі: тәлімгер Төлепбергенова Арайлым. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы 2022-2023 оқу жылында белсене жұмыс атқаруда. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан жаңашыл көшбасшыны тәрбиелеу.

Мектебімізде ұйымдастырылып жатқан шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс жауапкершілікті арттыруға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі.

Мектеп парламентінің мүшелері Фракция көшбасшылары:

Парламент президенті-Жалғасбайқызы Алуа;

Білім министрі - Ақылбек Рамазан;

Тәртіп министрі - Ақылбек Мейірбек;

Дебат министрі - Амангелдіқызы Айша;

Мәдениет министрі - Әлденбай Еркежан;

Қамқорлық министрі - Батыр Зарина;

Ақпарат министрі - Бектұрсын Нұрзат;

Экология және еңбек министрі - Мақсұтқызы Шахзада.

Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жоспар бойынша жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүддесін қорғап, ойларын ескереміз. Үнемі жаңашылдыққа ұмтылып жұмыс жасап келеміз!

«Жақсылап жарыс жарыс, жас ұлан»

Апат айтып келмейді. Қанша отбасының үйсіз қалды, қанша достарымыз мектепке бара алмай отыр. Үлкендерден өнеге алған ұландарымыз бұл жағдайға бей-жай қарай алмай. «Қайырымдылыққа қадам басамыз» акциясын бастады. Бір күн балмұздақтан бас тартып Қостанайлық достарына көмек қолын созып, өз үлестерін қосты.

«Пародия кеші»

«Өзін-өзі басқару» ұйымының президентінің ұйымдастыруымен пародия кеші өткізілді. 8-10 сынып оқушылары арасынан бес команда құрылды. Іс-шара өте жоғары деңгейде өткізілді. Әділ қазылар алқасының шешімімен кешке қатысқан командалар жүдделі орындарға ие болды. Мектеп әкімшілігі атынан Мақтау қағазы мен ынталандыру сыйлығын иеленді. «Бас жүлде» 10- сынып оқушыларының қанжығасында.

«Біз-біргеміз» қайырымдылық жәрмеңкесі

Қайырымдылық-асыл қасиет. 2022 жылы 17 желтоқсане күні мектебіміздің ерекше үйден оқитын бес оқушысына көмек қолын созу мақсатында өзін-өзі басқару ұйымы мектепшілік «Біз біргеміз» мектепшілік жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңкеге оқушылар, ата-аналар, мектеп ұжымы белсене қатысып, жәрмеңкеге өз үлесін қосты. Оқушылар өздерінің әзірлеген тағамдарын сатуға қойды. Жәрмеңкеден жиналған қаражаттың барлығы үйден оқитын оқушыларға жұмсалды.

Ауданда өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілері арасында байқау ұйымдастырылды, байқауда мектеп парламентінің жұмысы көрсетілді. Жасаған жұмыстарды көсету арқылы жүдделі екінші орынды иелендік.

## БІЗДІҢ СТУДИЯ

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы  
Сунақата ауылы  
№194 орта мектебі директорының  
III санатты тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
ТУРЕГЕЛДИЕВ АСКАРБЕК АБУБАКИРОВИЧ



Жобаның төлқұжаты: «Біздің студия».  
Жобаны құрастырушы: МДТІЖО Турегелдиев Аскарбек Абубакирович.

Тәрбие бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбиесі және еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Жобаның типі: Мамандыққа баулуға бағдарланған жоба.

Жобаның мақсаты: еліне еңбегі сіңген барлық саланың мамандары мен тұлғаларын өскелең ұрпаққа таныту, үлгі ету.

Міндеттері: осы жобаға сай танымал тұлғамен сұқбаттасу;

Жобаны жүзеге асыру іс-әрекетін жоспарлау;

Ықшамдалған, көрерменді жалықтырмайтын сценарий құру;

Жобаның өзектілігі:

«Біздің студия» жобасының өзектілігі сонда білім алушы әр адам еңбегінің жетістіктерін, өмір жолдарын танып біледі. Жоба аясында оқушылар өзін-өзі басқаруды ұйымдастырады. Жобаның мерзімі: Ұзақ мерзімді 1 күн (тоқсан сайын)

жылына 4 -5 рет

Өткізу орны: Акт залы (тақырыпқа сай сахнаны безендіру).

Көреремендер жасы: +15 жастан жоғары.

Жобаның негізгі кезеңдері:

- Дайындық кезеңі;
- Объектіні іздеу, таңдау олар туралы фото, аудио бейнематериалдарын жинау, сұқбат алу;
- Апта соңында материалдардың таныстырылымын жасау. Студияға қонаққа шақыру.

Жобаның күтілетін нәтижесі:

Өзін –өзі басқару ұйымының мүшелері (Мектеп Парламенті) «Біздің студия» жобасын әзірлеу барысында үлкенге деген жауапкершілігі мен құрметі қалыптасады, мамандық түрлерімен танысады, қоғамдық орында мінез-құлық ережелерін қолдана алады.

Тәжірибенің рефлексиялық журналистік зерттеу, фото, аудио бейнематериалдарын жинау, сценарий жазуды біледі. Апта соңында материалдардың таныстырылымын жасайды. Жобаға сұраныс көбейеді.

Жобаны жүзеге асыру жоспары

Жобаның бюджеті және қаржыландыру көздері: қамқоршылық кеңесі.

Жобаның нәтижесі: БАҚ-на мақала жіберу, мектеп веб сайтына видеоролик, сурет беру.



Мерзімі:	Жобаның іс-шаралары:	Өзін-өзі басқару ұйымының қызметі:	Жоба авторы қызметі:	Күтілетін нәтиже:
11.01.23	1. Ел азаматтарын (спорт, өнер, өнекәсіп, мұғалім, дәрігер т.б сала мамандары) келісімін алу	Мамандық иелері туралы тың деректер жинақтау	Кеңес беру	Нәтижесінде оқушылар бұл жобаны бастау үшін мамандық иелерінен келісім алады.
12.01.23.	2.Мамандық иесімен, оның еңбек жолдарымен әңгімелесу	Ол кісі туралы жанұясымен, үзеңгілес достарымен, әріптестерімен жұмыс жасайды.	Бағыт беру. Оқушының жинаған дереккөздерін тексереді.	Үлкен кісілермен оқушы арасында тығыз қарым – қатынас қалыптасады. Оқушының ізденушілік, талпыныс қасиеттері қалыптасады. Жобаға деген қызығушылығы артады.
13.01.23.	Оқушы өз ойын жинақтап, толықтырып сценарий жазады.	Мұғалім тексереді. және оқушының жұмысын бағалайды.	ндашығармашылық, ізденушілік, талпыныс қасиеттерімен қатар,кез келген ортада адамдармен тіл табыса біледі.	Үлкен кісілермен оқушы арасында тығыз қарым – қатынас қалыптасады. Оқушының ізденушілік, талпыныс қасиеттері қалыптасады. Жобаға деген қызығушылығы артады.

Жобаның бюджеті және қаржыландыру көздері: қамқоршылық кеңесі, жеке демеушілер, т.б.

Жобаның нәтижесі: БАҚ-на мақала жіберу, мектеп веб сайтына видеоролик, сурет беру.

Осы жоба аясында № 194 мектебінде ұйымдастырылған жұмыстардың бірімен бөлісіп отырмын.

Мектеп Парламенті Мәдениет министрлігінің ұйымдастыруымен «Біздің студия» бағдарламасына «Спорттың жеткен шыңына...» сыр-сұхбатына Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сунақата ауылдық спорт кешенінің жаттықтырушысы, Қазақ күресінен ҚР-ның 4 дүркін чемпионы, Еуразия ойындарының жеңімпазы, Ауыл ойындары және жазғы спартакиада жарыстарының жеңімпазы, ҚР Белбеу күресінен 3 дүркін чемпионы, ҚР кубогы иегері және әлем чемпионы, «Белбеу» және «Қазақ күресінен» спорт шебері Әбдрашит Рахманберді Ерғалиұлымен мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және 6-11 сынып оқушыларының қатысуымен кездесу ұйымдастырылды. Жиын барасында спортшы Рахманның спорт жолындағы жетістіктері, дайындығы, қазіргі таңдағы шәкірт тәрбиелеу жұмыстары кеңінен сөз болды. Сұрақ-жауап, сергіту ойындары және спортшының күрестегі ең басты әдістері оқушыларға таныстырылды. спорт – денсаулық, адамгершілік, үкен тәрбие құралы.





**Балтаева Нұрият Ақперат**  
Әділет министрі  
11 сынып



**Тұрарова Балауца**  
Оқушылар Президенті  
10 сынып



**Абубакир Разия**  
Білім министрі  
9 сынып



**Темірхан Нұрбатыр**  
Спорт министрі  
9 сынып



**Орымбасарова Нурсая**  
Мәдениет министрі  
11 сынып



**Абдурашиг Балауца**  
Құқық министрі  
10 сынып



**Сапарбек Улыс**  
Еркіндік қозғалысы  
министрі  
9 сынып

№194 орта мектебі Мектеп Парламенті құрамы, 2022-2023 оқу жылы

## Мектеп формасы





## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ

### Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылы № 116 орта мектебі педагог-ұйымдастырушы ҰЗАҚОВА ГҮЛЖАИНА СӘНДІБЕКҚЫЗЫ

«Мектеп парламент» жоба мақсаты: Оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымындағы істерге шығармашыл көзбен қарайды. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады. Мектеп парламенті сегіз фракциядан құрылған. Әр фракцияда өз бейімділігіне қарай жұмыс жасайтын белсенді мүшелері бар.

«Мектеп парламенті» жобасын жан-жақты ұйымдастырушы, оқу озаты, оқушылардың айқын дауысымен жеңіске жеткен мектеп президенті 9 сынып оқушысы Снасап Ақниет.

Ақниеттің ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары. Мектепішілік шараларда белсенді. Облыс, республикалық жүдделердің иегері. Өзіндік тың идеялар мен жоспары нық нағыз өз жауапкершілігін сезіне білетін мектеп жанашыры.

Биылғы оқу жылында «Мектеп парламенті» ЕББҚ оқушылармен «Біз сенімен біргеміз!» тақырыбында мектепке бір күндік ашық есік күнін (саяхат) ұйымдастырды. Ашық есік күнінде барлық оқушы деңгейін саралап, жоспар құрып, мектебімізде жүргізіліп жатырған «Мектеп парламенті», «Дебат», «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры» жобаларын толықтай мақсат, міндеті таныстырылып, жұмыстар көрсетілді.

Оқушыларымыз «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітаппен бол» тақырыбында кітапханалық сағат өткізді. Мектеп кітапханашысы Ғалия Жүнісова мен мектеп президенті Снасап Ақниет оқушыларымызды кітапхана жұмыстарымен, арнайы оқушыларымыздың жас ерекшеліктеріне қарай дайындалған көрмемен таныстырып өтті. Сонымен қатар, бастауыш бірлестігінің онкүндігі аясында 3сыныптар арасында ұйымдастырылған «Жас математик» сыныптан тыс сайысына Батырханқызы Сезім, Снасап Айсұлу қатысты. Оқушыларымызға жетекшілік жасаған мектебіміздің ұланбасы: Боранбай Арайлым.

Сонымен қатар, информатика пәнінің мұғалімі Ж.Елеусінова оқушыларымызды «Білім» роботымен таныстырды. Оқушылардың роботқа деген қызығушылығы ерекше болды. «Мектеп парламент» жобасының «Өзін-өзі тану және бақыт» фракция жетекшісі: Сағынтай Аруназ ЕББҚ оқушыларымыздың жаңа технологияға деген ойларын сұрап білді.

Келесі кезекте оқушыларды мектебіміздің «Жасыл мектеп» жобасымен биология пән мұғалімі, жоба жетекшісі Г.Қосаева таныстырды. «Бөлме гүлдерін қалай отырғызу» керектігін түсіндіріп, күтім жасау жолдарын «экология және еңбек» фракция жетекшісі Батырхан Абылайхан таныстырды.

Мектебіміздің арнайы педагогы Н.Темірхан «сан алуан бояулар» тақырыбында жұмыс көрсетті. ЕББҚ оқушымыз Бүркітбай Инжу мен «Қамқорлық» фракция жетекшісі Болатқызы Кенжегүл түстерді бірге сәйкестендірді.

Сонымен қатар, «Мектеп театр жобасы» бойынша 9 сынып оқушылары арасында жоба жетекшісі: Г. Ұзақованың ұйымдастыруымен Алаш қозғалысының құрылғанына 105 жыл толуына орай «Алаш алыптары» тақырыбында театрлық қойылым қойылды. Әрбір жас ұрпақ өз тарихын білуге міндетті. Сондықтан да оқушылар қойылымды өте жақсы деңгейде қабылдады.

Ашық есік күні мектебіміздің педагог-психологы Ж.Боранбаеваның «Менің қолымнан бәрі де келеді» тақырыбындағы тренингімен аяқтады.

«Мектеп парламенті» мүшелерінің ұйымдастырылуымен өткізілген «Біз сенімен біргеміз» тақырыбындағы ашық есік күні оқушыларымызға ерекше көңіл күй сыйлаумен қатар, үштік одақ арасында жақсы қарым-қатынас орнатты.





## БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ НЕГІЗІНДЕ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ТӘРБИЕ КЕҢІСТІГІН ЖОБАЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ

Павлодар облысының Білім беру басқармасы Ақсу қаласының білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының Балалар шығармашылық үйі» КМҚК басшысы – Сауде Қалыбекқызы Әділбаева



Жаз және көптен күткен ұзақ демалыстар – бұл, сабақтан бос балалардың күш-қуатын толықтыратын, қоршаған әлемді және ондағы өз орнын жаңаша ашатын тамаша уақыт. Жазғы демалыс балалар мен жасөспірімдерге сыртқы әлеммен кеңінен араласуға, ал мұғалімдер мен тәрбиешілерге өздерінің қажымас қайрат-жігерін, шығармашылық бастамаларын жүзеге асырудың өзіндік формаларын табуға, жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бірегей мүмкіндік береді. Осыған байланысты қуатты білім беру және дамыту ресурстары бар оқушылардың жазғы демалысы, денсаулығын жақсарту және бос уақытын тиімді өткізу үшін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған кеңістік құру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Павлодар облысы Ақсу қаласының Балалар шығармашылық үйі қаламыздағы барлық білім беру мекемелерімен тығыз ынтымақтастық негізінде жұмыс істеп, сол арқылы біртұтас жазғы сауықтыру кәсіпорнына біріккен қаламыздағы қосымша білім беретін үш ұйымның бірі болып табылады.



Дәл осы жерде баланың ұйымдастырушылық қабілетін, топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Ақсу қаласының әрбір жас тұрғыны жазда БШҮ-нен өзіне ұнайтын нәрсені таба алады.

Бірнеше жылдан бері жазғы кезеңде БШҮ педагогикалық ұжымы «Балалық шақ планетасы» кешенді бағдарламасы бойынша жұмыс жасауда. Бағдарламаның негізгі мақсаты – демалыс кезінде балалар топтары мен БШҮ студияларының қызметі аясында өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндіктер беру арқылы балалар мен жасөспірімдердің бос



уақытын ұйымдастыру, сондай-ақ балалардың рухани, шығармашылық, физикалық мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасау болып табылады.

Осы жазда «Балалық шақ планетасы» бағдарламасы аясында біз 6 жобамен жұмыс істеп жатырмыз:

«Жазғы кинозал» жобасы – әр дүйсенбі және бейсенбі күндері ойын-сауық бағдарламасымен қатар мультфильмдердің көрсетілімі өтеді.

Жобаның мақсаты: балалардың сүйікті мультфильмдерін көру арқылы бос уақытын қызықты ұйымдастыру.

«Қызыл жаз – тамаша уақыт» жобасы – әр сейсенбіде орыс тілінде оқытатын мектеп жанындағы лагерьлер үшін іс-шара өтеді.

Жобаның мақсаты: оқу-сауықтыру іс-шаралары арқылы мектеп лагерлеріне баратын балалардың жазғы бос уақытын ұйымдастыру.

«Дені сау болу – керемет!» жобасы – әр сейсенбі сайын қаламыздың мәдениет және демалыс саябағында спорт нұсқаушылары спорттық шаралар өткізеді.

Жобаның мақсаты: балалардың жазғы бос уақытын спорттық шаралар арқылы ұйымдастыру.

«Жайдарлы жаз» жобасы – қазақ тілінде оқытатын мектеп жанындағы лагерьлер үшін әр сәрсенбі сайын іс-шаралар өткізіледі.

Жобаның мақсаты: оқу-сауықтыру іс-шаралары арқылы мектеп лагерлеріне баратын балалардың жазғы бос уақытын ұйымдастыру.

«Жарқын бояуға боялған жаз» жобасы – әр бейсенбіде БШҰ үйірметәрбиеленушілеріне арналған іс-шаралар өтеді.

Жобаның мақсаты: БШҰ үйірмелеріне баратын балалардың оқу-сауықтыру шаралары арқылы жазғы бос уақытын ұйымдастыру.

«Біз отбасымен біргеміз!» жобасы - әр жұма сайын «Біз біргеміз» кеңес беру орталығының аясында іс-шаралар өткізіледі.

Жобаның мақсаты: білім беру және сауықтыру іс-шаралары арқылы балалардың және олардың ата-аналарының жазғы бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін толық әдістемелік қамтамасыз ету, материалды-техникалық база және кадрлық қамтамасыз ету қарастырылған. Ал жазғы мезгіл ол, әр күнін ашық түстермен толтырғысы келетін балалар мен жасөспірімдер үшін ерекше уақыт ретінде әр баланың жеке және шығармашылық қабілеттерін, оның таланттарын ашуға және өз идеялары мен армандарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ахмет Байтұрсынов: «Халықтың баласына деген қамқорлығы баланың еліне деген қамқорлығын туғызады» деген. Жаз – бұл, кішкентай өмір! Ал біздің міндетіміз – осы формуланы жарыстарда, ойындарда, байқауларда қарым-қатынас қуанышымен толтыру, балаларымыздың мектепке дені сау, күш қуатпен оралуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау!

## ТАРИХ ПӘНДЕРІНДЕ АКТ-НЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түркістан облысы Шардара ауданы «Ұзын ата» жалпы орта мектебі  
Тарих пәні мұғалімі Егембердиев Куаныш Архарбекови



«Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деп Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, мұғалім өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми зерттеу жұмыстарын таңдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері болуы керек. Менің ойымша қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға болуы керек деп ойлаймын. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану заман талабы, біршама жетістіктерге апаратын жол. АКТ-ны қолдану мұғалімге де, оқушыға да қолайлы. Оқушының логикалық ойын дамытып, ешкімнің көмегінен өз бетінше

ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Білім лэнд платформасында курс оқып, алғаш рет АҚШ зерттеушілері Нил Гоув (Neil Howe) пен Уильям Штраус (William Strauss) ұрпақтар теориясы еңбегімен таныстым.

Z ұрпағы «зет» – 2000 жылдан кейін туған, технологияның тілін меңгерген бүгінгінің жастары. Бұл адамдардың есейгенде қандай тұлға болатынын кәсібилік тұрғысынан бағалауға әлі ерте яғни болашақта қандай болатыны әлі белгісіз - ұрпақ жаңа қалыптасуда. Бірақ қазір олар ерекше деп саналады. Индиго балалар. Ерекше дарынды, ерекше философия мен дүниетанымға ие, қолында гаджеттермен туылған балалар. Алайда оларды нағыз «цифрлы балалар» деп атауға болады. Олар біздің елдің экономикалық қалпына келуін қамтамасыз етуі керек. Ұраны: «Мені тыңда, түсін, менімен сөйле, мені бағала». Z ұрпағының өкілдері кітап оқымайды, аулада аз серуендейді, олар алаңға шығып, футбол ойнағаннан компьютерде футбол ойнағанды жөн көреді. Олар үшін компьютер - бұл табиғи мекен. Олар үшін үлкен көлемде кітап оқымау қалыпты жағдай, бұл олардың ақпарат көзі емес, олар барлық ақпараттарды смартфоннан алады, Google бәрін біледі. Отбасын құруға, есеюге асықпайтын Z буыны ертерек жұмыс істеп, өз мансабын қалыптастыруға тырысып бағады. Оларды өзге ақпаратқа сендіре алмаймыз, сен сабақты нашар оқисың, кейін «барып кел, шауып кел» деген жұмысшы боласасың дегенге сендіре алмайсыз. Бірнеше жылдан соң, бұл буын өкілдері көшбасшылыққа келіп, аға буынды жаймен ығыстыра бастайды. Олардың талабы бір – жауапкершілік, әділеттілік пен еркіндік. Z буыны — ер азаматтардың 63%-ы әйел адамдардың 61%-ы көшбасшы болуды қалайды. Z ұрпағы нақты және виртуалды әлемнің айырмашылығын көрмейді.

Z буыны - цифрлы балалар. Мұғалім, оқытушы әлеуметтік желідегі парақшасында оқушыларға қызықты бір нәрсені көруге кеңес бере алады. Оқушының білімін жетілдіре алатын ақпараттың сылкасын жіберіп тұруы қажет.

Себебі бұл визуальды буын, сондықтан YouTube олар үшін сенімді және қауіпсіз деп санайтын негізгі ақпарат көзі болып табылады. Немесе ғаламторда «төңкеріс» жасаңыз. Үй тапсырмасын балаларға қызықты форматта беріңіз, мысалы, оны инстаграмда жариялап,

лүпіл басып, пікір жазуын талап етіңіз. Гаджеттер - қазіргі заманғы адамның өмірінің ажырамас бөлігі. Сондықтан Z ұрпағының балаларын ғаламтордан ақпарат алуына шектеу қойып, техникадан оқшаулауға тырысудың қажеті жоқ, керісінше мұндай құрылғыларды қалай қолдануға болатындығын, одан дұрыс ақпаратты қалай алу керектігін, алынған ақпаратты дұрыс түсініп, жүйелеуге үйретуіміз керек. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Видео – сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео – сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Карантин кезінде онлайн сабақ өтіп, білім беру платформалары, әлеуметтік желі арқылы сабақтар өттік. Өзім ютуб, телеграм каналдар аштым. Қарапайым ауыл мектебінде құқық пәнінен сабақ беремін. Ютуб каналда қарапайым телефонмен сабақ түсіріп бастадым.

Одан ары дамытып, оқушыларды ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жүргіздім. Құқық, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы пәндерінен. Тарих пәнінде хандар, императорлар, оқиғалар сұрақтары болады. Жауабын көрсете отырып, суретін, өмір сүрген жылдарын қоса, қамтып көрсетемін. Мұндай әдіс жаңа материалды түсіндіруге кететін уақытты азайтады. Тәжірибелік жұмысқа нұсқауды көркем жеткізуге мүмкіндік береді. Осының арқасында материалды тәжірибелік меңгеруге көп уақыт қалады. Видео-сабақты қысқаша талқылау материалдың негізгі кезеңдеріне назар аудартып, қорытындылар шығаруға көмектеседі. Яғни қажеттілігінше видео-сабақтарды пайдалану оқушының пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушыларға ақпаратты меңгеруге жақсы көмегін тигізеді. Қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінен оқушылар тіркеліп, көріп, сұрақтарын қойып жатады. Каналды ҰБТ-ға дайындық ретінде қосымша ақысыз жүргізіп отырамын. Телеграм каналымды құқық негіздері деп ашқанмын. Ол жерге тест тапсырмаларын салып отырамын. Дұрыс жауабын белгілегенде жұлдыздар шашырайды. Тартымды, әрі қызықты.

АКТ мүмкіндіктерін кеңінен қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздім:

- Уақытты үнемдеуге;
- Бір мәлімет іздеу арқылы жаңа мәліметпен танысуға;
- Компьютерлік сауаттылыққа;
- Шапшаңдылыққа;
- Тұлғаишілік қарым – қатынасты жүйелеуге;
- Жаңа форматтағы сабақты ұйымдастыруға;
- Аз уақытта көп ақпараттар жинауға;
- Кіріктірілген мәліметтер алуға;

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

Интерактивті тақта

Мультимедия

Интернет кеңістігі

Электронды оқулық

Мұғалімдері үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне;
- уақытын үнемдеуге көмектеседі;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігі туындайды;



- қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік береді;
- экономикалық тиімді;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде көп көмегі бар;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктерін оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;

Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту.

АКТ-ны сабақта пайдаланудың тиімділігі:

Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;

Ақыл ойын дамытады;

Шығармашылық белсенділігі артады;

Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Қажет ақпарат іздей қойсаң орыс тілінде өріп шыға келеді, ал қазақ тілінде аз кездеседі. Бір жағынан қазақ тілді аудиторияны көбейтуге өз үлесімді қосқым келеді. Сабақты бастағаннан миға шабуыл әдісі, сергіту сәті, негізгі бөлімінде, сабақты бекітуде, кері байланыста бүкіл сабақтың өн бойында АКТ-ны қолдануға болады.

АКТ-ның ғылыми тұрғыда артықшылығы жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті, танымдық белсенділігі, өзіне сенімі артады, қосымша материалдарды молынан алады. Қорыта айтқанда, АКТ-ны қолдану арқылы өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, жан-жақты жетілген шәкірттерді дайындаймыз.

Өткен тарихқа көз жүгіртсек, дүниені найза, қылыштың заманында дүр сілкіндерген ата-бабаларымыз, жаңа заман жетістігі отты қару шығып оны меңгермей жеңісті қолдан бердік. Ал кәзіргі постиндустриалды қоғамда ол қателікті қайталамауымыз керек.

Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Қолданған әдебиеттер:

1. №2 2015 ж. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2016
3. <https://pedcollege.kz/kz/elektronnye-resursy/metodicheskie-doklady/173-saba-tiimdiligin.html>

## АШЫҚ САБАҚ

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Мектептен тыс  
жұмысының орталығы» МКҚК  
Кошербаева Гүлсуду Омирзаковна «Домбыра» үйірмесінің  
қосымша білім беру педагогі санаты: педагог-зерттеуші



Тақырыбы «Ортекемен күй орындау өнерін үйрену»

Мақсаты: Күй орындау өнерін ортекемен байланыстырып, білім алушылардың орындаушылық, қызығушылық шеберлігіне жаңа серпін беру.

Міндеттері: ұлттық өнерді қастерлей білу;

• дайындықты үзбей шығармашылық бағытта даму:

• жаңалыққа жақын болу

Сабақтың барысы :

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Жаңа сабақ

Тапсырмалардың түрлері:

Қолданылатын тәсілдер:

1. Ой бөлісу.

2.Топтық жұмыс тақырыпқа сай (ансамбльмен және жеке күй орындау)

3. Ойындар (топта белсенділік таныту)

4.Сергіту сәті ойындар (білім алушылардың топқа бейімділігі, шапшаңдығы, тапқырлығын бақылау

IV. Қорытынды

V. Үйге тапсырма

Жаңа сабақ.

Білім алушылар, сіздер үшін бүгінгі тақырып, сабақ өте қызықты болады.

Қазақтың ықылымнан бері қолынан тастамай келе жатқан музыка аспабы домбыраның көмегімен (кейде шертермен де) ойналатын – ортеке күйі бар.

Ортеке жай ғана домбырада шертілетін күй ғана емес, ағаштан ойып, өрнектеп текенің бейнесін жасап, оны тұғыр ағашта домбыра шерту арқылы билетеді. Қазіргі кезде дамыған техникалардың көмегімен жасайтын түрлі қуыршақ кескіндерінің бастамасы деп те айтуға болады. 1935 жылы белгілі зерттеуші, ғалым А.Жұбанов «Казахстанская правда» газетіне мақала жариялап, мақаласында ортеке қуыршақ биі туралы деректерді келтірген: «...Ойын кезінде қуыршақ секіріп, бірде орғып, әртүрлі бұрылыстар жасайды. Олар әуеннің ырғағымен билейді. Шебер орындаушы домбырада күй тартып, бейнелерді түрлі қимылдарға келтіріп, бірде секіртіп, бірде жүгірткен яғни, секірген теке қимылдарын жасай білген» деп жазған.

Енді балалар, ортеке туралы тың деректерге назар аударайық.

Ортеке әртүрлі көлемде жасала береді. Ол негізінен жасаушының ойлау ерекшелігімен шертушінің шеберлігіне байланысты. Ертеде саусағынан саз өрген даңғайыр дала күйшісі болыпты. Бұл адам тек домбыра шанағынан күй төккен өнерінен басқа, ши үстінен шіркей атар мергенде болған екен. Күндердің күнінде күйші аң аулап жүріп, бір салмаудағы кішкене тастың үстінде қызғылт күрең жүні күн нұрымен құндыздай жалтырап, құлпырып тұрған тауешкінің марқасын көреді. Тау ешкі марқасының тас үстінде буындары сыртылдап, сылқылдап, ойнақ қағып, еш нәрсені қаперіне ілмей, қамсыз, қайғысыз билеп тұрғанын көріп, қызыға қарап қалады. Марқаның табиғат құшағына деген еркелігін көргенде аңшы, қорамсаққа салған қолын еріксіз тартып, садағын қайтадан мойнына іліп, келген ізімен кері қайтады. Ауылына келген соң, сазгердің көңілін тербеген

марқаның қимылы, домбыра шанағында «Ортекенің ойнауы» деген күй болып шертіледі. Кейін келе күйші ағаштан ойып, өрнектеп, марқа бейнесін жасайды да, көпшілік арасында шертеді. Марқаның тірі бейнесін көргендей болған қалың қауым, күй тіліне ерекше сүйінеді. Осыдан бастап, ауылдың басқа күйшілері де ортеке ойнатуды бастайды.

Ортеке жасаудың түрлі жолдары бар. Әр шебер әртүрлі жасайды. Жасалу жолы ортеке қуыршағы қызылқайың, қызылқандыағаш, үйеңкі, жаңғақ, шаған, емен сияқты ағаштардан жасалады. Бұл ағаштар оңай кесіліп, оңай ойылады. Домбырамен ойналған кішкене текешіктің әсем қимылы көрген жанның қызығушылығын арттырады. Кейбір жағдайларда күйші ортеке бейнесін өзі жасай алмаса арнаулы ағаш шеберлеріне жасататын болған. Өздері домбыраларымен бірге ортекелерінде алып жүрген. Осы арқылы барған жерлерін қызыққа бөлеп, жастардың өнерге деген құрметімен қызығушылығын дамытып отырған. Талай ғасырдан бері желісі үзілмей бұл өнерді күні бүгінде сахнада көру біз үшін зор қуаныш.



Ортеке қойылатын тұғыр ағаштан құрастырылады. Беткі жағына түрлі ою-өрнектер ойылады. Әшекейленген тұғыр ішіне ортасынан темір сым өткізілген таяқша қойылады. Темір сымның екі шеті иіліп, біріне қуыршақ бекітіліп, біріне домбырашының саусақтарына ілінетін жіп жалғанады. Тұғырды тесіп, жіп сыртына шығарылады. Жіпті тартқан кезде темір сым қозғалып, ортеке қуыршағы билей бастайды. Ортеке қуыршағы тепе-теңдігін сақтау үшін, бауырынан ілінген сым темір қуыршақ жан-жаққа ауытқымайтындай өлшемде қақ ортасына орналасады. өлшемде қақ ортасына орналасады.

Білім алушылар, алдымызда тұрған ортекемен күй орындап көрейік  
Қане, балалар, кім ортаға шығады?

1934 жылы Алматы қаласында өткен бүкілқазақстандық халық таланттарының слетінде «Ортеке» биін Ж.Оразәлиев орындаған. 1984 жылы «Мұрагер» республикалық фольклор сазды ансамблі сахнаға алып шығып, ел арасына кеңінен таралуына үлкен үлес қосқан. Ұлттық музыканың көрігін қыздырып жүрген «Тұран» ансамблі 2010 жылдан бері, ортеке ойнатудың жаңа бір тынысын ашып, республика және шетел сахналарында ортекені орғытты. Венгрия, Қытай, АҚШ, Ресей, Франция, Испания, Түркия елдерінде ортеке ойнатып, көрерменнің қызу қошеметіне бөленді. Бүгінгі күні бұл өнерге жастар арасында қызығушылық мол. Атадан балаға мұра болып жалғасқан ортеке өнерінің өрісі кеңімесе, тарылмайтыны белгілі.



Балалар, қызығушылықты артыратын, ортеке туралы қызықты видеоларға назар аударайық.

«Ортеке»–қазақтың көне қуыршақ театры», -деген белгілі ғалым Ахмет Жұбанов. Ерте кезден қалыптасқан мәдениет бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқаны қуантады. Ерте заманда балаларға домбыра үйретуде оларды қызықтыру үшін «Ортеке қуыршағы» қолданылған.

Күйші Абдулхамит Райымбергенов: «Бұрын бір мезетте үш ортекені–«ата ортеке», «әке ортеке», «бала ортекені» ойнатқан, үш бейнені алдымен жеке-жеке кейін бәрін бірге, яғни біреуін оң қол саусағына ілген жіптің көмегімен, ал қалған екеуін аяққа арналған педальдің көмегімен ойнатады.

Бір адам ең көп дегенде төрт ортекені саусағына ілінген жіптер арқылы басқарып,



күй ырғағына билете алады. Ал атақты күйші, домбырашы Мұрат Өскенбаев «Сегіз лақ» күйін тартқанда, сегіз текені тұғырға орнатпай-ақ жерге қойып ойнатқан екен. Сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ортеке ойнатудың өзіндік техникасы бар. Ортекенің бірнешеуін ойнатқанда олар бір-біріне кедергі келтірмей, бір-біріне ұқсамайтын «би» қимылдарын жасауы керек. Бұл құрастырушының логикасына тікелей байланысты. Балалар, енді Әбілахат Еспаевтың «Ортеке» әнін тыңдап, бірге шырқайық.



Кері байланыс

Сұрақ-жауап:

«Ортеке» неден жасалады?

Тақырып бойынша түсінгеніңді айтып бер

Ортекемен күй орындап көрсет

Қорытынды:

Бүгінгі сабақта ортекемен күй орындау туралы керемет мағұлмат алдыңыздар.

Алдағы уақытта ортекемен күй орындау әдісін меңгеріп аламыз.

Болашақта ортекемен сахнада өнер көрсетуді мақсат етіп, шығармашылық ізденісте, үздіксіз дайындықта болу. Ұлттық өнердің дамуына үлес қосу.

Үйге тапсырма: іздену, өзін-өзі дамыту, жеке дайындалу.

Сабақ аяқталды.

2023жыл

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ортеке» 2011 ж Алматы қаласы «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» баспасы. Кітап авторы/ құрастырушы –Қ.Мұқажанұлы

2. «Қазақ мәдениеті» Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы 2005ж. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия 1998 ж.

## ФОРМИРОВАНИЕ И ОРГАНИЗАЦИЯ НАЧАЛЬНОГО ЭТАПА ОБУЧЕНИЯ ИГРЫ НА АККОРДЕОНЕ

Мазманова Лейла Валериановна  
преподаватель класса «Аккордеон», № 3 Детская музыкальная школа,  
г. Астана



Система дополнительного образования Казахстана направлена на создание образовательной среды, соответствующей социальному заказу общества: организация содержательного культурного досуга детей и подростков. Как известно, главными задачами детской музыкальной школы является приобщение детей к культуре, развитие творческой личности ребенка, удовлетворение потребности личности в художественном, культурном и нравственном развитии посредством получения дополнительного образования в сфере искусства и культуры; обеспечение духовно-нравственного, гражданско-патриотического, трудового воспитания детей; выявление и развитие творческого потенциала одаренных детей; формирование общей

культуры детей; создание условий для осознанного выбора профессии, подготовки к возможному продолжению образования в области искусства в средних и высших учебных заведениях соответствующего профиля; приобщение подрастающего поколения к мировой и национальной культуре, и в конечном итоге – социализация личности ребенка.

Формирование разносторонне развитой личности с высоким уровнем культуры и навыками творческого мышления предполагает разработку новой концепции, строящейся на соединении общих требований, диагностики интересов и потребностей всех участников образовательного процесса учреждения дополнительного образования. Говоря о культуре личности ребенка, подразумевается, прежде всего, развитие его коммуникативной культуры. И здесь наиболее эффективной формой воздействия на мировоззрение ребенка, на становление его духовных и нравственных начал является обучение его музыке в тесном общении с педагогом. Начальное обучение на аккордеоне – это один из самых ответственных этапов.

Дальнейшие успехи начинающего музыканта во многом зависят от мастерства педагога, его профессиональных навыков, владения методикой индивидуального подхода, умение грамотно, конкретно и лаконично объяснить материал, помочь ученику добиваться первых положительных результатов. Начинающий музыкант, не имея никаких умений и знаний полностью доверяет своему преподавателю, и поэтому любая ошибка и просчет в работе преподавателя очень дорого в дальнейшем обходятся для ученика. Плохо поставленный инструмент, скованный и зажатый игровой аппарат, а также недостаток теоретических знаний приводит в конечном результате к тому, что ученик, не имея положительных результатов игры, быстро теряет интерес к обучению. Именно в этот первоначальный период обучения особенно требуется мастерство педагога, его знания, профессиональная интуиция.

Первые теоретические занятия с начинающим аккордеонистом необходимо организовать как наглядно-демонстрационное. На этом важном этапе ученик знакомится с инструментом, его возможностями. Преподаватель исполняет несколько произведений, различных по характеру и доступных восприятию ученика, тем самым решает сразу несколько первоначальных педагогических задач: приобщает ученика к музыке, используя принцип наглядности пробуждает у ученика интерес к инструменту, желанию учиться исполнительству на инструменте, и главное, постепенно вводит ученика в учебный процесс. Приступая с учащимися к освоению игровых навыков, преподаватель должен начать с объяснения каким образом на аккордеоне извлекается звук. Важно, чтобы

учащийся понял: громкость звука на аккордеоне не зависит от силы удара, нажатия или давления пальцев на клавишу. Звук меняется за счет различного по интенсивности ведения меха. К числу важнейших постановочных навыков относится ведение меха. Мех является главной особенностью звукообразования на баяне и аккордеоне. Начинать работу над правильным ведением меха необходимо на первых уроках и контролировать в течение всего первоначального периода обучения. Составлять репертуар преподаватель должен, принимая во внимание постепенное, незаметное для учащегося, повышение сложности пьес, руководствуясь принципом от простого к сложному. Обучение должно быть развивающим. Только при таком подходе к учебному процессу учащийся достигает хороших результатов, увеличивая свой профессиональный рост. Прежде всего, нужно определить, что же такое интонация.

Долгое время в истории исполнительства вниманием не пользовалось развитие музыкального слуха. И только в конце XIX века исполнительская педагогика пришла к мысли, что активность, высокая культура слуха - основа творческой работы исполнителя. Были определены следующие аспекты воспитания слуховой культуры: развитие внимания, памяти, формирование навыков слухового различения звучания в высотном, ритмическом, тембровом, динамическом, фактурно-пространственных отношениях. Значение внутреннего слуха, слуховых представлений, воображения играет огромную роль в слухо-интонационной работе. Важной стороной является постижение выразительных отношений между тонами. Внутренний слух важная составляющая слухо-интонационной культуры музыканта. Очень важно для исполнителя услышать нотный текст внутри себя, мысленно его озвучить. На работу над интонированием на начальном этапе обучения игре на аккордеоне должны быть направлены постановка исполнительского аппарата, навыки звукоизвлечения, меховедения, развитие музыкального слуха, координация движений, исполняемый репертуар. На начальном этапе обучения достаточно долгий период времени занимает приспособление, адаптация к инструменту, что в свою очередь зависит от возраста, физических данных ребенка. Также трудности возникают при освоении навыков меховедения и звукоизвлечения.

Именно на решение этих задач направлено внимание педагога с первых уроков, а на активизацию музыкального слуха – нет. А ведь музыкальная интонация – носитель музыкальной мысли. Значит, выразительное интонирование является основой исполнительства и должно воспитываться с начала обучения игре на аккордеоне. Процесс интонирования очень сложный, и в первую очередь необходимо чтобы педагог понимал этот процесс. Как было сказано выше, музыкальное интонирование связано с интонированием речевым. Как и в человеческой речи, смысл и эмоциональная окраска передаются с той или иной интонацией (вопросительная, восклицательная, повествовательная и т.д.). С определенной интонацией произносятся слова, фразы, предложения, интонацию имеет отдельный звук. Поэтому на начальном этапе обучения игре на аккордеоне нужно связывать нотный материал со словом, используя доступные ребенку тексты. На сегодняшний день в свет выходят сборники, предназначенные для детей, начинающих освоение аккордеона. В них подобран музыкальный материал, состоящий из легких пьес, детских песенок, народных попевок и т.д., которые понятны ученику и не очень сложны в исполнении. Многие песни в сборниках даны со словами, так как сама природа инструмента располагает к пению, аккомпанементу.

Пение, несомненно, влияет на понимание музыки и ее эмоциональное исполнение. Такая важная задача как пение с первых уроков способствует развитию у учеников интонации и внутреннего слуха. В работе также можно использовать учебники, применяемые на уроках сольфеджио. Основным в работе над интонированием в классе аккордеона является умение ученика определить во фразе главное по смыслу слово, выделить его, найти ударный слог в слове, которое будет являться кульминацией, связать все это с музыкальным звучанием. В процессе работы над интонированием на аккордеоне на начальном этапе обучения следует закладывать у ученика основы умения интонировать. Нужно научить ребенка понимать и чувствовать исполняемую музыку. Добиваться этого помогают тщательно подобранные упражнения и репертуар, который учитывает все сложности обучения интонированию, а также огромную роль играют такие творческие



задания, как подбор мелодий на слух.

**ЗАКЛЮЧЕНИЕ** Итак, обобщая основные теоретические и практические положения нашего исследования, можно сделать следующие выводы. Процесс музыкального исполнения представляет собой комплекс исполнительских действий, включающий в себя действия внутреннего музыкального слуха, воспроизводящего мысленно предстоящее звучание во взаимосвязи с двигательными действиями, воплощающими реальное звучание на клавиатуре, а также процесс слухового внимания, обеспечивающий опережение двигательных действий и контроль за качеством звукового результата. Помимо непосредственных профессиональных знаний, каждый преподаватель должен быть хорошим психологом. Это помогает более глубоко раскрыть у учащегося сильные стороны характера, войти с ним в более тесный контакт общения, завоевать доверие, что очень важно.

Познать внутренний мир ребенка, уметь направлять в нужное русло положительные, сильные черты характера, а также стараться преодолеть отрицательные – вот главная задача педагога. Каждый ребенок является индивидом, обладает присущими только ему чертами характера, темпераментом. В зависимости от этого педагог должен найти индивидуальный подход к каждому из учащихся.

Список литературы:

1. И.Браудо «Артикуляция», Ленинград-1961 г.
2. М.Давыдов «Теоретические основы формирования исполнительского мастерства баяниста», Луцк-2006г.
3. Т.Крунтяева, Н.Молокова «Словарь иностранных музыкальных терминов», Москва-1985 г.
4. О.Шаров «Аккордеонно-баянное исполнительство», Санкт-Петербург-2005 г.

## ПЛАСТИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ПРОБЛЕМАСЫ

Махмұт Айгерім Жағиппарқызы

Табиғатта өте тамаша бір қасиет бар. Оның өзі бөліп шығарған қалдықтардан біздің көмегімізсіз-ақ өзін-өзі тазартып ала алады. Ал адам баласының бөліп шығарған көң-қоқсығынан ақыл-оймен өмірге келген халық шаруашылығының улы, зиянды қалдықтарынан өздігінен тазалауға табиғатта шама жоқ. Адамдар күн сайын тау-тау қылып күл-қо-қысқа тастайтын пластмасса құты-лар жер бетінде 100 жылға дейін, кәдімгі полиэтилен пакеттері 200 жылдан астам уақыт бойы шірімей, жатып алады екен. Ал консерві қалбырлары мен шыны сынықтары 1 мың жылға дейін жер қойнын ластап, «жегі құрт-ша» топырақ құнарын жеп жатады. Ағаш жапырақтарын жаққанда ауаға улы заттар таралады. (ангидрид, бензопирен, күкіртті сутек және диоксин). Оның түтіні 1 м-ге ғана көтерілетіндіктен көбінесе жас балалардың тыныс алу жолдарына және ойлау қабілеттеріне кері әсерін тигізеді.

Пластмасса металды алмастырып қана қоймайды, оған жақсы қасиет те береді. Пластмасса бөлшектері приборлардың шуын 50-75 процентке дейін азайтады. Қазір көптеген машина, прибор бөлшектері капроннан жасалады. Мұндай бөлшектер ұзаққа төзеді және арзанға түседі. Орта есеппен алғанда капронның бір тоннасы 3-5 тонна болат пен 6-7 тонна қоланың орнына пайдаланылады.

Әр алуан материалдардың жақсы қасиеттері пластмассадан табылады. Сондықтан техникалық көптеген мәселелерді шешкенде, пластмассалар ең керекті, тіпті баламасы жоқ материал болып саналады. Мысалы, болатты алатын болсақ, ол өте берік, бірақ меншікті салмағы ауыр, мөлдір емес, электрден қорғай алмайды. Ағашты алсақ, ол жеңіл, бірақ берік емес, шіритін материал. Ал пластмассалар осы күрделі талаптардың барлығына жауап бере алады. Олардың арасынан берік те жеңіл, мөлдір және сынбайтын, электрден қорғағыш қасиеттері жоғары және басқа да сапалы қасиеттері бар түрлері кездеседі. Мысалы, химиялық төзімділігі алтын мен платинадан жоғары, үйкеліс коэффициенті өте төмен немесе өте жоғары, тағы басқа материалдар да бар.

Сонымен қоса, пластиктің зияны туралы әрқайсымыз құлағдармыз. Әңгіме өнімді қалай пайдалану керектігінде ғана емес (бұл да маңызды мәселе). Пластиктің адам организмі үшін аса зиянды екендігінде. Бір қарағанда сатушылардың сендіруіне қарасақ, пластмассалардың еш зияны жоқ. Бірақ шын мәнінде пластик расыменде адам организміне орны толмас қауіп әкеледі. Бұл ғалымдардың зерттеулерімен бірнеше мәрте дәлелденді, оны өз тәжірибеніңден өткізу жақсы шешім емес. Пластик өнімдерінен түбегейлі бас тарту жақсы идея, дегенменде бұл мүмкін емес. Бір ғана шешім бар – бұл пластик өнімдерін тұтынуды азайту. Ол үшін сатып алғалы жатырған тауарыңызды мұқият қарап алыңыз. Кез-келген өнімде тауар өндіруші пластиктің қандай өнімнен алғандығы туралы ақпаратты көрсетуі тиіс. [4]

Жақында жаңартылатын шикізаттан және биологиялық ыдырайтын пластмассалар шығаруға ғылыми және өндірістік қызығушылық арта бастады. Мұнайдың дүниежүзілік қоры сарқылып жатқандығына және петропластиканың қоршаған ортаға типізетін зияны туралы көбірек хабардар болуына байланысты.

Әлемдік нарықта пластмассаларға деген сұраныстың артуымен биологиялық ыдырайтын пластиктерге сұраныс та артып келеді.

Биопластиктердің биологиялық ыдырайтын қалдықтары органикалық, тез ыдырайтын және ластанбайтын қалдықтар ретінде қарастырылуы мүмкін. Мысалы, оларды компост түзуде топырақтың түзетулері ретінде пайдалануға болады, өйткені олар биологиялық процестермен табиғи түрде қайта өңделеді.

Биопластикалық биопластика өндірісі үлкен қиындықтарға тап болады, өйткені

биопластиканың петропластикаға қарағанда төмен қасиеттері бар және оларды қолдану өсіп жатқанымен, шектеулі. [1 ]

Арнайы таңбалардың болмауы – бұл өнімнің сіздің денсаулығыңыз үшін шектен тыс зиянды екендігінің нақты дәлелі бола алады. Ал таңба үшбұрышты үш сызықшамен белгіленеді. Фигураның ішінде орналасқан цифр және таңба пластмассаның қандай типіне жататындығын көрсетеді

Дегенмен көптеген жасанды материалдар, соның ішінде пластмассалар табиғатта ыдырамайтындықтан, қоршаған ортаны ластауда. Сондықтан қазіргі таңда ғалымдар тікелей шикі мұнайдан өндірілмейтін, экологиялық таза пластмассаларды жасау жолында белсенді қызмет атқаруда.

Биопластмассаларды қолданудың кемшіліктері негізінен қолданылатын биопластикалық түріне байланысты. Басқалардың арасында бізде мыналар бар.

- Аз қарсылық - биопластиктердің көпшілігінің кәдімгі пластмассалармен салыстырған бір шектеулері - олардың төзімділігі төмен. Алайда, бұл қасиет оның биодеградацияға қабілеттілігімен байланысты.

- Жоғары баға - кейбір жағдайларда биопластика өндірісі үшін қолданылатын шикізат мұнайға қарағанда қымбат. Екінші жағынан, кейбір биопластиктердің өндірісі өңдеу шығындарының жоғары болуын білдіреді. Атап айтқанда, бұл өндірістік шығындар биотехнологиялық процестерде, соның ішінде бактерияларды жаппай өсіру кезінде өндірілетін шығындарда жоғары.

- Пайдалану қайшылығы. Азық-түлік шикізатынан өндірілген биоластмассалар адамның қажеттіліктерімен бәсекелес. Сондықтан, дақылдарды биоластик өндірісіне арнаған тиімді, сондықтан олар тамақ өнімдерін өндіру схемасынан шығарылады. Алайда, бұл кемшілік жеуге болмайтын қалдықтардан алынған биоластикқа қолданылмайды. Осы қалдықтардың ішінде бізде өсімдік қалдықтары, жеуге жарамсыз балдырлар, лигнин, жұмыртқа қабығы немесе лобстер экзоскелеті бар. [2 ]

- Оларды қайта өңдеу оңай емес. PLA биоластикасы әдеттегі PET (полиэтилентерефталат) пластикасына өте ұқсас, бірақ ол қайта өңделмейді. Сондықтан, егер пластмассаның екі түрі де қайта өңдеуге арналған ыдыста араластырылса, онда бұл құрамды қайта өңдеуге болмайды. Осыған байл анысты, PLA-ны көбейту қолданыстағы пластиктерді қайта өңдеу бойынша күш-жігерге кедергі келтіруі мүмкін деген қорқыныш бар.

Пластикалық немесе біржолғы ыдыстар қазіргі таңда молынан өндіріледі. Себебі, мұндай ыдыстар сұранысқа ие. Неліктен? Өйткені, табиғат аясына демалуға шыққанда салдырлатып шыны, фарфор ыдыстарды алып шыққаннан гөрі әлдеқайда тиімді. Оның үстіне бағасы түкке татымайтындықтан, сауда орталығында сусын сататындар ақша үнемдеудің рахатын көруде. Ал зиянына келетін болсақ, пайдасының үлесін шаңына ілестірмейді. Пайдаланылған пластикалық ыдыстарды отқа жағуға болмайды. Иісі улы. Амалдың жоғынан қоқысқа тасталынады. «Былай тартсаң, арба сынады, былай тартсаң, өгіз өледі» демекші, тонналап өндірілетін біржолғы ыдыстардың бәрі бірдей қоқысқа тасталса, қала немесе өзге елді мекен қоқыс аралына айналуы ғажап емес. Екіншіден, пластмасса ыдыстардың құрамы да оңып тұрған жоқ. Полистирол, полипропилен, поливинилхлорид секілді химиялық құрамды ыдыстарды ережесіз пайдалану аса қауіпті.

Елімізде мұндай ыдыстарды пайдалану ережесі айтылмайды. Ал, әлем елдерінде, мысалы, Дания үкіметі 1994 жылдан бері полиэтиленді қапшықтарды тегін берушілерге салық салатын болды. Осы шешімнен кейін біржолғы ыдыстарға сұраныс 90 пайызға құлдырады. Ал, Германияда біржолғы ыдыстарды пайдаланғысы келген тұтынушы ақша төлеп, сатып алады және жинауға, қайта өңдеуге сатушы рұқсат алады, әйтпесе жауап береді. Сол себепті, саудагерлер мұндай ыдыстарды сатуға ықпалсыз. Ирландияда полиэтиленді қапшық орнына түрлі мата сөмкелер пайдаланылады. [3 ]

АҚШ-тың бірқатар штаттары біржолғы ыдыстардан мүлдем бас тартты. Сингапур, Бангладеш, Тайваньда пластик ыдыстар құбырларды бітеп, өзеннің еркін ағуына зиян келтіретіндіктен, қолдануға тыйым салынған.



Кәдімгі пластмассаларға қарағанда шығындардың аз ғана өсуіне қарамастан, қосымша нұсқа қағазға қарағанда төменірек, бұл опция материалды қалайтын компаниялардың қашықтарды өндіруде қолданылатын нұсқасы, өйткені ол 100% органикалық. Экологиялық тұрғыдан жарамды болғанымен, қағаз қымбатырақ, өйткені ол жаңартылатын шикізат болып табылады.

«Экологиялық таза және экологиялық тұрғыдан сұранысқа ие» кезеңдерде нарыққа жақсы жауап беру мүмкіндігімен, биологиялық ыдырайтын пластмасса өнімдерінің өзіндік құны төмендейді деп күтілуде. Пластикті саналы түрде қолданудың көптеген баламалары бар, компаниялардың осы баламаға қаражат салғаны жеткілікті және сатып алушылар осы өнімдерге артықшылық береді.

Пластикалық бұйымдар мен материалдардан дизель отыны мен бензин алудың инновациялық әдістері бар. Бұл әдісті жапон ғалымдары жасаған. Бұл технология 10 кг пластикалық қалдықтардан 5 литрге дейін дизель отынын немесе бензин алуға мүмкіндік береді. Осындай әдістерді қолдану арқылы экономикалық пайда алуға ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға антропогендік қысымды төмендетуге де болады. [2]

Пластиктің таңбалануын дұрыс ажырата білуді үйренейік. Егер сіз көптен бері «жасыл өмір» ұстанымдарын ұстанып жүрсеңіз, сізге күнделікті тұрмысыңызда пластикалық ыдыстардың қолданылуынан бас тарту оңайға соқпас. Пластмасса өнімдерінің біздің тұрмысымызға кірігіп кеткені соншалық біз ендігі өмірімізді әртүрлі контейнер-бөтелкелерсіз елестете алмаймыз. Өнімнің танымал болуының құпиясы: қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы және салыстырмалы арзандығы, бір сөзбен айтқанда өндірістің қарапайымдылығымен түсіндіріледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Данило Ж. Маркович Социальная экология. М., 1997 ж.
2. В.А. Ситаров, В.В. Пустовойтов - Социальная экология. М., 2000 г.
3. Нуркеев С.С., Мусина У.Ш. – Экология – Алматы, 2005 г.
4. Кенесариев У.И., Жақашов Н.Ж. «Экология және халық денсаулығы» - Алматы 2003 ж. – 147 б.

## ҚОБЫЗ АСПАБЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Танжарикова Умит Калиевна

Қобыз класының оқытушысы, педагог-модератор БҚО,

Ақжайық ауданы Чапаев ауылы

БҚО әкімдігі білім басқармасы Ақжайық ауданы білім беру бөлімінің  
«Балалар музыка мектебі» МКҚК



Көркем-эстетикалық бағыты  
Бейіндік сабақтың әдістемелік әзірлемесі

Қазіргі таңда егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасақталып әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Осыған орай оқу-тәрбие үрдісіне елеулі өзгерістер енгізіп, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Жас ұрпақты білімді және өнерлі етіп тәрбиелеу, жалпы азаматтық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеру басты мақсат етіп қойылуда. Қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттері тек орындаушы ғана тәрбиелеу емес, көшбасшылық қасиетке, креативтік ойлау қабілетке

ие шығармашы тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Біздің еліміз егеменді ел болғалы ғалым мен мәдениетке жасалып жатқан шаралардың бәрі жастарға, жалпы азаматтық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Оқушыға жалпы мектептегі музыка сабақтарымен қатар қосымша білім беру салаларындағы музыкалық білім мен тәрбиенің берері көп.

Қосымша білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – балалардың бос уақытын мазмұнды және толыққанды ұйымдастыруға, олардың сапалы қосымша білім алуына, оқушы тұлғасының дамуына, әлеуметтік және кәсіби қалыптасуына жағдай болып табылады. Жас ұрпақтың бойынан іскерлік пен қабілеттерін ашу және оларды өнерге, шығармашылыққа баулу туындайды.

Саз мектебінің мақсаты – жас ұрпаққа білім беру мен тәрбие берудің сапасын көтеруде, оқытудың ғылыми деңгейін жоғарылатуда, оқытудың тәсілдерін жетілдіруде саз мектебінің оқытушыларына аса жауапты міндет жүктеледі. Балаға рухани-эстетикалық тәлім-тәрбие берумен қатар, білімді де білікті, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы үшін қызмет ететін оқушы – орындаушы даярлау болып табылады. Осы мақсатта саз мектебінің оқытушылары әр баланы мектепке қабылдаған уақытта аспапты үйрету мен қатар халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлеп, сүйе білуге үйретеді.

Біздің бағытымыз – тәуелсіз еліміздің болашағын жарқын етіп, жас ұрпаққа дініміз бен тіліміздің қазынасын терең меңгертуге өз үлесімізді қосып, адалдық пен адамгершілікке, еңбекқорлыққа баулып, жас дарынның бойындағы табиғат сыйлаған қасиетін шыңдау.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қолы жеткен бұл кезеңдегі еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсаты – рухани жан дүниесі биік, жеке тұлға қалыптастыру. Ал, тұлғаны музыкаға тәрбиелеу дегеніміз – ол баланың бойындағы белгілі бір қызығушылықты ояту.

Қобыз – ел арасында кеңінен тараған, атадан- балаға мұра болып келе жатқан көне аспаптардың бірі. Қасиетті қара қобызды түркі жұртының аруақты аспабына айналдырған VIII-IX ғасырда өмір сүрген ұлы күйші, түркі музыка өнерінің негізін қалаушы Қорқыт ата болды. Қобыз аспабы халық музыкасын өзіндік ырғағымен шебер орындағанда, тыңдаушыға ерекше эстетикалық әсер ететін дыбысы әдемі аспап. Ол адамның неше түрлі нәзік сезімін, ой-қиялын музыка тілімен өте дәл және әдемі суреттейтін дыбыстарға аса бай.

Қорқыт бабамыздың қобызы тектес ыспалы аспап әлем халықтарының көбінде кездеседі. Қобыз аспабы дүние жүзіне кеңінен таралған ыспалы аспаптармен (виола, скрипка, виолончель) арғы тегі бір болғаны даусыз. «Мысалы, скрипка XV ғасырдың аяғында пайда бола бастапты. Ал, оған дейін виол деп аталатын үлкенді-кішілі аспаптар болған. Олар көлемдеріне қарай дискант, альт, тенор, бас, контрабас деп дараланған. Бұл аспаптарды тізенің үстіне қойып немесе қос тізеге қысып отырып тартқан. Виолға дейін де ыспалы аспаптардың бірнеше түрі орта ғасырларда музыканттар сүйіп ойнаған кротт, фидель, ребең, ыспалы лира деп аталған. Бұлардың ойналу әдістері де біздің өзіміздің қобызымызға ұқсайды.

Орта ғасырлық Еуропада кең таралған жаңағы ыспалы аспаптардың көбінің ішектері екеу емес, бірнешеу болған. Олардың ішек санының бірден екіге, екіден төртке, төрттен алтыға көбеюін-өсі, даму, жетілу сатысы деп түсінсек, онда біздің қос ішекті қобыз уақыт жағынан еуропалық ыспалы аспаптардан гөрі тым арғы замандарға дүниеге келген болып шығады. Соған қарамастан, қыл қобыздың бір ерекшелігі, өзінің баяғы қалпын бүгінге дейін сақтап келгендігінде.» (С.Медеубекұлы. Мақала - «Қазақ қобызы жайлы» 2011).

Дегенмен, қобыз сол қалпында қалып қойған жоқ. 1934 жылы Алматыда қазіргі Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрі құрылып, қобыз тұңғыш рет халық аспаптары құрамына енді. Оркестр құрамында ойнауға ел арасынан әуесқой музыканттар шақырылды. Солардың ішінде қобызшылар Ж.Қаламбаев, Д.Мықтыбаевтар да болды.

Міне, осы мезгілден бастап, көне қыл қобыз дамудың жаңа жолына түседі. Осыған байланысты қобыз қайта жабдықталды. Қосымша ішек орнату арқылы диапазоны кеңейіп, дыбысы өңделе бастады, қобыздың түрі жақсарды. Ысқыш осы заманғы скрипканыкімен алмастырылды. Мұның өзі ойнау техникасын жетілдіріп, үн шығару мен ойнау шеберлігінің мүмкіндігін арттырды. Оркестр құралғанан кейін Ә.Романенко және Қ.Қасымов сияқты

музыка аспаптарының шеберлері қобыздың жаңа түрін, оның ішінде үш ішекті прима қобызды жасап шығарды. Осы үш ішекті прима-қобыздың бұрауы квинта интервалына түсіріліп, кіші октаваның соль, 1-ші октаваның ре, ля дыбыстарына бұралатын болды. Қыл қобыздың бұрауы кварта кейде квинта болып келіп, ішектері қылдан жасалатын болса, бұл қобыздардың ішектері қой, ешкі малдарының ащы ішектерінен жасалатын болды. Жылдар өте келе қобыз одан әрі жетілдірілді, төртінші ішек 2-ші октаваның ми дыбысы қосылды. Оның мойны сол қалпында қалдырылды да, шанағы виолдың шанағына жақындастырылды. Яғни қобысы жазықтау жасалып, беті тұтас ағашпен жабылды. Бірақ ойнау тәсілі өзгерген жоқ.

Бұрынғыдай музыканттар шанақты тізесінің үстіне қойып немесе қысып алып, тырнақтың сыртымен ішектің бойын қуалап, дыбыс теру арқылы ойнайды. Бұл жаңа қобыздың өмірге келуіне тікелей атсалысқан – белгілі педагог, шебер Досымжан Тезекбаев болды.

«Қазірде музыкалық өмірімізде пайдаланып жүрген бірнеше қобыз түрі бар. Олардың бірінен-бірінің ерекшелігі ең әуелі тұлғасында, құрылымында, құрылысында, бөлшектерінің орналасуында. Соған байланысты жаңа қобызды ескі қобыздан ажырату үшін көне қобыз «қылқобыз» деп аталды. Сол сияқты одан кейін пайда болған ыспалы аспап «сымқобыз» деген атпен тарады. Қазіргі уақытта ыспалы аспаптардың қобыз тобы былай аталады:

ә) нарқобыз – бір немесе қос қобылы, ширатылған таспа ішекті, ысқышы да таспадан, көлемі қобыздан үлкен; ( таспа – иленген тақыр теріден тілінген жіңішке қайыс).

б) қылқобыз – жетілдірілген, шанағы, мойны, басы, құлағы, қобысы ықшамдалған, ішегі мен ысқышы қылдың тартылған (ішегі екеу). Қобылы. Ағаш және тері қақпақты.

в) сымқобыз – ішегі сымнан үш немесе төрт. Қобылы. Беті ағаш және теріден жабылған.

г) жетілдірілген сым қобыз – қобысыз. Жалпақ, беті ағаштан. Шанағының түрпаты виолға ұқсайды. Төрт сым ішекті.

Бұл аталған ерекшеліктер тек сыртқы сипаты ғана. Әр қобыз дыбыстық бояуымен, оның ауқымымен дараланады. Қорыта келгенде – өзінің эволюциялық даму жолын садақтан және садақ секілді жалғыз ішекті аспаптан (монохордтан) бастаған қобыз өзінің Қорқыт заманындағы болмысынан еш айырылмай, қазіргі жахандану заманында әлем халықтарына өзгеге ұқсамайтын төл дыбысымен рухани азық сыйлап келеді. Бұған әрине, қобылы қобызды көне замандардан үзбей Қорқытқа жеткізген және Қорқыттан дәстүр сабақтастығын бүгінге жалғастырушы қобыз жасаушылар мен қобыз тартушылардың әр замандағы өкілдері Асанқайғы, Қазтуған, Тілеп, Исмаил, Қазыбек, Қойлыбай, Ықылас сияқты аталарымыздың еңбегі өлшеусіз». (С.Медеубекұлы. Мақала – «Қазақ қобызы жайлы». 2011).

Қобыз өнерінің ата-бабаларымыздан жеткен орындаушылық шеберлігін біздің заманымызға жеткізіп, кәсіби жолмен қайта жаңғыруында өлшеусіз із қалдырған атақты қыл қобызшылар Ж.Қаламбаев пен Д.Мықтыбаев болды. Қазіргі уақытта қобыз аспабы халық арасына кең тарады, еліміздің ұлттық музыкасының дамуына үлес қосып келе жатқан қобызшы музыканттар көптеп саналады. Жаңа дәуірде елімізде кең қанат жаюына жол ашқан алғашқы ұстаздар Фатима Балғаева, Гүлнафис Баязитова, Раушан Нұрпейісова, Зере Бисембаева, Досымжан Тезекбаев, Меруерт Каленбаева, Базархан Қосбасаров т.б. Қазақ халқы ХХІ ғасырда өзінің жаңа даму, жаңару сатысын бастан кешуде.

Қазақстан мемлекеті қазіргі кездегі қоғамның барлық салаларының жетістіктеріне үш мыңжылдық тарихы бар ұлттық дәстүріміздің байлығының арқасында жетіп отыр. Соңғы жылдары еліміздің мәдениетіне деген көзқарас ерекше қоғамдық және саяси сипат алды, өнер саласында маңызы зор бағдарламалар жасалып, жүзеге асырыла бастады. Игі істер ұлттық өнеріміздің бай мұраларының жойылмай сақталуына, қазіргі музыка мәдениетіміздің жан-жақты дамуына және болашақ ұрпаққа дарып, жойылмауына үлкен үлес болары белгілі.

Әрбір мемлекеттің рухани-өнегелі, интеллектуалды, экономикалық және мәдениеттілік күш-қуаты, сол елдің білім саласының алдыңғы қатарлы даму жағдайына тікелей байланысты. Білім мен қоғам біртұтас ұғым. Сондықтан қоғамдағы өзгерістер білім саласына әсер етеді, ал білім саласының деңгейі қоғамның дамуына оң және теріс ықпал

ете алады.

Жас өспірімдерді ұлттық өнер қазыналарымен сусындатып, дүниежүзілік классикалық шығармалармен таныстыруда, олардың әсемдік және эстетикалық көзқарасын қалыптастыруда, жан-жақты білімді, мәдениетті тұлға етіп тәрбиелеуде өнердің маңызы ерекше. Кіші сынып жасынан бастап бала дүние танымының әсемдікке әсерлене білуі, көркем дүниелерге тамсануы, сұлулықты сезіне білуі қалыптаса бастайды. Міне, осыған байланысты жеткіншектердің музыкалық тәрбиесінің маңызы арта түсуде.

Жас ұрпаққа білім беру мен тәрбие берудің сапасын көтеруде, оқытудың ғылыми деңгейін жоғарылатуда, оқытудың тәсілдерін жетілдіруде музыка сабағының мұғалімдеріне аса жауапты міндет жүктеледі. Өзіне мамандық таңдау жолында жастарға дұрыс бағыт беріп отыру үлкен ұқыптылықты қажет етеді. Музыкант тәрбиелеу – оңай мамандық емес, ол көп еңбекті қажет етеді. Оқушының табиғи музыкалық қабілетінің болуы – тек істің басы ғана. Әрбір педагог – музыкант төмендегідей нақты міндеттерді басшылыққа алуы тиіс:

- музыка мектебі оқушысын қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді дұрыс түсініп, ой елегінен өткізуге, мұғалімнің сөзіне сенімді көзқараспен қарауға тәрбиелеу;
- оқушының өзіндік санасының қалыптасуы;
- музыкалық шығармаларды сезінуі, орындаушылық белсенділігі;
- музыкалық шығармалардың көркемдік идеясын түсінуі т.с.с.

Жан – жақты да көлемді іс – бала тәрбиесі мен білім беру жұмысына аса жауапкершілікпен қарау, бүгінгі студенттердің басты бағыты болуы тиіс.

Себебі, күні ертең музыка мектептеріндегі педагогикалық қызметке, алдында кездесетін көптеген жұмыстарға педагогикалық қабілет, шеберлік, іскерлікпен еңбек етуге даяр болу керек.





**Меншік иесі** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)

**Редакциялық кеңес:**

**Шер Р.П.**, редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РҚББОӨО директоры

**Гончаров А.С.**, «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

**Мажитов М.К.**, Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

**Ерубаева А.Ж.**, Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

**Оразова Т.Б.**, ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

**Сенгалиев О.Т.**, Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

**Шығарумен жұмыс жасағандар:**

Бас редактор – Атажанова Л.А.

Жауапты редактор – Досжан Г.Ж.

Дизайн – Хұрмет К.Х.

**Редакцияның мекен-жайы:** Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-75-87, e-mail: kosymsha20@bk.ru

**Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.**

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.

**Жазылу индексі** – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-87 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-75-87 или e-mail: kosymsha20@bk.ru